**Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

Республикалық баспасөзде мазмұны жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасының Конституциясы 44-бабының 8) тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама ) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бір ай мерзімде әзірлесін және бекітсін.

3. Бағдарламаға жұмыс істейтін барлық министрліктер, агенттіктер, ведомстволар және облыстардың әкімдері оны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Бағдарламаның орындалуын қамтамасыз етуді бақылау және үйлестіру Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

Қазақстан Республикасы Президентінің
2002 жылғы 5 маусымдағы
N 889 Жарлығымен
бекітілген

## Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы

**Астана, 2002 жыл Паспорт**

| | |
|---|---|
| Атауы | Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы |

Негіз "Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының 2003 жылға арналған негізгі бағыттары туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

Негізгі әзірлеушісі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

Мақсаты Агроөнеркәсіптік кешеннің тиімді жүйесін қалыптастыру және бәсекеге қабілетті өнім өндіру негізінде Қазақстанның азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету Бағдарламаның мақсатына жету үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

Міндеттері елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету; аграрлық бизнестің тиімді жүйесін қалыптастыру; ауыл шаруашылығы өнімін және оны қайта өңдеу өнімдерін ішкі және сыртқы рыноктарда сату көлемін ұлғайту; ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік қолдау шараларын ұтымды ету

Бағдарламаның негізгі басымдықтары Елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің тұрақтылығын арттыру, аграрлық бизнестің тиімді жүйесін қалыптастыру, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және ішкі рынокта да, сыртқы рынокта да сату көлемін ұлғайту, азық-түлік импортының деңгейін төмендету, ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік қолдау шараларын ұтымды ету, аграрлық азық-түлік кешенін мемлекеттік басқаруды оңтайландыру

Қаржыландыру көздері Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты, бюджеттен тыс көздердің қаражаты (заем қаражаты, тікелей инвестициялар

,

гранттар және басқа қаржы институттарының қаражаты)

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін түпкілікті нәтиже — Халықтың тұрмыс деңгейін көтеруді қамтамасыз ететін экономика саласының серпінді өсуіне қол жеткізу

Іске асыру мерзімі — 2003-2005 жылдар

# Кіріспе

Бұрынғы өндірістік қатынастар күйреуінің және жаңасы қалыптасуының әсерінен қатты дағдарыс кезеңін бастан кешірген аграрлық азық-түлік секторы соңғы жылдарда тұрақтанды. Елімізде ЖІӨ-нің көлеміндегі ауыл шаруашылығы өндірісінің үлесі 8,5% деңгейінде анықталды (2000 жылы 8,1%, 2001 жылы 8,7%) * және 1999 жылдан бастап ауыл шаруашылығы жалпы өнім өндірісінің көлемі жыл сайын орта есеппен 13,5 %-ға ұлғаюда. Салада, тұтастай алғанда оңды қаржылық нәтижелер көріне бастады: 2000 жылы 4,3 млрд. теңге сомасында пайда алынды, 2001 жылы 7,8 млрд. теңге сомасында пайда алынады деп күтілуде. Негізінен олар өсімдік өсіруден алынатын пайдаға негізделген. Әзірге мал шаруашылығынан кіріс алу тұрақты емес, 2000 жыл шығынмен аяқталды, 2001 жылы пайда алынады деп күтілуде.

*) 2001 жылғы - жедел деректер.

Сала қазір ашық экономика және тамақ өнімдері мен ауыл шаруашылығы өнімі саудасының әлемдік жүйесі жағдайында оны тиімді дамытуды қамтамасыз етудің жаңа кезеңі алдында тұр.

Бұдан кейінгі экономикалық қайта құрулар қисыны аграрлық бизнестің ұтымды құрылымын қалыптастырумен, агротехнологиялардың деңгейін көтерумен, ауыл шаруашылығы өндірісінің маркетингтік стратегиясына, ішкі рыноктағы импорт алмасуға, жақын және алыс шетелдерге экспортты жандандыруға көшумен байланысты аграрлық саладағы өсудің жаңа сапасына өтуді талап етеді.

Қазақстанның ДСҰ-на қосылуымен байланысты артықшылықтар мен шығындардың жалпы теңгерімін бағалау үлкен проблема болып отыр. Басты міндет - халықаралық саудада құқықтарды шектеуді болдырмау және бұл ретте азық-түліктік қауіпсіздік пен елдің аграрлық секторын тиімді дамыту мүмкіндігін сақтай отырып, тауарлар мен қызметтер көрсетудің әлемдік рынокқа қол жетімділігін нақты жақсартуды қамтамасыз ету.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту нарыққа бағдарланған экономиканың заңдылықтарына сәйкес жүргізілетін болады, сондықтан өндіріс тиімділігінің,

отандық тамақ өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігінің, олардың сапасының халықаралық талаптарға сәйкестігінің көрсеткіштері басым болуы тиіс.

Агроөнеркәсіптік кешеннің жұмыс істеу ерекшелігі, азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету экономиканың басқа салаларына қарағанда, мемлекеттік реттеу және мемлекеттік қолдау үлкен рөл атқаруы тиіс осындай аграрлық азық-түлік саясатын жүргізуді талап етеді.

2005 жылдың соңына қарай елдің аграрлық азық-түлік кешенінде бәсекеге қабілетті өнім өндірудің негізі қаланатын, азық-түліктік қауіпсіздік жүйесінің тұрақтылық тетіктері әзірленетін, өндіру мен сатудың теңдестірілген рыноктары қалыптасатын, экспорт мүмкіндіктері кеңейтілетін болады.

## 1. Аграрлық азық-түлік бағдарламасының мақсаты, міндеттері мен өлшемдері

2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасының негізгі мақсаты агроөнеркәсіптік кешенінің тиімді жүйесін қалыптастыру және бәсекеге қабілетті өнім өндіру негізінде Қазақстанның азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Бағдарламаның мақсатына жету үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

аграрлық бизнестің тиімді жүйесін қалыптастыру;

ауыл шаруашылығы өнімін және оның қайта өңдеу өнімдерін ішкі және сыртқы рыноктарда сату көлемін ұлғайту;

ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік қолдау шараларын ұтымды ету.

Аграрлық азық-түлік бағдарламасының тиімділігін бағалау үшін агроөнеркәсіптік кешеннің сапалық жай-күйін анықтауға мүмкіндік беретін өлшемдер жүйесі пайдаланылатын болады. Ағымдағы жай-күй мен күтілетін нәтижелер мынадай өлшемдер топтары бойынша бағаланатын болады:

1) халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуді және қамтамасыз ету жүйесінің тұрақтылық деңгейін сипаттаушылар:

азық-түліктің нақты және экономикалық қол жетімділік деңгейі;

ішкі тұтыну рыногындағы тамақ өнімдері импортының үлес салмағы;

мемлекеттік материалдық резервтер жүйесінде азық-түлік запастарының болуы (құпия);

ел халқының тұтыну нормаларының стандарттарын қамтамасыз ету үшін тамақ өнімдерін өндірудің қажетті көлемін сипаттайтын шекті мәндер;

тамақ өнімдерінің сапа және қауіпсіздік стандарттарына сәйкестік деңгейі;

2) ауыл шаруашылығы өндірісін және қайта өңдеуді дамытудың тиімділігін сипаттаушылар:

аграрлық бизнес пен қайта өңдеу кәсіпорындары кірістерінің деңгейі;
ғылыми негізделген аграрлық технологиялар мен қайта өңдеу технологияларын қолдану деңгейі;
ішкі азық-түлік рыногындағы негізгі тамақ өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі;

сыртқы сауда айналымының оң сальдосы;
ауыл шаруашылығы өнімін өндірудің көлемі мен өткізу рыноктары сыйымдылығының теңдестірілуі;
халықты жұмыспен қамтудың өсуі;
3) аграрлық азық-түлік кешенін мемлекеттік реттеу деңгейін сипаттаушылар:
заңнамалық базаның агроөнеркәсіптік сектордағы нарықтық өндірістің қажеттіктеріне сәйкестік;
ауыл шаруашылығы мақсатындағы тауарлар мен қызметтер көрсетуге кедендік-тарифтік және салық режимі;
тамақ өнімдеріне баға белгілеуді реттеу деңгейі;
ауыл шаруашылығы өнімі мен тамақ өнімдерін өндіруді мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесі;
ауыл шаруашылығы өнімі мен тамақ өнімдерін өндіруді мемлекеттік қолдау мөлшерлері және тиімділігі.

## 2. Азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Азық-түліктік қауіпсіздік - сыртқы және ішкі жағдайларға қарамастан, тамақтанудың физиологиялық нормаларына сәйкес халықтың тамақ өнімдеріне деген қажеттерін қанағаттандыратын тиісті ресурстармен, әлеуетпен және кепілдіктермен қамтамасыз етілген экономиканың, соның ішінде оның агроөнеркәсіптік кешенінің жай-күйі ("Астық туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 19.01.2001 ж. N 143 -II-ҚРЗ).
Елдің азық-түліктік қауіпсіздігінің ағымдағы жай-күйі:
2.1. Азық-түліктің нақты қол жетімділік деңгейі
Азық-түліктің нақты қол жетімділігі тұтыну нормаларына сәйкес келетін көлемде және түр-түрлерімен, тұтыну орындарында оның үздіксіз болуы ретінде анықталады:
тамақ өнімдеріне нақты қол жетімділік деңгейін бағалау тамақ өнімдерін нақты тұтыну көлемінің тұтыну стандарттарының негізінде есептелген, халықтың қажетті тұтыну көлеміне сәйкестігі ретінде анықталады;
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Тағам институты " ЖАҚ-ы Қазақстанның орташа статистикалық тұрғыны тұтынатын тағам

энергиясының ұсынылатын деңгейіне негізделген тамақ өнімдерін тұтынудың ең төменгі нормаларын әзірледі;

халықтың тамақ өнімдерін тұтынуының тұтыну стандарттарына сәйкестігін талдау (1-кесте) тұтастай алғанда, Қазақстанда тамақ өнімдерін тұтынудың ең төменгі деңгейі қамтамасыз етілетіндігін көрсетеді;

тамақ өнімдерінің жекелеген топтары бөлінісінде елеулі айырмашылықтар бар : егер нан мен нан-тоқаш өнімдері, картоп, көкөніс, ет және ет өнімдері, күнбағыс майы, сүт өнімдері мен қант бойынша тұтыну шекті мәндер деңгейінен жоғары немесе деңгейінде болса, ал жеміс-жидек, жұмыртқа, балық пен балық өнімдері бойынша нақты тұтыну тұтынудың ең төменгі нормаларынан төмен.

**1-кесте**

**Республика халқының азық-түлікті жан басына шаққанда тұтыну стандартына кг/жылмен нақты тұтынуы**

| Азық-түліктің түрі | Нақты тұтыну, кг/жыл | | | Тұтыну стандарты, кг/жыл* | Нақты тұтынудың тұтыну стандартына ара-қатынасы, % | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1990 ж | 1997 ж | 2000 ж | | 1990 ж | 1997 ж | 2000 ж |
| Нан өнімдері | 148 | 200 | 105 | 116,17 | 127,4 | 172,2 | 90,4 |
| Картоп | 86 | 68 | 66 | 62,34 | 138,0 | 109,1 | 105,9 |
| Көкөністер мен бақша дақылдары | 76 | 55 | 85,5 | 55,14 | 137,8 | 99,7 | 155,1 |
| Жеміс-жидектер | 23 | 9 | 15 | 29,19 | 78,8 | 30,8 | 51,4 |
| Ет және өнімдер | 73 | 50 | 44 | 41,6 | 175,5 | 120,2 | 105,8 |
| Сүт және өнімдер | 311 | 196 | 235 | 179,53 | 173,2 | 109,2 | 130,9 |
| Жұмыртқа, дана | 225 | 69 | 102 | 103,4 | 217,6 | 66,7 | 98,6 |
| Балық және өнімдер | 10,3 | 3,5 | 3,5 | 4,38 | 235,2 | 79,9 | 79,9 |
| Қант | 38 | 18,1 | 21 | 15,26 | 249,0 | 118,6 | 137,6 |
| Өсімдік майы | 11,2 | 6,5 | 8,9 | 8,47 | 132,2 | 76,7 | 105,1 |
| Рационның энергетикалық құндылығы, ккал | 3012 | 2367 | 2192 | 2165 | 139,1 | 109,3 | 101,2 |

* "Қазақ тағам академиясы" ЖАҚ әзірлеген және осы Бағдарламаны әзірлеу кезінде пайдалану үшін ұсынылған

Елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің деңгейі көбінесе оның өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ету мүмкіндігіне байланысты (2-кесте).

**2-кесте**

**Ел халқының өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейі**

| Атауы | Тамақ өнімдерін тұтыну стандарттары, кг/жыл | Республика бойынша тамақ өнімдерін тұтынудың шекті деңгейі (* халық х 2-баған), тонна |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Нан өнімдері (қарабидай нанын, күріш пен бұршақ тұқымдастарды қоспай, ұнға есептегенде) | 92,12 | 1 375 969 |
| Бидай ұны | 18,25 | 270 865 |
| Бидай наны | 94,45 | 1 401 817 |
| Макарондар | 4,38 | 65 008 |
| Қарабидай наны | 23,73 | 352 198 |
| Күріш | 8,07 | 119 774 |
| Бұршақ тұқымдастар | 3,72 | 55 212 |
| Картоп | 62,34 | 925 244 |
| Көкөністер және бақша дақылдары, барлығы | 55,14 | 818 382 |
| Капуста | 14,73 | 218 621 |
| Пияз | 14,66 | 217 582 |
| Сәбіз | 11,15 | 165 487 |
| Қызылша | 1,46 | 21 669 |
| Бақша дақылдарын қоса, басқа көкөністер | 13,14 | 195 023 |
| Жеміс-жидектер, барлығы | 27,37 | 406 223 |
| Алмалар | 23,73 | 352 198 |

| | | |
|---|---|---|
| Жидектер (жүзім және т.б.) | 3,70 | 54 915 |
| Шырын жемістілер | 1,83 | 27 161 |
| Қант | 15,26 | 226 487 |
| Ет өнімдері (етке есептегенде) | 41,60 | 617 423 |
| Сиыр еті | 14,60 | 216 692 |
| Шошқа еті | 10,22 | 151 684 |
| Қой еті | 8,03 | 119 180 |
| Құс еті | 5,47 | 81 185 |
| Басқа жануарлардың еті | 2,55 | 37 847 |
| Балық, барлығы | 4,38 | 65 008 |
| Жұмыртқа (мың дана) | 0,1034 | 1 535 |
| Сүт өнімдері (сүтке есептегенде) | 179,53 | 2 664 566 |
| Сүт, л. | 91,24 | 1 354 175 |
| Қаймақ | 2,19 | 32 504 |
| Ақ ірімшік | 2,19 | 32 504 |
| Мәйекті ірімшік | 2,55 | 37 847 |
| Сары май | 2,19 | 32 504 |
| Өсімдік майы | 8,47 | 125 711 |
| Күнбағыс майы, л. | 6,53 | 96 918 |
| Маргарин | 1,75 | 25 973 |
| Майонез | 0,73 | 10 835 |
| Басқалар | | |
| Шай | 0,08 | 1 217 |
| Ашытқы | 0,06 | 816 |
| Дәмдеуіштер | 0,07 | 980 |
| Тұз | 0,37 | 5 492 |

______________________________________________________________________

(таблицаның жалғасы)

______________________________________________________________________

Ауыл шаруашылығы өніміне есеп. ! Ауыл шаруашылығы өнімін ! Қамтамасыз
тегенде, республика бойынша ! нақты өндіру, ! етілуі, %
тамақ өнімдерін тұтынудың шекті ! тонна*** !
деңгейі !
___________________________________! !
өнім ! тонна ! !

______________________________________________________________________

| 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|
| _ _ _ _ _ | | | |
| Бидай, барлығы | 1 859 963 | 9 073 460 | 487,8 |
| Бидай | | 416 715 | |
| Бидай | | 1 341 195 | |
| Бидай | | 102 053 | |
| Қарабидай | 336 967 | 48 340 | 14,3 |
| Күріш | 184 268 | 214 320 | 116,3 |
| Бұршақ тұқымдастар | 78 874 | 25 620 | 32,5 |
| Картоп | 925 244 | 1 692 560 | 182,9 |
| Көкөністер және бақша дақылдары, барлығы | 818 382 | 1 965 200 | 240,1 |
| Капуста | 218 621 | 262 670 | 120,1 |
| Пияз | 217 582 | 256 490 | 117,9 |
| Сәбіз | 165 487 | 163 620 | 98,9 |
| Қызылша | 21 669 | 77 470 | 357,5 |
| Бақша дақылдарын қоса, басқа көкөністер | 195 023 | 1 204 950 | 617,9 |
| Жеміс-жидектер, барлығы | 406 223 | 201 750 | 49,7 |
| Алмалар | 352 198 | 154 840 | 44,0 |
| Жидектер (жүзім және т.б.) | 54 915 | 133 090 | 242,4 |
| Шырын жемістілер | - | - | - |
| Қант қызылшасы* | 1 887 395 | 272 680 | 14,4 |
| Ет, барлығы | 617 423 | 622 600 | 101,0 |
| Сиыр еті | 216 692 | 306 300 | 141,4 |
| Шошқа еті | 151 684 | 133 400 | 87,9 |
| Қой еті | 119 180 | 91 200 | 76,5 |
| Құс еті | 81 185 | 33 300 | 41,0 |
| Басқа жануарлардың еті | 37 847 | 58 400 | 154,3 |
| Балық, барлығы | 92 868 | **40 000 | 43,1 |
| Жұмыртқа | 1 535 | 1 692 | 110,3 |
| Сүт, барлығы | 2 664 566 | 3 730 200 | 140,0 |
| Сүт, л. | 1 354 175 | 3 730 200 | 275,5 |
| Қаймақ | 32 504 | 40 273 | 123,9 |
| Ақ ірімшік | 32 504 | 3461 | 10,6 |
| Мәйекті ірімшік | 37 847 | 4141 | 10,9 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Сары май | 32 504 | 3 351 | 10,3 |
| Майлы дақылдар | 628 554 | 140 150 | 22,3 |
| Күнбағыс майы | 484 588 | 104 630 | 21,6 |
| Маргарин | 25 973 | 10449 | 40,2 |
| Майонез | 10 835 | 6370 | 58,8 |
| Ш а й | - | - | - |
| Ашытқы | 816 | 4914 | 602,0 |
| Дәмдеуіштер | - | - | - |
| Тұз | 21 669 | 11 341 | 52,3 |

* 2001 жылғы 1 қаңтарда халық саны 14841,9 мың адам болды

** жедел деректер

*** ішкі өндірістік тұтынуды есепке алмағанда

Тұтыну стандарттарына сәйкес республика халқының тамақ өнімдерімен қамтамасыз етілуін талдау, тұтастай алғанда республика тамақ өнімдерінің негізгі түрлерімен өзін-өзі қамтамасыз етіп отырғанын көрсетеді:

бидай, күріш, картоп, көкөніс, жидек, ет, сүт, жұмыртқа бойынша қамтамасыз етілу шекті мәннен жоғары;

қара бидай, бұршақ тұқымдас, алма, қант, құс еті, балық, майлы дақылдар мен күнбағыс бойынша нақты өндіріс тұтынудың стандарттық нормаларынан төмен.

## 2.2. Экономикалық қол жетімділік деңгейі

Азық-түлікке экономикалық қол жетімділік ең төменгі тұтыну себетіне енгізілген көлемде баға мен кірістің қалыптасқан деңгейі жағдайында халықтың азық-түлік тауарларын сатып алу мүмкіндігі ретінде анықталады.

**3-кесте**

**Халықтың кірістері деңгейі**

| | 1999 ж. | 2000 ж. | 2001 ж. |
|---|---|---|---|
| 1 Халықтың ақшалай кірісі (бір айда орташа жан басына шаққанда) теңге | 5539 | 6499 | 7316 |
| 2 Күнкөріс деңгейінің шамасы (бір айда орташа жан басына шаққанда) теңге | 3394 | 4007 | 4596 |
| 3 Экономикалық қол жетімділік коэффициенті (1-жол : 2-жолға) | 1,63 | 1,62 | 1,59 |

---------------------------------------------------------------------

2001 жылы жан басына шаққанда орташа номиналдық ақшалай кіріс республика бойынша бір айда орта есеппен 7316 теңге болды, бұл елімізде айына орташа есеппен 4596 теңге көлемінде қалыптасқан ең төменгі күнкөріс деңгейін қамтамасыз етеді.

Алайда халықтың топтары мен республиканың аймақтары бойынша кіріс деңгейінің елеулі саралануы байқалады. 2001 жылы республика бойынша тұтастай алғанда кірісі ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз халықтың үлесі 28,4 пайыз болды, оның үстіне осы халықтың үлесі қалада 20,4 %, ал ауылда 38,0 %. Кірісі ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз халықтың үлесі Атырау облысында - 40,9%, Жамбыл облысында - 48,4%, Оңтүстік Қазақстан облысында - 38,4%, Қызылорда облысында - 38,5%, Алматы облысында - 39,3%, Маңғыстау облысында - 46,2%.

Кірісі азық-түлік себетінің құнынан аз халықтың үлесі республика бойынша орташа есеппен 11,3% болды, оның ішінде қалада 7,15%, ауылда 16,3%, олардан Маңғыстау облысында, ауылда - 83,5 %, Атырау облысында - тиісінше - 24,9%, Ақтөбе облысында - 22,9%, Қостанай облысында - 22,8%.

## 2.3. Ішкі тұтыну рыногындағы тамақ өнімдері импортының үлес салмағы

ФАО бағалауы бойынша азық-түлік импортының қауіпсіз деңгейі, тұтастай алғанда тұтыну деңгейінің 17%-нан аспауы тиіс.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін тұтынудағы импорттың үлесі болмашы.

**4-кесте**

**Негізгі тамақ өнімдерін тұтынудағы импортының үлесі, %**

| Өнімдердің атауы | 1995 ж | 1996 ж | 1997 ж | 1998 ж | 1999 ж | 2000 ж |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Нан өнімдері (нан және макарон тағамдары, жарма) | 1,0 | 0,7 | 0,7 | 3,8 | 3,4 | 3,4 |
| Картоп | 0,3 | 1,9 | 0,7 | 1,5 | 2,8 | 4,1 |
| Көкөністер мен бақша дақылдары | 4,1 | - | 1,8 | 1,9 | 3,2 | 1,8 |
| Ет және ет өнімдері | 0,96 | 2,3 | 6,4 | 6,9 | 3,9 | 5,1 |
| Сүт және сүт өнімдері | 2,4 | 3,2 | 5,3 | 6,2 | 5,6 | 9,2 |
| Жұмыртқа (дана) | 0,8 | 2,7 | 1,7 | 3,5 | 5,4 | 10,5 |
| Балық және балық өнімдері | 18,8 | - | 31,4 | 30,6 | 57 | 82,9 |

Сондай-ақ түбегейлі өңделген ет, сүт өнімдері, май және мал майлары мен өсімдік майлары, кондитер тағамдарының тұтыну рыногындағы импорттық үлесі соншалықты төмен емес (40%-дан 60%-ға дейін) және ішкі рыноктың тауар импортына аса тәуелді екендігін сипаттайды (5-кесте).

**Тамақ өнімдерін өндіру және олардың импорты (мың тонна)**

**5-кесте**

| Көрсеткіштер | 1995 | | | | 1997 | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | барлығы | оның ішінде өндіріс | оның ішінде импорт | Импорт үлесі, % | барлығы | оның ішінде өндіріс | оның ішінде импорт | Импорт үлесі, % |
| Бидай ұны және қоспа ұны | 1577 | 1575 | 1,9 | 0,1 | 1531 | 1528 | 2,9 | 0,2 |
| Май және өсімдік майлары | 58 | 44 | 14,4 | 25 | 62 | 28,8 | 33,2 | 54 |
| Қант** | 317 | 113 | 204,5 | 65 | 378 | 147,9 | 229,6 | 61 |
| Шұжық тағамдары | 35 | 35 | 0,4 | 1 | 23 | 16 | 6,6 | 29 |
| Ет консервілері | | | 1,5 | | | | | 3,8 |
| Өңделген сұйық сүт және кілегей (сүтке есептелген қаймағы алынбаған сүт өнімдері) сүтке есептелген импорт жоқ | 280 | 279 | 0,5 | 0,2 | 204 | 203 | 1,4 | 1 |
| Сары май | 34 | 30 | 3,6 | 11 | 12 | 7 | 5,0 | 42 |
| Сары ірімшік және ақ ірімшік | 12 | 12 | 0,3 | 2 | 7 | 6 | 0,6 | 9 |
| Маргарин өнімі | 6 | 3 | 2,7 | 47 | 13 | 6 | 6,7 | 53 |
| Құрамында какао бар және құрамында какао жоқ кондитер | 43 | 29 | 14,4 | 33 | 68 | 49 | 19,3 | 28 |

өнімдері

(таблицаның жалғасы)

| Көрсеткіштер | 2000 барлығы | 2000 оның ішінде өндіріс | 2000 оның ішінде импорт | 2000 Импорт үлесі, % | 2001 барлығы | 2001 оның ішінде өндіріс *) | 2001 оның ішінде импорт | 2001 Импорт үлесі, % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бидай ұны және қоспа ұны | 1743 | 1740,8 | 1,9 | 0,1 | 1029,6 | 1028,0 | 1,6 | 0,2 |
| Май және өсімдік майлары | 132 | 55,2 | 76,8 | 58,2 | 175,2 | 74,1 | 101,1 | 58 |
| Қант** | 604 | 279,7 | 324,2 | 53,7 | 681,8 | 345,5 | 336,3 | 49 |
| Шұжық тағамдары | 20 | 12 | 7,7 | 39,1 | 18,0 | 9,0 | 9,0 | 50 |
| Ет консервілері | 3,2 | 0,5 | 2,7 | 84,4 | 3,4 | 0,2 | 3,2 | 94 |
| Өңделген сұйық сүт және кілегей (сүтке есептелген қаймағы алынбаған сүт өнімдері) сүтке есептелген импорт жоқ | 115 | 109,6 | 5,8 | 5,0 | 53,2 | 47,9 | 5,3 | 10 |
| Сары май | 12 | 4,4 | 7,6 | 63,3 | 11,0 | 3,9 | 7,1 | 65 |
| Сары ірімшік және ақ ірімшік | 6 | 4,6 | 1,5 | 24,6 | 7,1 | 5,5 | 1,6 | 23 |
| Маргарин өнімі | 23 | 10,4 | 12,9 | 55,4 | 26,9 | 16,9 | 10,0 | 37 |
| Құрамында какао бар және құрамында какао жоқ кондитер өнімдері | 65 | 28,3 | 36,3 | 56,2 | 72,1 | 32,7 | 39,4 | 55 |

_ _ _ _ _ _

* 2001 жылға жедел деректер келтірілді

** қант өндіру импорттық шикізатты қайта өңдеу есепке алынып көрсетілді

**1-диаграмма**

2001 жылы Қазақстан Республикасынан шыққан экспорттың үлесі (қағаз мәтіннен қараңыз)

2001 жылы Қазақстан Республикасынан келген импорттың үлесі (қағаз мәтіннен қараңыз)

Экспорт-импорт сальдосы (мың АҚШ долл.) (қағаз мәтіннен қараңыз)

Тамақ өнімдері экспорт-импортын талдау астық дақылдары мен ұн-жарма өнеркәсібі өнімінің позициялары бойынша тұтастай алғанда, үлкен экспорттың есебінен оң теңгерімді көрсетіп отыр. Алайда, тереңдеп қайта өңделген барлық басқа тамақ өнімдері, өсімдік майы мен құс еті бойынша сыртқы сауданың сальдосы теріс.

Импорт ағынын талдау Қазақстанға негізгі азық-түлік импорттаушы Ресей екендігін көрсетіп отыр - оның үлесі импорттың жалпы көлемінің 42 %-ы. Ол шұжық тағамдарының, ет және ет-өсімдік консервілерінің, печеньенің, кондитер тағамдары мен пирожныйдың, наубайхана ашытқысының, какао мен қанттан жасалатын кондитер тағамдарының, қоюлатылған және құнарландырылған сүттің, кетчуптің, майонездің, балмұздақтың, сыраның, күнбағыс майының, сары майдың 100 %-нан 70%-на дейін қамтамасыз етеді.

Көлемі жағынан екінші импорттаушы АҚШ болып табылады - оның үлесі 3,8%. Сыртқы сауда айналымының теріс сальдосы қалыптасып, бұл елден импортталатын өнімнің көлемі экспорт көлемінен 2 еседен астам болып отыр. Іс жүзінде, өнімнің бір түрі - құс еті импортталады, оның бағасы отандық өнімге қарағанда 1,5-нан - 3 есеге дейін арзан.

Ресей, Украина және Германия сияқты ірі импорттаушылармен сыртқы сауда айналымының теріс сальдосы қалыптасты. Германиядан әкелінетін импорттың үлесі: мия, маргарин өнімі, ашытылған сүт өнімі, қаймақ сияқты тауарлар бойынша елеулі. Украинадан үлкен көлемде күнбағыс майы, сары май, какао мен қанттан жасалатын кондитер тағамдары импортталады.

## 2.4. Тамақ өнімдерінің сапа және қауіпсіздік стандарттарына сәйкестік деңгейі

Азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі тұрақтылығының көрсеткіші тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігінің деңгейі болып табылады . Қазіргі кезде отандық ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және оны қайта өңдеу

халықаралық, көбінесе тіпті ұлттық сапа стандарттарына да сай келмейді.

Республикалық СЭС деректері бойынша 2000 жылы жарамсыз деп танылған өнімнің негізгі үлесі (40%-дан 80%-ға дейін) отандық тауар өндірушілер өндірген өнім болып отыр. Сапасыз өнімнің жоғары пайызы ет және ет өнімдері бойынша байқалды, жарамсыз деп танылған 14,7% өнімнің 82%-ын отандық өндіріс, сүт және сүт тағамдары бойынша 14,5%-дың 79%-ын, өсімдік майы бойынша 21,4%-дың 67%-ын, қант бойынша 8,9-дың 36%-ын отандық өнім құрайды. Ұн, нан, жарма, көкөніс және сусындар бойынша да жағдай осындай. Бұл да тұтыну рыногының импортқа тәуелділігін ұлғайта түседі.

Ауыл шаруашылығы өнімдері мен тамақ өнімдерін өндіру, негізінен кеңес дәуіріндегі МЕМСТ-тар бойынша жүзеге асырылып келеді, ал бұл отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

## 2.5. Мемлекеттік ресурстар мен резервтер (құпия)

## 2.6. Жалпы тұжырымдар

Халықтың тамақ өнімдерімен жалпы қамтамасыз етілгендігін және бұл жүйенің тұрақтылығын сипаттай келіп, мынадай қорытындылар жасауға болады:

азық-түлік рыногы, тұтастай алғанда, негізгі тамақ өнімдерін тұтынудың, ұлттық стандартын қамтамасыз етіп отыр;

қатер төнген жағдайда негізгі тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету жүйесі қалыптастырылды;

тамақ өнімдеріне халықтың экономикалық қол жетімділігі, тұтастай алғанда халықтың кірістері деңгейімен қамтамасыз етілгенмен, әлеуметтік топтар мен аумақтар бойынша біркелкі емес;

азық-түлік импорты көлемінің өсуіне, оның сапа стандарттарына сәйкессіздігіне қарай азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі тұрақты емес.

Шаралар:

жан басына шаққанда, сондай-ақ жынысы мен жасына қарай жекелеген топтарға орташа есептелген тамақ өнімінің бүкіл қажетті номенклатурасы бойынша тұтынудың ұлттық стандарттарын бекіту;

халықтың кедейлік жағдайын жеңілдету үшін мыналар негізгі басымдықтар болуға тиіс: олардың даму деңгейін теңестіруге бағытталған аймақтық саясат жүргізу, экономика салаларының, оның ішінде ауыл шаруашылығының одан әрі экономикалық өсуін қамтамасыз ету, кедей халықтың (әсіресе ауылда) еңбек әлеуетін іске асыру үшін мемлекеттің жағдай жасауы, халықтың әлеуметтік осал

топтарына әлеуметтік көмек көрсетудің атаулылығын күшейту;

облыс әкімдері тұтынудың ұлттық стандарттарына негізделіп есептелген ең төменгі тұтыну себетінің мониторингін жүргізуі қажет;

тамақтануға экономикалық қол жеткізу үшін халықтың барлық топтары кірістерінің деңгейін тұтынудың ұлттық стандарттары негізінде есептелген тұтыну себеттерінің ең төменгі құнымен теңдестіруді қамтамасыз ету;

тамақ өнімдерінің сапасын бақылау жүйесін әзірлеу және оны халықаралық стандарттарға көшіру;

азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мониторингін жүзеге асыру;

индикативтік жоспарды әзірлеу кезінде азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізін құрайтын ауыл шаруашылығы өнімінің және оны қайта өңдеудің әрбір түрі бойынша өндірістің көрсеткіштерін есепке алу;

мемлекеттік азық-түлік запастарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану жүйесін оңтайландыру;

материалдық резервтерді мемлекеттік сатып алу мен сақтаудың уақтылы бюджеттік қаржыландырылуын қамтамасыз ету;

отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және орынды қолдаудың мемлекеттік саясатын жүргізу негізінде ішкі азық-түлік рыногының импортқа тәуелділігін төмендету жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

негізгі тамақ өнімдерінің ішкі өндірісінің көлемін тұтыну стандарттарына сәйкес шекті мәннен кем болмайтындай етіп қамтамасыз ету (6-кесте).

**6-кесте**

**Тамақ өнімдерін тұтынудың ұлттық стандарттарына сәйкес азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қажетті шекті деңгейі**

| Атауы | Тамақ өнімдерін тұтынудың стандарт-тары, кг/жыл | Республика бойынша тамақ өнімдерін тұтынудың шекті деңгейі (халық х 2-баған), тонна: 2003 жыл халық 14936,7 мың адам | 2004 жыл халық 15010,5 мың адам | 2005 жыл халық 15073,1 мың адам |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Нан өнімдері (қарабидай нанын, күріш пен бұршақ | 92,12 | 1 375 969 | 1 382 767 | 1 388 534 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| тұқымдастарды қоспай, ұнға есептегенде) | | | | |
| Бидай ұны | 18,25 | 272 595 | 273 942 | 275 084 |
| Бидай наны | 94,45 | 1 410 771 | 1 417 742 | 1 423 654 |
| Макарондар | 4,38 | 65 423 | 65 746 | 66 020 |
| Қарабидай наны | 23,73 | 354 448 | 356 199 | 357 685 |
| Күріш | 8,07 | 120 539 | 121 135 | 121 640 |
| Бұршақ тұқымдастар | 3,72 | 55 565 | 55 839 | 56 072 |
| Картоп | 62,34 | 931 154 | 935 755 | 939 657 |
| Көкөністер мен бақша дақылдары, барлығы | 55,14 | 823 610 | 827 679 | 831 131 |
| Капуста | 14,73 | 220 018 | 221 105 | 222 027 |
| Пияз | 14,66 | 218 972 | 220 054 | 220 972 |
| Сәбіз | 11,15 | 166 544 | 167 367 | 168 065 |
| Қызылша | 1,46 | 21 808 | 21 915 | 22 007 |
| Басқа көкөністер, бақша дақылдарын қоса | 13,14 | 196 268 | 197 238 | 198 061 |
| Жеміс-жидектер, барлығы | 27,37 | 408 817 | 410 837 | 412 551 |
| Алма | 23,73 | 354 448 | 356 199 | 357 685 |
| Жидектер (жүзім және т.б.) | 3,70 | 55 266 | 55 539 | 55 770 |
| Шырын жемістілер | 1,83 | 27 334 | 27 469 | 27 584 |
| Қант | 15,26 | 227 934 | 229 060 | 230 016 |
| Ет өнімдері (етке есептегенде) | 41,60 | 621 367 | 624 437 | 627 041 |
| Сиыр еті | 14,60 | 218 076 | 219 153 | 220 067 |
| Шошқа еті | 10,22 | 152 653 | 153 407 | 154 047 |
| Қой еті | 8,03 | 119 942 | 120 534 | 121 037 |
| Құс еті | 5,47 | 81 704 | 82 107 | 82 450 |
| Басқа жануарлар еті | 2,55 | 38 089 | 38 277 | 38 436 |
| Балық, барлығы | 4,38 | 65 423 | 65 746 | 66 020 |
| Жұмыртқа (мың дана) | 0,1034 | 1 544 | 1 552 | 1 559 |
| Сүт өнімдері (сүтке | 179,53 | 2 681 586 | 2 694 835 | 2 706 074 |

е с е п т е г е н д е )

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сүт, л. | 91,24 | 1 362 825 | 1 369 558 | 1 375 270 |
| Қаймақ | 2,19 | 32 711 | 32 873 | 33 010 |
| Ақ ірімшік | 2,19 | 32 711 | 32 873 | 33 010 |
| Сары ірімшік | 2,55 | 38 089 | 38 277 | 38 436 |
| Сары май | 2,19 | 32 711 | 32 873 | 33 010 |
| Өсімдік майы | 8,47 | 126 514 | 127 139 | 127 669 |
| Күнбағыс майы, л. | 6,53 | 97 537 | 98 019 | 98 427 |
| Маргарин | 1,75 | 26 139 | 26 268 | 26 378 |
| Майонез | 0,73 | 10 904 | 10 958 | 11 003 |
| Б а с қ а л а р | | 0 | 0 | 0 |
| Шай | 0,08 | 1 225 | 1 231 | 1 236 |
| Ашытқы | 0,06 | 822 | 826 | 829 |
| Дәмдеуіштер | 0,07 | 986 | 991 | 995 |
| Тұз | 0,37 | 5 527 | 5 554 | 5 577 |

(т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы)

Ауыл шаруашылығы өніміне есептегенде республика бойынша тамақ өнімдерін тұтынудың шекті деңгейі

| өнім | 2003 жыл | 2004 жыл | 2005 жыл |
|---|---|---|---|
| 6 | 7 | 8 | 9 |
| Бидай, барлығы | 1 871 843 | 1 904 936 | 1 912 881 |
| Бидай | 419 377 | 421 449 | 423 206 |
| Бидай | 1 349 762 | 1 417 742 | 1 423 654 |
| Бидай | 102 704 | 65 746 | 66 020 |
| Қарабидай | 340 815 | 356 199 | 357 685 |
| Күріш | 185 445 | 186 361 | 187 138 |
| Бұршақ тұқымдастар | 79 379 | 79 770 | 80 103 |
| Картоп | 931 154 | 935 755 | 939 657 |
| Көкөністер мен | 823 610 | 827 679 | 831 131 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| бақша дақылдары, барлығы | | | |
| Капуста | 220 018 | 221 105 | 222 027 |
| Пияз | 218 972 | 220 054 | 220 972 |
| Сәбіз | 166 544 | 167 367 | 168 065 |
| Қызылша | 21 808 | 21 915 | 22 007 |
| Басқа көкөністер, бақша дақылдарын қоса | 196 268 | 197 238 | 198 061 |
| Жеміс-жидектер, барлығы | 408 817 | 410 837 | 412 551 |
| Алма | 354 448 | 356 199 | 357 685 |
| Жидектер (жүзім және т.б.) | 55 266 | 55 539 | 55 770 |
| | | 27 469 | 27 584 |
| Қант қызылшасы* | 1 899 450 | 1 908 835 | 1 916 796 |
| Ет, барлығы | 621 367 | 624 437 | 627 041 |
| Сиыр еті | 218 076 | 219 153 | 220 067 |
| Шошқа еті | 152 653 | 153 407 | 154 047 |
| Қой еті | 119 942 | 120 534 | 121 037 |
| Құс еті | 81 704 | 82 107 | 82 450 |
| Басқа жануарлар еті | 38 089 | 38 277 | 38 436 |
| Жұмыртқа (мың дана) | 1 544 | 1 552 | 1 559 |
| Сүт, барлығы | 2 681 586 | 2 694 835 | 2 706 074 |
| Сүт, л. | 1 362 825 | 1 369 558 | 1 375 270 |
| Қаймақ | 32 711 | 32 873 | 33 010 |
| Ақ ірімшік | 32 711 | 32 873 | 33 010 |
| Сары ірімшік | 38 089 | 38 277 | 38 436 |
| Сары май | 32 711 | 32 873 | 33 010 |
| Майлы дақылдар | 632 569 | 635 695 | 638 346 |
| Күнбағыс | 487 683 | 490 093 | 492 137 |
| Маргарин | 26 139 | 26 268 | 26 378 |
| Майонез | 10 904 | 10 958 | 11 003 |

* қант құрағымен ауыстырылуы мүмкін

## 3. Аграрлық бизнестің тиімді жүйесін қалыптастыру

## 3.1. Жер қатынастарын дамыту

А ғ ы м д а ғ ы ж а й - к ү й :

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын реформалаудың нәтижесінде, өнімі аз және сортаң жерлердің ауыл шаруашылығы айналымынан шығарылуына байланысты ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 1991 жылғымен салыстырғанда 127,5 млн. гектарға немесе 2 еседен астам кеміді, сонымен бірге егістік жер 13,3 млн. гектарға (2,7 есе) азайды.

**7-кесте**

| Облыстар | 1991 ж. | | 1995 ж. | | 2000 ж. | | 2001 ж. | | 1991 жылғына қарағанда 2001 ж. өзгеріс (+, -) | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | бар. лығы | о.і. егіс. тік жер | бар. лығы | о.і. егіс. тік жер | бар. лығы | о.і. егіс. тік жер | бар. лығы | о.і. егіс. тік жер | бар. лығы | о.і. егіс. тік жер |
| Ақмола | 13,6 | 6,4 | 12,6 | 6,2 | 8,9 | 4,5 | 9,0 | 4,9 | -4,6 | -1,5 |
| Ақтөбе | 23,0 | 2,1 | 20,4 | 1,6 | 7,9 | 0,7 | 7,5 | 0,8 | -15,5 | -1,3 |
| Алматы | 15,9 | 1,7 | 14,2 | 1,5 | 8,5 | 1,1 | 8,2 | 1,1 | -7,7 | -0,6 |
| Шығыс Қазақстан | 8,9 | 2,7 | 8,5 | 1,8 | 2,6 | 0,9 | 2,6 | 0,9 | -6,3 | -1,8 |
| Атырау | 22,2 | 0,03 | 18,6 | 0,01 | 4,5 | 0,002 | 4,5 | 0,001 | -17,7 | -0,03 |
| Жамбыл | 11,5 | 1,02 | 10,8 | 0,9 | 7,9 | 0,9 | 7,4 | 0,8 | -4,1 | -0,2 |
| Батыс Қазақстан | 12,9 | 2,01 | 11,5 | 1,8 | 5,0 | 0,4 | 4,5 | 0,6 | -8,4 | -1,41 |
| Қарағанды | 28,4 | 2,3 | 22,1 | 2,02 | 11,9 | 1,06 | 10,7 | 1,1 | -17,7 | -1,2 |
| Қызылорда | 18,9 | 0,3 | 17,5 | 0,2 | 6,9 | 0,1 | 5,7 | 0,1 | -13,2 | -0,2 |
| Қостанай | 18,1 | 6,7 | 17,2 | 6,5 | 7,9 | 5,6 | 7,6 | 5,6 | -10,5 | -1,1 |
| Маңғыстау | 13,9 | 0 | 12,2 | 0 | 8,3 | 0 | 8,3 | 0 | -5,6 | 0 |
| Павлодар | 10,6 | 3,5 | 9,6 | 3,03 | 2,7 | 1,3 | 2,5 | 1,2 | -8,1 | -2,2 |
| Солтүстік Қазақстан | 9,0 | 5,5 | 7,8 | 5,3 | 6,1 | 4,1 | 6,1 | 4,2 | -2,9 | -1,3 |
| Оңтүстік | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қазақстан | 11,5 | 1,2 | 11,8 | 1,03 | 4,0 | 0,8 | 6,3 | 0,8 | -5,2 | -0,4 |
| Барлығы | 218,4 | 35,5 | 194,8 | 31,9 | 93,1 | 21,5 | 90,9 | 22,2 | -127,5 | -13,3 |

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің серпіні, млн. га (қағаз мәтіннен қараңыз)

Қазақстан Республикасының "Жер туралы" 2001 жылғы 24 қаңтардағы N 152-II Заңға сәйкес мемлекеттік емес ауыл шаруашылығы жер пайдаланушыларының жерді тұрақты пайдалану құқығы жойылды және 49 жылға дейін мерзімге жалға алу шартымен уақытша ұзақ мерзімді жерді пайдалану институты енгізілді (1-схема).

(қағаз мәтіннен қараңыз)

Проблемалар:

2003 жылғы 1 қаңтардан бастап уақытша ұзақ мерзімді жерді пайдаланудың енгізілуі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің бір бөлігінің жағдайына теріс әсерін тигізеді;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жеке меншіктің болмауы аграрлық секторда кепіл қатынастарының дамуын және күрделі қаржыны ұлғайтуды тежейтін факторлардың бірі болып табылады;

тұрақты жер қатынастарының болмауы ірі және орта тауарлы ауыл шаруашылығы құралымдарын дамытуға ынталандырмайды;

топырақтың сапасын анықтайтын қазіргі заманғы материалдардың болмауы (топырақтың сапасын анықтау жөніндегі соңғы толық көлемді жұмыс 1986-1987 жылдарда жүргізілген) нақты бағалауға және жер салығының көлемін саралауға мүмкіндік бермейді;

топырақтың құнарлылығын арттыруға ынталандырудың, сондай-ақ топырақ құнарлылығының жай-күйін пәрменді қадағалаудың экономикалық тетігінің болмауы жер пайдаланушылардың жерді пайдалану жөніндегі жауапкершілігін төмендетеді.

Шаралар:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншікті енгізу жөніндегі заңнамалық акт қабылдау;

ауыл шаруашылығы жерлерінің құнарлылығын сақтау және арттыру мақсатында жерді тиімді пайдаланбағаны үшін жауапкершілікті күшейту;

жерді бөлудің қолданылып жүрген заңнамаға сәйкестігіне тексеріс жүргізу.

жер телімдерінің бағалау құнын анықтаудың әдістемесін жетілдіру - барлық аймақтарда бонитетті бағалаудың 4 турын өткізу, ел экономикасының жай-күйін ескере отырып, топырақтың типтері мен ішкі типтерін капиталға айналдыру ставкасын саралау;

жерді кепілге беру арқылы кредит берудің ипотекалық нысанын және кредит тетігі арқылы жер пайдалану құқығын пайдалана отырып аграрлық секторда қаржы-кредит қатынастарын жетілдіру.

Күтілетін нәтижелер:

Жерді нарықтық айналымға енгізу, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің кредит ресурстарына қол жеткізуін ұлғайту, жердің пайдаланылуын жақсарту, салық салудың арнайы режимін сақтау.

## 3.2. Ауыл шаруашылығында су пайдаланудың тиімді жүйесін қалыптастыру

Суармалы жерлердің жай-күйі:

суармалы жер қоры 2364,8 мың га құрап, бұл жерлер ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің 30%-ынан астамын өндіруді қамтамасыз етеді;

1991 жылы ауыл шаруашылығы өндірісінде 2284 мың га суармалы жер пайдаланылды, ал 2001 жылы нақты 1317,8 мың гектар жер суарылды, қалған 1047 мың га сортаң жерлердің айналымынан шығарылуына, суару жүйелерінің ақауларына, судың болмауына немесе жетіспеуіне, топырақты суландыру жағдайларының, ұйымдастыру іс-шараларының нашарлауына, ең алдымен, қаржылық және материалдық-техникалық ресурстардың болмауына байланысты пайдаланылмады (8-кесте).

**Қолда бар суармалы жерлер және олардың жай-күйі**

**8-кесте** ___________________________________

______________________________________________

!Қолда ! Оның ішінде суарыла. ! Пайдаланылмайтын суармалы
Облыстар !бар ! тыны ! жерлер
!суар. !______________________!___________________________________
!малы !Барлы.! оның ішінде !Бар. ! оның ішінде мынадай
!жер, !ғы !________________!лығы ! себептермен
!бар. ! !тұқым !тұқым ! !___________________________
!лығы ! !себіл. !себіл. ! !суару !судың !топы.!қаржы.
! ! !ген !мейтін ! !жүйе. !жоқты.!рақты!ның
! ! ! ! ! !лері !ғы !су. !жоқты.
! ! ! ! ! !ақаулы! !лан. !ғы
! ! ! ! ! ! ! !дыру !
! ! ! ! ! ! ! !жағ. !
! ! ! ! ! ! ! !дай. !
! ! ! ! ! ! ! !лары.!

|  |  |  |  |  |  |  |  | !ның ! |  |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
|  |  |  |  |  |  |  |  | !нашар! |  |
|  |  |  |  |  |  |  |  | !лауы ! |  |
| Ақмола | 46,5 | 4,4 | 4,4 |  | 42,1 | 36,4 | 2,0 |  | 3,7 |
| Актөбе | 48,8 | 8,2 | 8,2 |  | 40,6 | 26,3 |  | 4,1 | 10,2 |
| Алматы | 648,3 | 544,8 | 445,0 | 99,8 | 103,5 | 38,2 |  |  | 65,3 |
| Атырау | 4,6 | 4,5 | 3,7 | 0,8 | 0,1 |  |  |  | 0,1 |
| Шығ.-Қазақ. с т а н | 219,1 | 54,5 | 54,5 |  | 164,6 | 66,5 |  | 30,7 | 67,4 |
| Жамбыл | 284,7 | 239 | 216,2 | 22,8 | 45,7 | 30,7 |  | 13,0 | 2,0 |
| Б-Қазақстан | 11,1 | 11,1 | 11,1 |  |  |  |  |  | 1,0 |
| Қарағанды | 87,7 | 3,8 | 3,8 |  | 85,4 | 65,2 |  | 14,2 | 6,0 |
| Қызылорда | 277,7 | 173,7 | 141 | 32,7 | 104,0 | 58,5 |  | 17,2 | 28,3 |
| Қостанай | 145,9 | 6,3 | 6,3 |  | 139,6 | 10,0 | 82,9 |  | 46,6 |
| Маңғыстау | 1,3 | 0,2 |  |  |  | 0,2 |  | 1,1 | 1,1 |
| Павлодар | 12,9 | 4,6 | 4,6 |  |  |  |  | 8,3 | 8,3 |
| С о л т . - Қазақстан | 17,7 | 0,3 | 0,3 |  | 17,3 | 12,7 |  |  | 4,6 |
| Оңт.- Қ а з а қ с т а н | 558,6 | 471,9 | 418,7 | 53,6 | 86,7 | 30,2 | 14,6 | 29,0 | 12,9 |
| Барлығы | 2364,8 | 1525,8 | 1317,8 | 208,0 | 839,0 | 384,1 | 134,2 | 173,6 | 147,0 |

Ауыл шаруашылығында су пайдалану проблемалары:

ауыл шаруашылығында су пайдалануды, жер суландыру құрылыстарына меншік қатынасын реттейтін заңнамалық базаның жоқтығы;

суды жеткізіп беру жөнінде көрсетілетін қызметтердің құны қымбат болғандықтан республиканың оңтүстік облыстарындағы шаруашылықтарда 408 млн. теңге көлемінде дебиторлық берешек қалыптасты, бұл ауыл шаруашылығында су пайдаланушыларға қызмет көрсететін шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметінің залалды болуына себепші болады;

жер суландыру құрылыстарының әбден тозығы жетуінің салдарынан жер суландыру жүйелерінің ПӘК-і нормативтік көрсеткіштен екі есе төмен;

оңтүстік облыстардың сумен жабдықталуының трансшекаралық өзендердің суларын бөлісу жөніндегі мемлекетаралық қатынастардың реттелуіне тәуелділігі.

Су пайдалану жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар:

су пайдаланушылар бірлестіктерінің ұйымдастырылуы және олардың жұмыс істеуі жөніндегі нормаларды ескере отырып Қазақстан Республикасы Су Кодексінің жаңа редакциясын әзірлеу;

суды жеткізіп беру жөнінде көрсетілетін қызметтердің жабылмайтын шығындарының айырмашылығын республикалық бюджеттен дотация беру арқылы ауылдағы су пайдаланушыларды, олардың рентабельді қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік, су шаруашылығы, пайдаланушы ұйымдарды мемлекеттік қолдау;

шаруашылықаралық каналдар мен гидромелиоративтік құрылыстардың ерекше авариялық жағдайдағы телімдерін қалпына келтіру;

жер суландыру жүйелері жай-күйіне, суландыру телімдерінің құрылысын жобалауды жүзеге асыру мониторингін жүргізу жөніндегі функцияларды орындайтын мемлекеттік мекеме нысанында "Қазагромелиосушар" әдістемелік орталығын құру;

кадрлар даярлау жөніндегі мемлекеттік бағдарламада жыл сайын жалпы саны 20-25 адам шамасында су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының инженер-гидротехниктерін, инженер-құрылысшыларын даярлауды көздеу;

Орта Азия елдерінің мемлекетаралық су-энергетикалық консорциумын (төрт тарапты) құру.

Қаржылық қамтамасыз ету:

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су жеткізіп беру жөнінде көрсетілетін қызметтер құнына субсидия беру. Шаруашылықаралық каналдар мен гидромелиоративтік құрылыстардың ерекше авариялық жағдайдағы телімдерін қалпына келтіруге және "Қазагромелиосушар" мемлекеттік мекемесін құру;

Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің "Жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру" жобасы бойынша және Азия Даму Банкінің "Су ресурстарын басқару және жерлерді қалпына келтіру" жобасы бойынша қарыздар.

**9-кесте**

**млн. теңге**

| Бюджеттік бағдарламаның атауы | 2003 ж. | 2004 ж. | 2005 ж. |
|---|---|---|---|
| Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су жеткізіп беруде көрсететін қызметтер құнын субсидиялау | 1032,379 | 1100,0 | 1500,0 |
| Шаруашылықаралық каналдар мен гидромелиоративтік құрылыстардың ерекше | 250,0 | 1250,0 | 1500,0 |

авариялық жағдайдағы телімдерін қалпына келтіру
"Қазагромелиосушар" ММ әдістемелік орталығын құру 10,0 10,0 10,0
"Қазагромелиосушар" ММ әдістемелік орталығын материалдық-техникалық жарақтау 2,427 1,177 1,0
Қарыздар 3042,7 2079,9 978,9
Барлығы 4337,506 4441,077 3989,9
--------------------------------------------------------------------------

Бөлінетін қаржының көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын республикалық бюджет комиссиясы қарауының нәтижесі бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен нақтылануы мүмкін.

Күтілетін нәтиже:

өсірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының рентабельдігін арттыру;

суармалы жүйелердің пайдалы әсер коэффициентін 80%-ға дейін арттыру;

ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімділігін 25-30%-ға дейін ұлғайту;

пайдаланушы су шаруашылықтары компанияларының материалдық, техникалық жарақтануын және қаржылық қамтамасыз етілуін және олардың жұмыс істеуінің технологиялық деңгейін көтеру;

ауыл шаруашылығында су пайдаланудың тиімді жүйесін және жер суландыру құрылыстарын пайдалану жөніндегі құрылымдарды дамыту;

мелиорация және ауыл шаруашылығында су пайдалану жүйесінің кәсіпорындарында жаңадан 150 жұмыс орнын құру.

## 3.3. Өсімдік шаруашылығы

Жалпы сипаттамасы:

Соңғы үш жылда өсімдік шаруашылығы саласында өнім өндірудің тұрақтануы мен өсу үрдісі байқалады. 1999-2001 жылдарда елімізде орта есеппен 13,9 млн. тонна астық өндірілді немесе 1996-1998 жылдарда өндірілгеннен орта есеппен 1,4 есе артық. Аталған кезеңдерде дәнді дақылдардың түсімділігі әр гектардан 6,9 центнерден 11,5 центнерге дейін ұлғайды. Осындай көрініс техникалық дақылдар, картоп және көкөніс өндіру бойынша да байқалып отыр.

**10-кесте**

**Өсімдік шаруашылығын дамытудың кейбір көрсеткіштерінің серпіні**

________________________________________________________________________

_ _ _ _

Дақылдар ! Жалпы өнім жинау, мың тонна! Түсімділігі, ц/га

!________________________________!______________________________

| | Орта есеппен 1996-1998 жылдарда | Орта есеппен 1999-2001 жылдарда | 1996-1998 жылдарға % есебімен | Орта есеппен 1996-1998 жылдарда | Орта есеппен 1999-2001 жылдарда | 1996-1998 жылдарға % есебімен |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Астық | 10003,6 | 13908,5 | 139,0 | 6,9 | 11,5 | 166,7 |
| Соның ішінде: | | | | | | |
| бидай | 7126,5 | 11008,5 | 154,5 | 6,6 | 11,2 | 169,7 |
| Шиті мақта | 180,7 | 317,8 | 175,9 | 16,9 | 19,7 | 116,6 |
| Қант қызылшасы | 231,2 | 283,2 | 122,5 | 121,3 | 166,7 | 137,4 |
| Күнбағыс | 67,3 | 119,3 | 177,3 | 3,0 | 5,0 | 166,7 |
| Картоп | 1463,9 | 1859,9 | 127,0 | 83,0 | 115,7 | 139,4 |
| Көкөніс | 912,3 | 1538,1 | 168,6 | 103,7 | 151,3 | 145,9 |
| Бақша дақылдары | 222,8 | 437,1 | 196,2 | 67,7 | 114,0 | 168,4 |

### 3.3.1. Егіс алқаптарының құрылымын оңтайландыру

Ағымдағы жай-күй:

**Егіс алқаптарының құрылымы**

**11-кесте**

**мың га**

| Дақылдар | 1996 ж. | 1997 ж. | 1998 ж. | 1999 ж. | 2000 ж. | 2001 ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Егіс алқабы, барлығы | 25644,1 | 21843,7 | 18610,4 | 15285,3 | 16195,3 | 16725,7 |
| олардан дәнді дақылдар, | 17188,6 | 15651,4 | 13526,7 | 11392,5 | 12438,2 | 13178,8 |
| оның ішінде: | | | | | | |
| бидай | 12280,3 | 11512,2 | 10668,1 | 9037,0 | 10113,3 | 10826,8 |
| арпа | 3640,1 | 3182,0 | 2222,5 | 1796,0 | 1710,7 | 1744,5 |
| сұлы | 452,0 | 387,2 | 214,7 | 145,8 | 192,9 | 185,2 |
| күзгі қарабидай | 108,4 | 73,1 | 68,6 | 20,2 | 27,0 | 43,3 |
| дәндік жүгері | 85,8 | 69,0 | 65,8 | 66,5 | 79,4 | 88,8 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| күріш | 88,5 | 85,2 | 76,7 | 71,6 | 77,6 | 71,4 |
| тары | 263,7 | 153,9 | 94,5 | 128,1 | 137,9 | 115,2 |
| қарақұмық | 174,1 | 106,9 | 68,9 | 45,0 | 52,0 | 57,4 |
| қант қызылшасы | 32,4 | 13,5 | 17,6 | 19,0 | 22,5 | 19,7 |
| қоза | 106,0 | 103,6 | 118,0 | 141,3 | 151,8 | 184,7 |
| майлы дақылдар, оның ішінде: | 487,2 | 333,5 | 338,6 | 384,2 | 448,2 | 349,5 |
| күнбағыс | 335,8 | 223,9 | 225,0 | 262,6 | 313,9 | 255,4 |
| қытайбұршақ | 3,6 | 3,2 | 2,9 | 3,0 | 3,6 | 6,5 |
| Жемшөптік дақылдар | 7526,0 | 5445,7 | 4294,0 | 3050,8 | 2823,7 | 2669,5 |
| Жеміс-жидек екпелері | 87,8 | 78 | 65,2 | 66.4 | 65,1 | 58,5 |
| Жүзімдіктер | 16,1 | 13,0 | 10,3 | 10,0 | 11,5 | 10,9 |

Соңғы жылдардағы егіс алқаптарының құрылымын талдау егістіктің жалпы алқабы 1996 жылғымен салыстырғанда 2001 жылы 1,5 есе қысқарғанын көрсетті. Бұл орайда ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы алқабындағы дәнді дақылдардың үлесі 67 пайыздан 79 пайызға дейін ұлғайды. Құрылымдағы жалпы алқап бидайға тиесілі, оның үлесі 48 пайыздан 65 пайызға дейін, ал дәнді дақылдардың құрылымында тиісінше 71 пайыздан 82 пайызға дейін ұлғайды;

дәнді дақылдардың құрылымында бидайдың үлес салмағы өсуіне байланысты бұршақ тұқымдас, жарма, жемдік дән және жемшөптік дақылдардың егіс алқаптары азайды;

қант қызылшасының егіс алқабы 1,6 есе азайып, 19,7 мың га. деңгейінде тұрақтады. Ал қант қызылшасын өндірудің көлемі бүгінде республикада жұмыс істеп тұрған қант зауыттарын шикізатпен қамтамасыз етуге мүмкіндік бермей отыр, оның үстіне халықтың бұл өнімге деген қажеттерін өтей алмайды;

күнбағыстың егіс алқабы 220-250 мың га. деңгейінде тұрақтанды;

қозаның егістік алқаптары 1,7 есе ұлғайды, бұл аталған дақылдың жоғары рентабельділігіне және өткізу рыногының болуына байланысты;

жеміс ағаштары мен жүзімдік екпелер алқабының азаю үрдісі сақталуда.

Проблемалар:

аймақтардың топырақ-климат жағдайының ерекшеліктерін және рыноктың конъюнктурасын есепке алмай дәнді дақылдарды түрлері бойынша қалыптасқан орналастыру ауыл шаруашылығы өндірісін тұрақты және бәсекеге қабілетті етіп жүргізуді қамтамасыз ете алмайды;

ұсынылған ауыспалы егістер сақталмайды;

рентабельділігі жоғары дақылдардың (мақсыр, қытайбұршақ, дәнді бұршақ тұқымдастар) өндіріске енгізілуі жеткіліксіз;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құнарлылығы төмендеп бара жатыр;

мал азығын егістікте өндіру мәселелеріне жете назар аударылмайды;

көпжылдық, екпе ағаштар мен жүзімдіктерді қалпына келтіру мен ұлғайту жөніндегі жұмыстар жеткіліксіз жүргізілуде, осы орайда қайта өңдеуші кәсіпорындар үшін шикізат тапшылығы сезілуде.

Егіс алқаптарының құрылымын оңтайландыру жөніндегі шаралар:

ауыл шаруашылығы дақылдарының рентабельді түрлерінің алқаптарын әсіресе солтүстік аймақтарда ұлғайту, сондай-ақ жеміс-жидек пен жүзімдік алқаптарын (бұршақ тұқымдастар, жарма, майлы дақылдар, техникалық және жемдік дәнді дақылдар, қатты бидай сорттары, сыра қайнатуға арналған арпа);

егіс алқаптарының құрылымы аймақтардың табиғи-климаттық жағдайларына бейімделетін болады:

күзгі бидай мен күздік қарабидай алқаптары Қазақстанның батыс аймағында ұлғайтылады (Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстары);

қатты бидай алқаптары Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында ұлғайтылады;

жемдік дәнді дақылдар мен дәнді бұршақ тұқымдас дақылдар алқаптары Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында ұлғайтылады;

жарма және майлы дақылдардың алқаптары Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында кеңейтіледі;

дәндік жүгері, қытайбұршақ және қант қызылшасының алқаптары Алматы және Жамбыл облыстарында ұлғайтылады;

мақсыр алқаптары Оңтүстік Қазақстан облысында ұлғайтылады;

рентабельді дақылдардың тұқымын өндіруді қолдау;

қант қызылшасы мен картоп өндіруді қолдау (элиталық тұқым өндіруге субсидия беру "3.3.2-Тұқым шаруашылығы" бөлімінде көзделген, қант қызылшасы мен картоп өндіру кезінде лизингтік негізде техникамен қамтамасыз ету, 6-Қаржылық қамтамасыз ету" тарауында көзделген);

рентабельділігі жоғары ауыл шаруашылығы дақылдарын қайта өңдейтін кәсіпорындардың қуатын ұлғайту (қытайбұршақ және басқаларын қайта өңдейтін зауыттың екінші кезегінің құрылысын салу және іске қосу);

жемшөптік дақылдарды өткізу рыноктарын қамтамасыз ететін, мал шаруашылығы және құс шаруашылығы бағытындағы мамандандырылған өндірістер құру.

**12-кесте**

**Негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының белгіленген егіс алқаптары**

| Дақылдар | орта есеппен 1999-2001 жылдары | 2003 ж. | 2004 ж. | 2005 ж. | 2005 жылы, 1999-2001 жылдарға % есебімен |
|---|---|---|---|---|---|
| Дәнді дақылдар | 12336,5 | 13570 | 13680 | 13808 | 111,9 |
| Қант қызылшасы | 20,4 | 25,0 | 27,0 | 30,0 | 147,1 |
| Қоза | 159,3 | 181,0 | 181,0 | 181,0 | 113,6 |
| Майлы дақылдар | 394,0 | 340,0 | 370,0 | 400,0 | 101,5 |
| соның ішінде | | | | | |
| күнбағыс | 277,3 | 245,0 | 265,0 | 280,0 | 101,0 |
| Жемшөптік дақылдар | 2848,0 | 2800,0 | 3000,0 | 3200,0 | 112,4 |
| Жеміс-жидек | 62,0 | 61,0 | 62,0 | 63,0 | 101,6 |
| Жүзімдіктер | 10,8 | 11,2 | 11,4 | 11,6 | 107,4 |

* деректер сумен қамтамасыз етілу есепке алынып өзгертілуі мүмкін.

Күтілетін нәтиже:

бәсекеге қабілетті өсімдік шаруашылығы өнімін өндіруді ұлғайту;

ғылыми негізделген ауыспалы егісті игеру;

қайта өңдеуші кәсіпорындар үшін шикізат базасының өсуі;

мал шаруашылығының жемшөп базасын нығайту.

**2-диаграмма**

Дәнді дақылдардың егіс алқабының құрылымы (қағаз мәтіннен қараңыз).

Басқа дақылдардың егіс алқабының құрылымы (қағаз мәтіннен қараңыз).

### 3.3.2. Тұқым шаруашылығы

Тұқым шаруашылығының жай-күйі:

Республикадағы бұрынғы тұқым шаруашылығы жүйесі ыдырады. Қазіргі кезде тұқым шаруашылығының үш буынынан (бастапқы, элиталық және жалпы) екеуі сақталды, олар - бастапқы және элиталық. Бастапқы тұқым шаруашылығы

ғылымы-зерттеу мекемелеріне, элиталық - ҒЗМ-нің тәжірибе шаруашылықтарын қоса, белгіленген тәртіппен аттестатталған элиталық тұқым шаруашылықтарына жүктелді. Республикада барлығы 74 элиталық тұқым шаруашылығы есепте тұр.

Бастапқы және элиталық тұқым шаруашылығы бидай, арпа, күріш сияқты дақылдар бойынша жұмыс істеуі жалғастырып отырған болса, дәнді бұршақ, жарма, жемшөп, қант қызылшасы, қоза, картоп, көкөністер бойынша тұқым шаруашылығы жұмысы іс жүзінде тоқтаған.

Соңғы жылдарда себілетін тұқымның сапасы барған сайын нашарлай түсіп, тексерілмеген тұқым көлемі арта түсуде. Егер 1991 жылы 3,1 млн. тонна дәнді және дәнді бұршақ дақылдары тұқымы себіліп, оның 99%-ның себілу сапасы, 96%-ның сапасы тексерілген болса, 2001 жылы себілген 1,7 млн. тонна тұқымның тексерілу және сұрыпталу көлемі, тиісінше тек 53 және 64% ғана болып отыр. Дәнді дақылдардың сортты егістік алқаптары 70 пайыздан аспайды, қалған бөлігіне шыққан тегі мен сапасы белгісіз тұқымдық материал себіледі.

Қазақстандық селекция сорттары өндіріске баяу енгізілуде, мәселен, жергілікті селекцияның сорттары бидайдың жалпы егіс алқаптарының 24%-ына ғана себіледі, бұл орайда алқаптардың көп бөлігіне ресейлік сорттар егіледі. Сондай-ақ бұрынғысынша ескі сорттар, тіпті мемлекеттік тізілімнен шығарылған сорттар да алқаптардың көп бөлігіне себілуде. Мүлде сорт сынағын өтпеген сорттарды өндірісте пайдалану жағдайы да аз кездеспейді. Негізінен сорт сынағын өтпеген, сырттан әкелінген сорттар себілетіндіктен, аудандастырылмаған сорттарды пайдалану пайызы соңғы 5 жылда орта есеппен 32%-ға жетті.

**13-кесте**

**Себілген дәнді дақылдар тұқымдарының сапасын талдау**

| Себілген тұқымның сапасы | 1991 ж. | 1992 ж. | 1993 ж. | 1994 ж. | 1995 ж. |
|---|---|---|---|---|---|
| Барлық себілгені, мың тонна | 3104,7 | 3012,6 | 3120,5 | 2916,2 | 2653,4 |
| Тексерілгені, мың тонна | 3102,8 | 3010,7 | 3114,4 | 2903,2 | 2630,3 |
| себілгеннің %-ы | 99,0 | 99,9 | 99,8 | 99,6 | 99,0 |
| Сұрыпталғаны, мың | 2970,6 | 2891,6 | 2814,4 | 2658,2 | 2308,5 |

тонна
себілгеннің %-ы 96,0 96,0 90,0 91,0 87,0

Соның ішінде I 2279,8 2231,3 1911,5 1537,8 1230,6
және II кластық,
мың тонна 74,0 74,0 61,0 53,0 47,0
себілгеннің %-ы
Сұрыпталмағаны, 132,2 119,1 300,0 245,0 321,8
мың тонна
себілгеннің %-ы 4,0 3,9 9,8 8,6 12,0
Тексерілмегені, 1,9 1,9 6,1 13,0 23,1
мың тонна
себілгеннің %-ы 1,0 0,1 0,2 0,4 1,0
V өсіп-өнуге 2433,8 2540,1 2575,0 2053,2 1692,4
дейінгісі, мың
тонна себілгеннің 78,4 84,3 82,5 70,4 63,8
%-ы
V және жаппай 670,9 472,5 545,5 863,0 961,0
өсіп-өнгені, мың
тонна себілгеннің 21,6 15,7 17,5 29,6 36,2
%-ы

---

(таблицаның жалғасы)

---

| Себілген тұқымның сапасы | 1996 ж. | 1997 ж. | 1998 ж. | 1999 ж. | 2000 ж. | 2001 ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Барлық себілгені, мың тонна | 2184,8 | 1921,0 | 1716,0 | 1406,1 | 1616,8 | 1819,2 |
| Тексерілгені, мың тонна | 2133,4 | 1813,6 | 1484,4 | 1095,2 | 1107,7 | 1106,0 |
| себілгеннің %-ы | 98,0 | 94,0 | 87,0 | 78,0 | 69,0 | 60,8 |
| Сұрыпталғаны, мың тонна | 1844,3 | 1421,5 | 1268,1 | 853,5 | 953,2 | 967,5 |
| себілгеннің %-ы | 85,0 | 74,0 | 74,0 | 61,0 | 59,0 | 53,2 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Соның ішінде I және II кластық, мың тонна | 1123,7 | 787,7 | 795,0 | 535,1 | 626,8 | 674,1 |
| себілгеннің %-ы | 52,0 | 41,0 | 47,0 | 38,0 | 39,0 | 37,1 |
| Сұрыпталмағаны, мың тонна | 289,1 | 392,1 | 216,3 | 241,7 | 154,5 | 138,6 |
| себілгеннің %-ы | 13,0 | 20,0 | 13,0 | 17,0 | 10,0 | 7,6 |
| Тексерілмегені, мың тонна | 51,4 | 107,4 | 231,6 | 310,9 | 509,1 | 713,1 |
| себілгеннің %-ы | 2,0 | 6,0 | 13,0 | 22,0 | 31,0 | 39,2 |
| V өсіп-өнуге дейінгісі, мың тонна | 1279,3 | 1038,3 | 771,4 | 536,2 | 626,9 | 838,3 |
| себілгеннің %-ы | 58,6 | 54,0 | 45,0 | 38,1 | 38,8 | 46,1 |
| V және жаппай өсіп-өнгені, мың тонна | 905,5 | 882,7 | 944,6 | 869,9 | 989,9 | 980,9 |
| себілгеннің %-ы | 41,4 | 46,0 | 55,0 | 61,9 | 61,2 | 53,9 |

Проблемалар:

заңнамалық базаның жетілдірілмеуі, бұл тұқым шаруашылығы саласын мемлекеттік реттеуді және бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді;

элиталық тұқым шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың жеткіліксіздігі және ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің бірегей тұқымдарын өндіруді қолдаудың жоқтығы. Соңғы жылдарда тек бидайдың, күріштің және күнбағыстың элиталық тұқымдарын өндіруге ғана субсидия берілді, ал маңыздылығы олардан кем емес ауыл шаруашылығы дақылдары - жемдік дақылдардың, жарманың, қозаның, қант қызылшасының, көпжылдық шөптердің тұқымдарын өндіруге мүлде субсидия берілген жоқ. Бұл тұқым шаруашылығының одан әрі дамуына және элиталық тұқым шаруашылықтарының қалыптасуына жәрдемдеспеді;

тұқымдарды жаппай көбейтетін тұқым шаруашылықтары желілерінің болмауы;

элиталық-тұқым шаруашылықтарында тұқым тазартқыш техниканың тозығы жетуі;

мемлекеттік сынаққа келіп түсетін ауыл шаруашылығы дақылдары сорттары көлемінің азаюы;

қант қызылшасының, жекелеген көкөніс дақылдарының дербес тұқымдарының болмауы;

шаруашылықтар себетін тұқымдар сапасының күрт нашарлауы, бұл атыздардың жалпы түсімділігіне кері ықпалын тигізді.

Тұқым шаруашылығын дамыту жөніндегі шаралар:

"Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау және тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті реттейтін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;

дәнді дақылдардың, майлы дақылдардың, қозаның, қант қызылшасының, көкөніс және бақша дақылдарының, картоптың, көпжылдық және біржылдық шөптердің тұқым шаруашылығын дамыту;

өсіп-өнуі жоғары тұқымдарды жаппай көбейтетін тұқым шаруашылықтары жүйесін қалпына келтіру жөнінде жағдай жасау;

жеміс ағаштары мен жүзімдіктер өсіретін көшеттіктерді қалпына келтіру;

дәнді дақылдардың, майлы дақылдардың, қозаның, қант қызылшасының, картоптың, біржылдық және көпжылдық шөптердің бірегей және элиталық тұқымдарын, сондай-ақ рентабельділігі жоғары дақылдардың бастапқы өсіп-өнуі тұқымдарын өндіруді мемлекеттік қолдау;

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердегі тұқымның сапасына уақтылы және білікті сараптама жүргізу, сапа жөнінен олардың қолданыстағы МЕМСТ-тарға сәйкестігін анықтау;

шетелдерден келетін сорттарды қоса алғанда, сорт сынағына келіп түсетін өсімдіктер сорттарының түр-түрін ұлғайту;

кадрлар даярлау жөніндегі мемлекеттік бағдарламада жыл сайын 25-30 адам шамасында селекционер-тұқымтанушы мамандарды даярлап шығаруды көздеу.

Қаржылық қамтамасыз ету

Элиталық тұқым шаруашылықтарын сақтауға және дамытуға, элиталық тұқым шаруашылықтарының, мемлекеттік сорт сынайтын учаскелер мен станциялардың, мемлекеттік астық ресурстарының тұқымдық және егілетін материалдарының сорттық және егілу сапаларын, ауыл шаруашылығы дақылдары сорттарының сыналуын анықтауға, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер тұқымдарының сапасын анықтауға республикалық бюджеттен қаражат бөлу.

**14-кесте**

**мың теңге**

| Бюджеттік бағдарламаның, кіші бағдарламаның атауы | 2003 жыл | 2004 жыл | 2005 жыл |
|---|---|---|---|
| Элиталық тұқым шаруашылықтарын сақтау және дамыту | 772454,3 | 844000,0 | 844000,0 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Бірегей тұқымдарды өндіруге субсидия беру | 64800,0 | 61073,7 | 68784,6 |
| Ауыл шаруашылығы дақылдары сорттарын сынау | 61827,9 | 63940,9 | 74797,0 |
| Элиталық тұқым шаруашылықтарының, мемлекеттік сорт сынайтын учаскелер мен станциялардың, мемлекеттік астық ресурстарының тұқымдық және егілетін материалдарының сорттық және егілу сапаларын анықтау | 43348,0 | 47301,0 | 47301,0 |
| Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер тұқымдарының сапасын анықтау | 55253,0 | 56933,0 | 58800,0 |
| БАРЛЫҒЫ | 997683,2 | 1079188,6 | 1093682,6 |

-----------------------------------------------------------------------

Бөлінетін қаржының көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын республикалық бюджет комиссиясы қарауының нәтижесі бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен нақтылануы мүмкін.

Күтілетін нәтижелер:

элиталық тұқымдар құнын 40%-ға дейін арзандату есебінен оларға ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің қол жеткізуі;

элиталық тұқымның қажетті мөлшерін өндіруді қамтамасыз ететін көлемде бірегей тұқымдар өндірісін қамтамасыз ету;

ауылдағы тауар өндірушілердің сорт ауыстыру мен сорт жаңартуды жүргізуі үшін элиталық тұқымдармен толық көлемінде қамтамасыз ету;

өсімдіктердің тектік қорын сақтау мақсатында аттестатталған элиталық тұқым шаруашылықтарының қаржылық жағдайын жақсарту;

қант қызылшасының, қозаның, картоптың, көпжылдық және біржылдық шөптердің тұқым шаруашылықтарын қалпына келтіру;

сұрыпталған, өсіп-өнуі жоғары тұқымдарды тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстарына дайындау;

ауыл шаруашылығы дақылдары сорттарының неғұрлым өнімді және сапасы жөнінен бағалы сорттарын анықтау нәтижесінде өсімдік шаруашылығы өнімінің түсімділігін, сапасын және жалпы түсімін арттыру.

### 3.3.3. Химияландыру

**15-кесте**

**Тыңайтқыштарды қолдану серпіні**

| Көрсеткіштер | 1970 | 1975 | 1980 | 1986 | 1990 | 1995 | 2000 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Енгізілген минералдық тыңайтқышта, мың т. | 227,0 | 412,0 | 532,0 | 1039,0 | 672,0 | 36,2 | 11,5 |
| 1 га. егістік алқапқа енгізілгені, кг. | 7,4 | 11,4 | 14,0 | 29,0 | 19,7 | 1,3 | 1,0 |
| Тыңайтқыш енгізілген алқаптың үлес салмағы, % | 9,8 | 18,6 | 24,0 | 47,0 | 27,0 | 0,1 | 0,8 |
| Енгізілген органикалық тыңайтқыштар, мың т. | 7719 | 24467 | 23645 | 33196 | 22326 | 11141 | 175 |

Жай-күйін талдау

1986 жылға дейін ауыл шаруашылығына минералдық тыңайтқыштар берудің және оларды қолданудың көлемі бірте-бірте ұлғайғаны байқалды, 1987 жылдан бастап республикада тыңайтқыштарды қолдану төмендей бастады, әсіресе 1991 жылдан бастап күрт төмендегені байқалды. Бастапқы кезеңмен салыстырғанда осы кезеңде топырақтағы қара шірік 30%-ға азайды.

Минералдық тыңайтқыштарды қолдану көлемі азаюымен бір мезгілде ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімділігі кемиді.

Топырақтағы минералдық коректің жылжымалы нысандары азаяды.

Отандық минералдық тыңайтқыштар өндірісі 1990 жылғы 1484,9 мың тоннадан, 2000 жылы 6,7 мың тоннаға кеміді.

**16-кесте**

**Отандық зауыттардың минералдық тыңайтқыштар өндіруі**

**мың тонна**

| Зауыттар | 1990 ж. | 1995 ж. | 2000 ж. |
|---|---|---|---|
| "ҚазСабтон" ЖАҚ, Степногорск қаласы | 162,5 | 31,1 | - |
| "Қазфосфат" ЖШС, Жамбыл қаласы | 358,2 | 85,2 | 0,2 |
| "Испат-Қармет", Қарағанды қаласы | 11,1 | 2,7 | 6,5 |
| "Ақтал ЛТД" ЖШС, Ақтау қаласы | 953,1 | 77,9 | - |
| Барлығы | 1484,9 | 196,9 | 6,7 |

**17-кесте**

**Арамшөп басу және химиялық жолмен отау серпіні**

| Көрсеткіштер | 1990 ж. | 1997 ж. | 1998 ж. | 1999 ж. | 2000 ж. | 2001 ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Барлық арамшөп басқаны, мың гектар | 20945 | 12673 | 11493 | 9598 | 9119 | 9219 |
| оның ішінде қара сұлымен | 4100 | 2500 | 2600 | 1800 | 1900 | 2200 |
| Гербицидтермен накты өңделгені, мың га оның ішінде | 8808 | 4023 | 3875 | 3128 | 4467 | 4940 |
| қара сұлыға қарсы | 1200 | 70 | 42 | 0 | 0 | 0 |
| Қамту пайызы | 42,1 | 31,7 | 33,7 | 32,6 | 49,0 | 53,6 |
| оның ішінде қара сұлыға қарсы | 29,3 | 2,8 | 1,6 | 0 | 0 | 0 |

Соңғы 2 жылда химиялық жолмен отау көлемі 15-20 %-ға ұлғайғанына қарамастан, олар қажетті деңгейдің тек әлі де 50-55 %-ын құрайды;

тамыр өркені және тамырсабақ арамшөптерінің басып кетуі 6-10 %-ға азайғаны байқалады, біржылдық қосжарнақты және біржылдық астық тұқымдас арамшөптердің басып кетуі 12%-ға, ал қара сұлы бойынша 17 %-ға ұлғайды;

1999 жылдан бастап қара сұлыға қарсы химиялық жолмен күрес мүлде жүргізілмейді.

**18-кесте**

**Дәнді дақылдар тұқымдарының дәрілеуіштерін қолдану жөніндегі деректер**

| Көрсеткіштер | 1990 ж. | 1997 ж. | 1998 ж. | 1999 ж. | 2000 ж. | 2001 ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Себілген тұқым, мың тонна | 2998 | 1921 | 1716 | 1406 | 1616 | 1819 |
| Дәріленген тұқым, мың тонна | 2180 | 1034 | 828 | 734 | 841 | 865 |
| Қамтылу пайызы | 72,7 | 53,8 | 48,3 | 52,2 | 52,0 | 47,6 |

1991 жылдан бастап дәнді дақылдардың тұқымын және одан кейінгі жылдарда себілген тұқымның 40-50 %-на дейінін дәрілеу көлемінің азаюына байланысты топырақта және тұқымдық материалда фитопатогендердің шоғырлануы үдеп бара жатыр;

егістіктердің дәнді дақылдар ауруларының барлық түрімен зақымдануы жоғары күйінде қалып отыр - тамыр шірігі жыл сайын 40-50 %-да байқалады, бидай мен арпаның тозаңды қаракүйемен залалдануы - 13 %, арпа егістіктерінің қатты қаракүйемен залалдануы - 6 %-ға дейін, жаздық және күздік бидай егістіктерінде - 8 %;

дәнді дақылдар егістіктерінің ақ дақпен және өсімдік татымен залалдануы 1 млн. гектардан артық алқапта байқалды, залалдану деңгейі 30-40 %-ға жетеді, ал фунгицидтер қолданудың көлемі - 5 %-дан 20 %-ға дейін жетті.

Проблемалар:

тыңайтқыштар қолданудан бас тарту егіншіліктегі баламалы бағыттармен салыстырғанда егіншілік өнімділігінің 20-30 %-ға және одан да көп кемуіне, ал тыңайтқыштар қолдануды азайту - топырақтағы қара шіріктің күрт кеміп кетуіне әкеп соғады. Соңғы 40-50 жылда қаратопырақты жерлердегі қара шірік 22-25 %-ға, қоңыр топырақты мен сұр топырақты жерлерде 14-30 %-дан астам азайып кетті, осының салдарынан өсімдіктердің, әсіресе бидайдың түсімділігі мен сапасы төмендеп барады;

минералдық тыңайтқыштар құнының қымбат болуы ішкі және сыртқы рыноктарда оларды бәсекеге қабілетсіз етеді;

елімізде өндірілетін минералдық тыңайтқыштардың түр-түрі аграрлық сектордың қажетін қамтамасыз етпейді, отандық зауыттар калийлі және азотты тыңайтқыштарын өндірмейді;

аграрлық сектордың шаруашылықтарында минералдық тыңайтқыштар енгізетін арнаулы техника жоқ;

тыңайтқыштар бағасының қазіргі жағдайында оларды қолдану ауылдағы тауар өндірушілердің шығындарын ақтай алмайды, яғни рентабельді емес;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер құнарлылығының мониторингі жүргізілмейді, соның салдарынан минералдық тыңайтқыштарды қолдану жөніндегі ұсыныстар жоқ;

ауылдағы тауар өндірушілер қаражатының жетімсіздігі тұқымдарды қажетті көлемде дәрілеуге және арамшөп өсімдіктеріне қарсы күрес жүргізуге мүмкіндік бермейді.

Топырақ құнарлылығын сақтау және ұдайы молықтыру жөніндегі шаралар:

облыстарда агрохимиялық қызмет станциялары жүйесі бар мемлекеттік мекеме нысанындағы ғылыми-әдістемелік агрохимиялық қызмет орталығын ұйымдастыру арқылы ауыл шаруашылығының агрохимиялық қызметін қалпына

келтіру. Әртүрлі нысандағы тіркелген агрохимиялық қызмет станцияларының және ғылыми мекемелер мен МемҒӨОжер зертханаларының бәсекелестік ортада агрохимиялық зерттеу жүргізуі, минералдық және органикалық тыңайтқыштарды тиімді қолдану бойынша ұсыныстар әзірлеуі;

минералдық тыңайтқыштарды қолдану көлемін еліміз бойынша тұтас алғанда 2003 жылы 380.1 мың тоннаға, 2004 жылы - 439.0 мың тоннаға және 2005 жылы - 599,8 мың тоннаға жеткізу;

2003 жылы 1333 мың га., 2004 жылы 3000 млн. га. және 2005 жылы 3334 мың га. алқаптағы жерге агрохимиялық зерттеу жүргізу;

отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің минералдық тыңайтқыштар сатып алуына субсидия беру;

республикалық бюджет қаражаты есебінен дәрілеуіштер мен гербицидтер құнын арзандату жолымен оларды қолдануға субсидия беру;

Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру арқылы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құнарлылығын төмендеткені үшін жауапкершілік тетігін әзірлеу;

бұрын минералдық тыңайтқыштар өндірген "Қазфосфат" ЖШС, "ҚазСабтон" ЖАҚ және "Ақтал ЛТД" ЖШС кәсіпорындарында оларды қолданылып жүрген құрамдағы заттарымен өндіруді 600 мың тоннаға жеткізу және олардың түр-түрін ұлғайту;

минералдық тыңайтқыштар енгізетін арнаулы техника өндірісін қалпына келтіру үшін қаржы лизинг тетігін қолдану арқылы жағдай жасау;

мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес жыл сайын 25-30 адам шамасында агрохимик және топырақтанушы мамандар даярлауды көздеу.

Қаржылық қамтамасыз ету

Отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің минералдық тыңайтқыштар, дәрілеуіштер мен гербицидтер сатып алуына жұмсалған шығындарының бір бөлігін, ауыл шаруашылығының агрохимиялық қызметін қалпына келтіруді және топырақ құнарлылығының мониторингін жүргізуді субсидиялауға республикалық бюджеттен қаражат бөлу.

**19-кесте**

**млн. теңге**

| Бюджеттік бағдарламаның атауы | 2003 ж. | 2004 ж. | 2005 ж. |
|---|---|---|---|
| Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің минералдық тыңайтқыштар, дәрілеуіштер мен гербицидтер сатып алуына субсидия беру | 800 | 1000 | 1200 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Топырақ құнарлылығының мониторингін жүргізу және оның химиялық құрамын анықтау | 80 | 180 | 200 |
| Агрохимиялық қызметтің ғылыми-зерттеу орталығын ұйымдастыру | 85 | 85 | 85 |
| Жиынтығы | 965 | 1265 | 1485 |

---------------------------------------------------------------------

Бөлінетін қаржының көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын республикалық бюджет комиссиясы қарауының нәтижесі бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен нақтылануы мүмкін.

Күтілетін нәтиже:

Топырақтағы қара шірік 10-15 %-ға артады, бұл орайда фосфоры аз егістік жерлердің 70 %-ы осы коректік элементпен қамтамасыз етілудің орта және жоғары санатына көтеріледі;

дәнді дақылдар түсімділігі 20 пайыздан 50 пайызға дейін, қант қызылшасы - 40, шиті мақта - 30, көкөніс - 40 пайызға, ал күшті бидай өндірудің үлесі 2,5 - 3,0 млн. тоннаға дейін ұлғаяды;

егістіктерде дәнді дақылдардың аурулары мен арамшөп өсімдіктерінің таралуын азайту;

қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету;

отандық ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің қаржылық жай-күйі жақсарады;

агроөнеркәсіп кешенінде, минералдық тыңайтқыштар шығаратын кәсіпорындарда және тыңайтқыштар енгізуге арналған техника шығаратын зауыттарда 2650 жаңа жұмыс орнын ашу.

### 3.3.4. Ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету

Машина-трактор паркінің жай-күйін талдау

Тракторлар мен комбайндар паркін пайдаланудың нормативтік мерзімі 7-10 жыл бола тұрса да, олардың қазіргі орташа пайдаланылуы 13-14 жылға созылып отыр. Қолда бар техниканың техникалық әзірлік коэффициенті 0,7-ден аспайды және техника бірлігіне жүктеме нормативтен 1,2-1,6 есе артық.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің техникалық жарақтандырылуының қазіргі деңгейі оны тиімді дамытудың тежеуші факторы, ауыл шаруашылығы дақылдарын егіп өсіру технологияларын қарабайырландырудың, өсімдіктер зиянкестері, аурулары таралуының, топырақтағы қара шірік жоғалуының және түптеп келгенде өнім сапасы төмендеуінің себепшісі болып табылады.

1994 жылдан 1999 жылға дейін ауыл шаруашылығы іс жүзінде жаңа техника алған жоқ. Бюджеттік бағдарламаларды қоса алғанда, соңғы 3 жылда барлығы

7279 бірлік техника сатып алынды, оның 1193-і трактор және 2388-і комбайн, бұл республикадағы осы саланы техникалық жарақтандырылуына тұтас алғанда айтарлықтай ықпал етпейді.

**20-кесте**

**Негізгі ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу**

**дана**

| Атауы \ Жылдар | 1991 | 1992 | 1993 | 1994 | 1995 | 1996 | 1997 | 1998 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тракторлар | 96329 | 11051 | 7302 | 2223 | 1143 | 495 | 360 | 211 |
| Қопсытқыштар | 14914 | 1589 | 1005 | 658 | 185 | 121 | 13 | 12 |
| Дән сепкіштер | 64451 | 9130 | 2736 | 1402 | 665 | 504 | 162 | 79 |
| Астық жинайтын комбайндар | 29736 | 4057 | 3242 | 918 | 397 | 233 | 485 | 377 |
| Жемшөп жинайтын комбайндар | 2768 | 436 | 184 | 74 | 20 | 3 | 0 | 2 |
| Дестелегіштер | 11611 | 1646 | 680 | 293 | 155 | 104 | 23 | 32 |

(таблицаның жалғасы)

| Атауы \ Жылдар | 1999 | 2000 | 2001 |
|---|---|---|---|
| Тракторлар | 215 | 419 | 837 |
| Қопсытқыштар | 12 | 6 | 17 |
| Дән сепкіштер | 283 | 213 | 559 |
| Астық жинайтын комбайндар | 190 | 581 | 1797 |
| Жемшөп жинайтын комбайндар | 0 | 0 | 0 |
| Дестелегіштер | 196 | 337 | 508 |

**21-кесте**

**Қолда бар негізгі ауыл шаруашылығы техникасы**

**мың дана**

| Атауы \ Жылдар | 1991 | 1992 | 1993 | 1994 | 1995 | 1996 | 1997 | 1998 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тракторлар | 206,3 | 222,4 | 217,7 | 210,5 | 189,2 | 165,1 | 147,2 | 130,0 |
| Астық жинайтын комбайндар | 83,8 | 84,1 | 79,6 | 74,1 | 67,4 | 59,4 | 52,9 | 45,1 |

(табліцаның жалғасы)

| Атауы \ Жылдар | 1999 | 2000 | 2001 |
|---|---|---|---|
| Тракторлар | 120,1 | 121,1 | 119,8 |
| Астық жинайтын комбайндар | 41,8 | 41,3 | 40,0 |

Проблемалар:

машина-трактор паркінің тозығы жетуі 80 %-ға жетті және толығымен ауыстыруды қажет етеді;

ұсақ және орта ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің саны көп болуы, олар техникасы болмағандықтан өздерінің ауыл шаруашылығы жерлерін өз бетінше өңдей алмайды;

ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің төлем қабілетінің төмендігі және өтімді кепілге салатын мүлкінің болмауы қажетті техника сатып алуына және екінші деңгейдегі банктердің кредит ресурстарын алуына мүмкіндік бермейді;

сервис орталықтары мен машина-технологиялық станциялардың (МТС) техникамен де, құрал-жабдықтармен де толық жасақталмағандығынан олар көрсететін қызметтердің деңгейі төмен.

Шаралар:

ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге кейіннен лизингке беру үшін отандық және шетелдік техника мен қосалқы бөлшектер сатып алуға кредит беру ;

қызметтерінің бастапқы кезеңінде мемлекеттік құрылымдардың қатысуымен кейіннен мемлекеттің үлесін бәсекелес секторға сатып, сервис орталықтары мен МТС-тың тиімді нысандарын құру жөніндегі пилоттық жобаларды әзірлеу және іске асыру;

техника лизингін ұйымдастыру және сервис орталықтары мен МТС-тың жұмыс істеуі үшін қолайлы салық режимдерін жасау.

**Сервис орталықтары мен МТС-ды орналастырудың болжамдық схемасы**

(қағаз мәтіннен қараңыз).

**Қаржылық қамтамасыз ету**

**22-кесте**

**мың теңге**

| Бюджеттік бағдарламаның атауы | 2003 жыл | 2004 жыл | 2005 жыл |
|---|---|---|---|
| Лизингтік негізде ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету | 2 926 811 | 4 005 564 | 5 950 982 |
| Ауыл шаруашылығы қызметтерін көрсету, техниканы, қосалқы бөлшектер мен ауыл шаруашылығы құрал-жабдықтарын жөндеу және сату жөніндегі сервис орталықтарын құру үшін "ҚазАгроҚаржы" ЖАҚ-тың жарғылық қорын ұлғайту | 1 000 000 | 2 000 000 | 2 000 000 |
| Ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол құрылысы техникасын мемлекеттік тіркеу | 47 598,1 | 45 905,75 | 44 510,45 |
| ЖИЫНТЫҒЫ | 3 974 409,1 | 6 051 469,75 | 7 995 492,45 |

Бөлінетін қаржының көлемі тиісті қаржы жылына арналған бюджетті қалыптастыру кезінде нақтылануы мүмкін.

Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелері:

қолда бар машина-трактор паркін орта есеппен 10%-ға жаңарту;

отандық трактор жасауды және ауыл шаруашылығы техникасын, қосалқы бөлшектер шығаруды қолдау;

2003 жылы Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарында 6 сервис орталығын және МТС жүйесін құру аталған облыстардың ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілеріне, әсіресе ұсақ шаруа құрылымдарына егістікті өңдеу, күту, егін жинау мен ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету бойынша тиімді сервистік қызметтер көрсетуді қамтамасыз етеді;

ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасын ішінара жақсарту;

сервис орталықтары мен МТС-тар көрсететін қызметтерді ұлғайту және жақсарту;

ауыл шаруашылығы дақылдарын өндіру тиімділігін арттыру;

жұмыс орындарын 2003 жылы 258-ге, 2004 жылы - 460-қа, 2005 жылы - 460-қа көбейту;

ауыл шаруашылығы құралымдары кірістерінің өсуі.

3.4. Ауыл шаруашылығы машинасын жасауды дамытудың негізгі бағыттары

Қазіргі жай-күйі

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің төлем қабілетінің жоқтығына орай және осыған байланысты сұраныстың болмауынан ауыл шаруашылығы техникасын шығаратын кәсіпорындар өндірілетін өнімінің номенклатурасын әртараптандырды және соның нәтижесінде қазіргі уақытта тек ауыл шаруашылығы техникасын шығаруға ғана маманданған кәсіпорындар іс жүзінде жоқ.

"Қазақстантрактор" ААҚ (Павлодар қаласы) 4-класты Т-95,4 шынжыр табанды тракторын шығаруды игерді;

Кейбір машина жасайтын кәсіпорындар техникалық әлеуеттігін сақтау мақсатында одан әрі дамытуды қажет ететін ауыл шаруашылығы техникасын шығару жөніндегі жекелеген жобаларды іске асыруда. Мәселен, 2001 жылғы шілдеден бастап "Шағын литражды двигательдер зауыты" ЖШС Петропавл зауытынан, украиналық машина жасаушылармен бірлесе отырып өнімділік қабілеті 7-8 кг/сек және 9-11 кг/сек эксперименттік 9 "НАН" комбайны құрастырылып шығарылды.

Тіркемелі кең ауқымды ЖВП-9,1 дестелегішін қазақстандық кәсіпорындардың 48 %-дық үлестік қатысуымен құрастырып шығару игерілді, " ЗИКСТО" ААҚ-да трактор тіркемелерін, сыдыражыртқыш және шөп шабатын агрегаттар шығару жолға қойылды, "Агромаш" (Астана қаласы) АҚ тұқым сепкіштер, топырақ эрозиясына қарсы қолданылатын құралдар шығаруды қайта қалпына келтірді.

Бүгінгі күнде республикамызда ауыл шаруашылығы техникалары мен қосалқы бөлшектер шығаруға бағдарланған 129 зауыт бар. Бұл зауыттар ауыл шаруашылығы мақсатындағы өнімнің 391 түрін шығарады. Зауыттардың 2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жалпы кредиторлық және дебиторлық берешектері 5,8 млрд. теңгені құрады, соның ішінде кредиторлық берешек - 3,1 және дебиторлық берешек - 2,7 млрд. теңге болды.

Проблемалар:

астық жинайтын комбайндар мен доңғалақты тракторлар шығаруда өз өндірісіміздің болмауы;

ауыл шаруашылығы техникасының отандық маркаларының бәсекеге жарамдылығының төмендігі;

отандық ауыл шаруашылығы машиналарын жасаушылардың жиынтықтау

түзілімдері мен бөлшектері жөнінен шетелдік жеткізіп берушілерге тәуелді болуы;

**Ауыл шаруашылығы машиналарын жасайтын өндірістік кәсіпорындардың орналасуы**

(қағаз мәтіннен қараңыз).

отандық зауыттардың қажетті айналым қаражаттарының болмауы және олардың міндетті төлемдер бойынша қарыздарының болуы;

ауыл шаруашылығы машиналарын жасауда орта буын кадрлардың жетіспеуі;

жаңа ауыл шаруашылығы техникасын әзірлеу мен енгізу жөніндегі мамандандырылған отандық ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық ұйымдардың болмауы;

өндірілген өнімді сату жөніндегі ұйымдастырылған дилер желілерінің болмауы;

ауыл шаруашылығы машиналарын жасау кәсіпорындарының өндірген өнімі жөнінде қажетті жарнамалық ақпараттың болмауы.

Шаралар:

Негізгі ауыл шаруашылығы жұмыстарының оңтайлы мерзімдерде орындалуын, ауыл шаруашылығы өнімінің сақталуы мен өңделуін қамтамасыз ететін, тиімділігі жоғары ауыл шаруашылығы техникасын, құрал-жабдықтар мен қосалқы бөлшектер өндірісін дамыту;

машина жасау кәсіпорындары бойынша мәліметтер базасын қалпына келтіру және қалыптастыру және оны Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараттық-маркетингтік жүйесіне орналастыру;

эксперименттік және жобалау-конструкторлық жұмысты ұйымдастыруға көмек көрсету;

ауыл шаруашылығы машиналарын жасау кәсіпорындарының өндірістік кооперациясын ұйымдастыру және оған сатуға көмек көрсету;

шетелдік алдыңғы қатарлы ауыл шаруашылығы техникасын жасаушылармен франчайзингтік схемаларға пысықтау жұмыстарын жүргізу;

ауыл шаруашылығы машиналарын жасаушы кәсіпорындары қарыздарының құрылымын қайта қарау мақсатымен оларды талдау;

тракторларға арналған трансмиссия шығаруды мемлекеттік қолдау;

дизельдік двигательдер өндірісін ұйымдастыру үшін кредит қорларын бөлу;

мейлінше тапшы қосалқы бөлшектер шығаруға кредит беру;

кәсіптік-техникалық лицейлер (КТЛ) мен орта арнаулы оқу мекемелерінде кадрлар даярлауды ұлғайту мәселесін пысықтау;

жаңа ауыл шаруашылығы техникасын әзірлеуге және оларды енгізуге бағытталған ғылыми-зерттеу және инновациялық бағдарламалар мен жобаларды іске асыру.

Қаржылық қамтамасыз ету:

**23-кесте**

**млн. теңге**

| Қазақстан Даму Банкінің кредит ресурстары | 2003 ж. | 2004 ж. | 2005 ж. |
|---|---|---|---|
| Трансмиссия өндірісін ұйымдастыруға кредит беру | 600 | 1400 | - |
| Дизельді двигательдер өндірісін ұйымдастыруға кредит беру | 350 | - | - |
| Қосалқы бөлшектер өндірісіне кредит беру | 350 | 350 | 350 |
| ЖИЫНТЫҒЫ | 1300 | 1750 | 350 |

| Бюджеттік бағдарламаның атауы | 2003 ж. | 2004 ж. | 2005 ж. |
|---|---|---|---|
| Тәжірибелік-конструкторлық жұмысқа мемлекеттік тапсырыс орналастыру | 250 | 50 | - |
| ЖИЫНТЫҒЫ | 250 | 50 | - |

Кредит берудің көлемі нақтылануы мүмкін

Орындалуынан күтілетін нәтижелер:

ауыл шаруашылығы машиналарын жасау кәсіпорындарының республикалық кооперациясын іске асырудың негізінде республикамызда техника мен құрал-жабдықтар өндірісінің тиімді кешенін қалыптастыру;

"Семей машзауыты" АҚ "ПЗТМ" АҚ (Петропавл қаласы), Саран резина-техникалық зауыты және т.б. зауыттармен қауымдасып отандық тракторлар ("Қазақстантрактор" ААҚ), дизельді двигательдер ("Қостанайдизель" АҚ) шығаратын зауыттардың жұмыс істеуі;

республикамыздың Атырау және Маңғыстау облыстарынан басқа 12 облысында тұқым себу және егін жинау техникалары үшін, сондай-ақ осы облыстарда жем-шөп өндіруге және ауыл шаруашылығы өнімін бастапқы

өңдеуге арналған аса тапшы қосалқы бөлшектер шығаратын өнеркәсіптік кәсіпорындар іске қосылады;

ауыл шаруашылығы машиналарын әзірлеу жөніндегі бас жобалау-конструкторлық бюроның жұмыс істеуі;

отандық және шетелдік ғалымдардың әзірлемелері есебінен ауыл шаруашылығы машиналарын жасау өнімдерінің бәсекеге жарамдылығын арттыру;

республикамыздың импортқа тәуелділігін азайту;

жаңадан жұмыс орындарын құру.

**23а-кесте**

**Мынадай қосымша жұмыс орындары құрылатын болады**

| N | Бағыты | жұмыс орындары құрылатын болады 2003 ж. | 2004 ж. | 2005 ж. |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Трансмиссия өндірісін ұйымдастыру | 470 | 650 | 810 |
| 2. | Дизельді двигательдер өндірісін ұйымдастыру | 50 | 110 | 120 |
| 3. | Ауыл шаруашылығы машиналарының тапшы бөлшектерін шығаруды ұйымдастыру | 440 | 330 | 265 |
| 4. | Бас конструкторлық бюро құру | 15 | 70 | 65 |
| | Барлығы | 975 | 1160 | 1260 |

## 3.5. Өсімдіктерді қорғау және карантин 3.5.1. Өсімдіктерді қорғау

Қазіргі жай-күйі

Республикада ауыл шаруашылығы дақылдарына 50-ге тарта түрдегі қорек талғамайтын және бейімделген ерекше зиянкестердің 100-ден аса түрі, аурудың 70-тен аса түрлері және 120-ға жуық арамшөп түрлері залал келтіруде.

Шегіртке зиянкестерін қоспағанда аса қауіпті зиянкестер мен аурулардың таралуы бойынша фитосанитариялық жағдай күрделі деп бағаланады.

Фитосанитариялық жағдайдың нашарлауының негізгі себептері мыналар болып табылады:

құнсыз жерлер мен өңделмеген егістіктердің көбеюі;

ауыл шаруашылығы дақылдарының егіп өсіру технологиясының сақталмауы;

қорғау іс-шараларының бүкіл кешенінің орындалмауы;
бюджеттің және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қаржылық мүмкіндіктерінің шектеулі болуы.

**24-кесте**

**Ауыл шаруашылығы дақылдарының аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының таралуы және 1998-2002 жылдарда оларға қарсы күрес жүргізу жөніндегі мәліметтер**

| Аса қауіпті зиянкестер мен атаулардың атауы | Жылдар бойынша өңделуге тиіс және нақты өңделген алаңдар, мың га | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1998 ж. | | 1999 ж. | |
| | өңделуге тиіс болғаны | нақты өңделгені | өңделуге тиіс болғаны | нақты өңделгені |
| Шегіртке | 2197,9 | 1567,0 | 4355,6 | 2363,2 |
| Астық сұр көбелегі | 56,9 | 29,4 | 43,4 | 19,9 |
| Зиянкес бақашық қандала | 3,8 | 0,76 | 1,0 | 0,4 |
| Гессен шыбыны | 25,0 | - | 51,6 | - |
| Астық қоңызы | 3,6 | - | 15,0 | - |
| Мақта көбелегі | 51,6 | 45,1 | 90,3 | 109,3 |
| Өрмекші кене | 12,6 | 7,7 | 64,0 | 64,0 |
| Тот және септориоз | 555,1 | 11,8 | 567,6 | 94,9 |

таблицаның жалғасы:

| Аса қауіпті зиянкестер мен атаулардың атауы | Жылдар бойынша өңделуге тиіс және нақты өңделген алаңдар, мың га | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2000 ж. | | 2001 ж. | | Таралудың 2002 жылға арналған болжамдары |
| | өңделуге тиіс болғаны | нақты өңделгені | өңделуге тиіс болғаны | нақты өңделгені | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Шегіртке | 8100 | 8100 | 4116,4 | 4116,4 | 1844,2 |
| Астық сұр көбелегі | 48,7 | 8,65 | 117,3 | 96,7 | 309,2 |
| Зиянкес бақашық қандала | 22,2 | - | 105,3 | 85,2 | 65,9 |
| Гессен шыбыны | 70,0 | - | 190,9 | 34,5 | 165,3 |
| Астық қоңызы | 2,4 | 2,4 | 72,0 | 56,2 | 40,0 |
| Мақта көбелегі | 62,7 | 34,7 | 26,2 | 8,4 | 60,0 |
| Өрмекші кене | 41,2 | 33,7 | 32,0 | 18,1 | 30,0 |
| Тот және септориоз | 726,5 | 32,2 | 1053,4 | 187,3 | 1008,5 |

**2002 жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының негізгі аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының таралуы**

(Картаны қағаз мәтінінен қараңыз)

Республикалық деңгейдегі мемлекеттік басқару мен реттеуді, жұмысты үйлестіру мен ұйымдастыруды Ауыл шаруашылығы министрлігі, облыстық және аудандық деңгейде министрліктің тиісті аумақтық басқармалары жүзеге асырады .

Аса қауіпті зиянкестер мен ауруларды анықтауға арналған зерттеулер жүргізуді "Фитосанитария" республикалық мемлекеттік кәсіпорны орындайды.

Химиялық өңдеу жүргізуді ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өздері және келісім-шарт негізінде бәсекелестік ортада өңдеу жөніндегі қызметтерді көрсететін орындаушы фирмалар орындайды.

Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің аса қауіпті зиянкестеріне және ауруларына қарсы күрес бекітілген тізілім бойынша бюджеттік қаражат есебінен қаржыландырылады.

**25-кесте**

**1998-2002 жылдарда өсімдіктердің аса қауіпті зиянкестері мен ауруларына қарсы күресті қаржыландыру және оларға қарсы күрес жүргізу жөніндегі мәліметтер**

| Көрсеткіштер | 1998ж. | 1999ж. | 2000ж. | 2001ж. | 2002ж. |
|---|---|---|---|---|---|
| Қаражат қажеттілігі, млрд.теңге | 2,1 | 2,3 | 2,7 | 3,0 | 3,4 |
| Бөлу көзделгені, млрд, теңге | 0,5 | 0,7 | 1,9 | 3,0 | 2,8 |
| Нақты бөлінгені, млрд. теңге | 0,3 | 0,8 | 2,9 | 3,0 | 2,8 |
| Қаржыландырылған жұмыстар, мың гектар | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Шегірткелер | зерттеу | | 415,6 | 20000,0 | 19840,0 | 10557,0 |
| | пестицидтер | 1483,3 | 2047,9 | 6374,0 | 3627,0 | 1844,2 |
| | жұмысқа ақы төлеу | 384,7 | 223,3 | 3345,0 | 2883,3 | 1844,2 |
| Астық сұр көбелегі | зерттеу | | | | | 7970,0 |
| | пестицидтер | | | | 95,9 | 309,0 |
| | жұмысқа ақы төлеу | | | | | 309,0 |
| Зиянкес бақашық қандала | зерттеу | | | | | 695,0 |
| | пестицидтер | | | | 76,3 | 65,9 |
| | жұмысқа ақы төлеу | | | | | 65,9 |
| Дәнді дақылдардың аурулары | зерттеу | | | | | 5750 |
| | пестицидтер | | 36,7 | | 93,1 | 873,0 |
| | жұмысқа ақы төлеу | | | | | 873,0 |
| Басқа да зиянкестер (өрмекші кене, мақта көбелегі, гессен шыбыны, астық қоңызы) | зерттеу | | | | | 3720,0 |
| | пестицидтер | | | | | 295,3 |
| | жұмысқа ақы төлеу | | | | | 295,3 |

Проблемалар:

республикалық бюджеттен 2000-2001 жылдарда бөлінген қаражат көлемі тек шегіртке зиянкестеріне қарсы күрес жүргізуді ғана қамтамасыз етті. Бюджеттен қаржыландыру жеткіліксіз болғандықтан басқа да аса қауіпті зиянкестерге қарсы күрес толық көлемде жүргізілмеді, бұл фитосанитариялық жағдайдың нашарлауына әкеп соқпақ;

тиісті қаржыландырудың болмауынан және фитосанитариялық диагноз қою

мен болжау қызметінің жүргізілмеуінен басқа да өсімдіктер зиянкестерінің ауруларының және арамшөптердің көбеюі мен таралуына іс жүзінде мониторинг жүргізілмейді;

зиянкестердің, өсімдіктердің ауруларының және арамшөптердің көбеюі мен таралуына жүйелі мониторинг жүргізетін құрылым жоқ;

республикамыздың жоғарғы оқу орындарында "Өсімдік қорғау" деген мамандық бойынша мамандар даярлау жүргізілмейді;

өсімдіктерді қорғау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнама жоқ. Үкіметтің 2001 жылғы заң жобалау жұмыстарының жоспарына сәйкес " Өсімдік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленіп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 қарашадағы N 1485 қаулысымен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне ұсынылды. Елбасы тарапынан бұл жоба басым деп танылды.

Шаралар:

"Фитосанитария" РМК-ның функцияларын нақтылай отырып, барлық өсімдіктер зиянкестерінің, ауруларының және арамшөптердің көбеюі мен таралуын бақылауды, есебін жүргізуді және болжауды жүзеге асыру үшін облыстарда филиалдары бар және аудандарда болжау пункттері бар республикалық фитосанитариялық диагностика әдістемелік орталығын құру;

аса қауіпті өсімдіктер зиянкестері мен ауруларын анықтауға арналған фитосанитариялық бақылаудың объектілерін қажетті зерттеуді жүзеге асыру;

аса қауіпті өсімдіктер зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес жөніндегі фитосанитариялық іс-шаралардың бүкіл кешенін толық көлемде жүргізу;

республикамыздың жоғарғы оқу орындарында "Өсімдік қорғау" деген мамандық бойынша факультеттер ашу, сондай-ақ шетелдердегі оқу және ғылыми-зерттеу мекемелерінде мамандардың біліктілігін арттыру;

"Өсімдік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануы.

Қаржылық қамтамасыз ету

Өсімдік қорғау саласындағы бағдарламаның орындалуы үшін 2003-2005 жылдарда республика бюджетінен 8104 млн. теңге сомасында қаражат бөлу.

**26-кесте**

| Іс-шаралардың атауы | Қажетті сома млн. теңге | | |
|---|---|---|---|
| | 2003 ж. | 2004 ж. | 2005 ж. |
| Фитосанитариялық диагностика мен болжаудың республикалық орталығын құру | 269,3 | 127,3 | 127,3 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Аса қауіпті зиянкестер мен ауруларды анықтауға арналған зерттеулер жүргізу | 154,6 | 163,6 | 163,6 |
| Аса қауіпті зиянкестер мен ауруларға қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру | 2687 | 2344 | 2067 |
| Өсімдік қорғау бойынша жиынтығы | 3111,0 | 2635,0 | 2358,0 |

Бөлінетін қаржының көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын республикалық бюджет комиссиясы қарауының нәтижелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен нақтылануы мүмкін

Күтілетін нәтижелер:

өсімдік қорғау және карантин саласындағы бағдарламаны іске асыру:

аса қауіпті зиянкестер мен аурулар таралатын алаңдардың одан әрі ұлғаюын болдырмауға;

аса қауіпті зиянкестер мен аурулар келтіретін залалды шаруашылық тұрғысынан байқалмайтындай деңгейге дейін азайтуға;

республика аумағында қолайлы фитосанитариялық жағдай жасауға;

өсімдік қорғау қызметінің оңтайлы құрылымын жасауға мүмкіндік береді.

жыл сайын жаңадан 1070 жұмыс орнын ашу.

### 3.5.2. Өсімдіктер карантині

Қазіргі жай-күйі

Қазақстанда 12 карантиндік объект таралған. ТМД-ның шекаралас елдерінде олардың саны 20-30, шектес мемлекеттер мен алыс шетелдерде олардың түрлерінің саны 100-ден асады;

Әкелінетін карантинге жатқызылған объектілердің көлемі ұлғайып барады, жыл сайын әлемдегі 100-ден астам елден карантиндік объектілердің еніп кету қаупін туғызатын карантинге жатқызылған материал келіп түседі;

Қазақстанға өнім импорттайтын көптеген елдерде карантиндік жағдай шиеленісуде. Республикамызда күрделі карантиндік ахуал қалыптасып отыр.

Карантиндік объектілердің ошақтары кеңейе түсуде.

**27-кесте**

**Қазақстан Республикасының аумағындағы карантиндік объектілердің саны мен таралатын алаңдары жөніндегі мәліметтер (2001 жылғы зерттеудің нәтижелері бойынша)**

| Карантиндік арамшөптер | Алаңы, мың га. | Карантиндік зиянкестер | Алаңы, мың га. |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| Жатаған укекіре | 1749,2 | Шығыс жеміс жемірі | 0,5 |
| Жусан жапырақты амброзия | 2,9 | Калифорниялық сымыр | 1,8 |
| Көпжылдық амброзия | 3,0 | Колорада қоңызы | 110,4 |
| Тікенекті паслен | 0,14 | Капр қоңызы | 12 ошақ |
| Арамшырмауықтар | 170,1 | Комсток құрты | 0,6 |
| | | Филлоксера | 2,3 |
| | | Дән қоңызы | Сауда орындарындағы ошақтары |

Республикалық деңгейдегі мемлекеттік басқаруды, реттеуді, жұмысты үйлестіруді және жымдастыруды Ауыл шаруашылығы министрлігі, облыстық ( қалалық) және аудандық деңгейде министрліктің тиісті аумақтық басқармалары жүзеге асырады.

**2002 жылы карантиндік зиянкестердің, өсімдіктер ауруларының және арамшөптердің таралуы**

(Картаны қағаз мәтінінен қараңыз)

Карантинге жатқызылған өнімді шекарада бастапқы тексеруден өткізуді, сондай-ақ үш километрлік аймақты зерттеуді шекара пункттері мен посттарының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жүзеге асырады.

Карантинге жатқызылған өнімнің келіп түскен орнында екінші рет тексеруден өткізуді және карантиндік объектілерді анықтауды, оларды әкеткенде тексеруді және сараптауды, сондай-ақ карантиндік объектілердің көбеюі мен таралуына мониторингта министрліктің тиісті аумақтық басқармаларының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жүзеге асырады.

Карантиндік объектілерді анықтау үшін аумақтарға зерттеу жүргізуді, карантиндік объектілердің көбеюі мен таралуына мониторингті "Фитосанитария" республикалық мемлекеттік кәсіпорны жүзеге асырады.

Химиялық өңдеуді ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өздері және келісім-шарт негізінде бәсекелес ортада өңдеу бойынша қызметтер көрсететін орындаушы фирмалар атқарады.

Карантинге жатқызылған өнімнің үлгілеріне талдау және сараптама жүргізуді , сондай-ақ объектілердің карантиндік түрлерге тиесілігін растауды, егілетін, тұқымдық импорттық материалдың карантиндік объектілермен көмескі залалдануын анықтауды "Республикалық карантиндік зертхана" мен Қазақстан

Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Жеміс-жидек дақылдарының республикалық жерсіндіру-карантиндік көшеттігі мемлекеттік мекемелері жүргізеді.

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңы қолданылып жүр.

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес карантиндік объектілерді оқшаулау және жою жөніндегі мемлекеттік іс-шараларды қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2000 жылға дейін карантиндік объектілерге қарсы күреске бюджеттен қаражат бөлінген жоқ. 2000 және 2001 жылдарда көрсетілген мақсаттарға 53,7 млн. теңге бөлінуі тиісінше 8,4 және 9,9 мың га. алаңда карантиндік объектілерге қарсы іс-шаралар жүргізуге мүмкіндік берді. 2002 жылға арналған республикалық бюджетте 24,4 мың гектарды өңдеуге 160 млн. теңге бөлінген.

Проблемалар:

Ауыл шаруашылығы министрлігінің орталық аппараты, оның облыстық, қалалық, аудандық аумақтық басқармалары, сондай-ақ шекаралық фитосанитариялық пункттер мен постылар өсімдіктер карантині жөніндегі инспекторлармен толықтырылмаған. Қосымша барлығы 274 бірлік қажет;

дәнді дақылдар бойынша жерсіндіру-карантиндік көшеттіктер жоқ;

жұмыс істеп тұрған карантиндік зертханалар мен жерсіндіру-карантиндік көшеттігін қаржыландыру көлемі жеткіліксіз;

облыстық, қалалық, аудандық аумақтық басқармалардың өсімдіктер карантині жөніндегі инспекторларының, сондай-ақ шекаралық фитосанитариялық пункттер мен постылардың материалдық-техникалық жарақтандырылуы нашар;

өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың өсімдіктер карантині саласындағы халықаралық нормалар мен стандарттарға сай әдістемелік, анықтамалық-ақпараттық әдебиетпен, карантиндік объектілер жөніндегі әдістемелермен қамтамасыз етілуі жеткіліксіз, Қазақстан Республикасының саудадағы негізгі әріптестері болып табылатын елдерде карантиндік объектілердің таралуындағы өзгерістер туралы ақпарат жоқ;

оқу мекемелерінде өсімдіктер карантині саласындағы мамандандырылған факультеттер болмауы себепті бұл сала бойынша білікті кадрлар жетіспейді;

карантиндік объектілерді оқшаулау және жою жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру өте мардымсыз.

Шаралар:

Ауыл шаруашылығы министрлігінің орталық аппаратын, оның аумақтық құрылымдарын және шекара мен транспорттағы фитосанитариялық пункттері

мен постыларын өсімдіктер карантині жөніндегі инспекторлармен толықтыруды аяқтау. Олардың материалдық-техникалық жарақтандырылуын нығайту;

далалық дақылдар бойынша білінбейтін залалдануды анықтау үшін екі жерсіндіру-карантиндік көшеттігін құру;

карантиндік зертханалар мен жерсіндіру-карантиндік көшеттіктерін материалдық-техникалық жарақтандыру;

Республикалық карантиндік зертхана құрамында өсімдіктер карантині бойынша әдіснама және кәсіби дамыту орталығын құру;

Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ) талаптарына сәйкес Өсімдіктер карантині жөніндегі Европалық және Жерорта теңізі ұйымына өту;

оқу орындарында, мамандандырылған ғылыми-зерттеу мекемелерінде және карантиндік зертханаларда өсімдіктер карантині бойынша мамандардың біліктілігін көтеру және оқыту;

өсімдіктер карантинінің өзекті мәселелері бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу;

карантиндік объектілерге қарсы күрес үшін республикалық бюджеттен жыл сайын қажетті көлемде қаражат бөлу;

бюджет қаражаты есебінен карантиндік объектілердің көбеюі мен таралуына мониторинг жүргізу, оларды оқшаулау және жою.

Қаржылық қамтамасыз ету

Өсімдіктер карантині саласындағы бағдарламаның орындалуы үшін 2003-2005 жылдарда республикалық бюджеттен 3117,72 млн. теңге сомасында қаражат бөлінуі қажет.

**28-кесте**

| Іс-шаралардың атауы | Қажетті сома млн. теңге | | |
|---|---|---|---|
| | 2003 жыл | 2004 жыл | 2005 жыл |
| АШМ-нің орталық аппаратында өсімдіктер карантині бойынша басқарма құру | 7,0 | 7,0 | 7,0 |
| АШМ-нің облыстық аумақтық басқармаларында өсімдіктер карантині бойынша бөлімдер құру | 8,5 | 8,5 | 8,5 |
| Жұмыс істеп тұрған ветеринариялық-фитосанитариялық постыларды өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлармен толықтыру | 31,0 | 46,6 | 46,6 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| АШМ-нің қалалық аумақтық басқармаларын өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлармен толықтыру | 6,2 | 6,2 | 6,2 |
| АШМ-нің аудандық аумақтық басқармаларын өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлармен толықтыру | 58,2 | 108,3 | 108,3 |
| Әдіснама және кәсіби даму орталығын құру | 16,0 | 16,0 | 16,0 |
| Негізгі құралдарды сатып алу | 80,0 | 70,0 | 20,0 |
| Өсімдіктер карантині жөніндегі инспекторларды қайта даярлау және олардың біліктілігін көтеру | 3,0 | 2,5 | 2,5 |
| Дәнді дақылдардың республикалық жерсіндіру-карантиндер көшеттіктерін құру | 7,74 | 7,81 | 9,3 |
| Материалдық-техникалық жарақтандыру | 3,08 | 4,9 | 4,9 |
| Жұмыс істеп тұрған республикалық карантиндік зертханаларды; | 17,72 | 18,67 | 18,67 |
| жұмыс істеп тұрған республикалық жерсіндіру-карантиндік көшеттіктерді ұстау және материалдық-техникалық қамтамасыз ету | 3,67 | 3,9 | 4,75 |
| Карантиндік объектілердің ошақтарын жою жөніндегі іс-шараларды жүргізу | 508,7 | 629,8 | 750,0 |
| Өсімдіктер карантині жөніндегі 119 шекаралық фитосанитариялық пункт пен посты үшін арнайы құрал-жабдық, іс ұйымдастыру техникасы мен басқа да құралдар сатып алу | | | 170,1 |
| ҚР АШМ-нің 16 облыстық аумақтық басқармалары үшін арнайы құрал-жабдық, іс ұйымдастыру техникасы мен басқа да құралдар сатып алу | | | 20,0 |
| ҚР АШМ-нің қалалық аумақтық басқармалары үшін арнайы құрал-жабдық, іс ұйымдастыру техникасы мен басқа да құралдар сатып алу | | | 41,0 |
| ҚР АШМ-нің аудандық аумақтық басқармалары үшін арнайы құрал-жабдық, іс ұйымдастыру техникасы мен басқа да құралдар сатып алу | | | 171,6 |
| Өсімдіктер карантині жөніндегі Еуропалық және Жерорта теңізі ұйымына өту (ӨКЕҰ) | 2,8 | 1,4 | 1,4 |
| Карантиндік объектілер бойынша ғылыми зерттеулер мен ұсынымдар әзірлеу | 9,0 | 9,0 | 9,0 |
| Өсімдіктер карантині бойынша барлығы | 1165,31 | 940,58 | 1011,83 |

Бөлінген қаржы көлемдері тиісті қаржылық жылға арналған республикалық бюджеттің жобасын республикалық бюджеттік комиссиясының қарауының нәтижесі бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен нақтылануы мүмкін

Күтілетін нәтижелер:

республика аумағында карантиндік объектілер бойынша қолайлы фитосанитариялық жағдай жасау;

республикамыздың өсімдіктер карантині жүйесінің халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкестігі;

өсімдіктер карантині жөніндегі халықаралық міндеттемелер мен келісімдердің орындалуын қамтамасыз ету;

республика аумағын карантиндік объектілерден қорғау жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру;

аграрлық азық-түлік қауіпсіздігін, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігі мен сыртқы рынокқа еркін шығуын қамтамасыз ету;

жыл сайын жаңадан 474 жұмыс орынын құру.

## 3.6. Мал шаруашылығы

Жалпы сипаттамасы

1998 жылдан бері мал мен құстың барлық түрі санының тұрақтану үрдісі байқалады, 1998 жылмен салыстырғанда 2001 жылы өсім мынадай болды: мүйізді ірі қара мал - 8,5% (соның ішінде сиыр - 6,3 %), қой - 9,7, шошқа - 26, түйе - 8,3 және құс - 24,4 %, ал жылқы саны 1998 жылғы деңгейде қалды.

Мал шаруашылығы өнімін өндірудің қазіргі көлемі ішкі рыноктың төлем қабілетті сұранысының деңгейімен сәйкес келеді. Ішкі рыноктың сыйымдылығы шектеулі және өзінің табиғи өсу қарқыны болғанымен халықтың төлем қабілетіне тәуелді. Сондықтан мал шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрі ішкі рынокқа - сүт өндірісіне, сондай-ақ құс, шошқа және жылқы шаруашылықтары өнімдерін өндіруге бағдарланған.

1990 жылдарда сүт өндірісінің жалпы көлемінің 61%-ы және ет өндірісінің жалпы көлемінің 71%-ы қайта өңдеу кәсіпорындары арқылы өңделді. Бүгінгі таңда өңдеу деңгейінің төмендеуіне байланысты ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер ішкі рынокта шикізатты: сүттің - 92 %-ы және еттің - 85%-ына дейін бастапқы өңдеусіз сатуға мәжбүр.

(Картаны қағаз мәтінінен қараңыз)

### 3.6.1. Мал тұқымын асылдандыру ісі

29-кесте

**Ағымдағы жай-күйі**

| Мал түрі | 01.01.1990 ж. жағдай бойынша: Асыл тұқым. ды мал шаруа. шылық. тар саны | Барлы. ғы, мың бас | оның ішінде: асыл тұқым мал, мың бас | оның ішінде: оның ішінде аналық мың бас | асыл тұқ. мал. үлес салм. % | 01.01.2001 ж. жағдай бойынша: Асыл тұқым. ды мал шаруа. шылық. тар саны | Барлы. ғы, мың бас | оның ішінде: асыл тұқ. мал, мың бас |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| МІҚ | 385 | 9818.4 | 1464.6 | 626.8 | 15 | 120 | 4106,6 | 134,5 |
| Қой | 241 | 36222.7 | 6791.4 | 4105.6 | 19 | 73 | 9981,1 | 347,4 |
| Шошқа | 72 | 3262.3 | 805.8 | 77.6 | 24 | 7 | 1076,0 | 14,9 |
| Жылқы | 84 | 1618.8 | 147.4 | 54.9 | 9 | 20 | 976,0 | 9,5 |
| Түйе | 13 | 143 | 67,7 | 31,4 | 47 | 7 | 98,2 | 4,9 |
| Құс | 21 | 59899 | 12336,9 | 640 | 20 | 12 | 19705,7 | 893 |
| | | 8 2 8 | | | | | | 2 4 2 |

(таблицаның жалғасы)

| Мал түрі | оның ішінде: оның ішін. аналық мал. мың бас | оның ішінде: асыл тұқым мал. үлес салм. % | 01.01.2002 ж. жағдай бойынша: Асыл тұқым. ды мал шаруа. шылық. тар саны | Барлы. ғы, мың бас | оның ішінде: асыл тұқым мал, мың бас | оның ішінде: оның ішінде аналық, мал. мың бас | оның ішінде: асыл тұқ. мал. үлес салм. % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| МІҚ | 52,4 | 3,2 | 79 | 4293,5 | 123,3 | 49.4 | 2,9! |
| Қой | 231,1 | 3,5 | 68 | 10478,6 | 390,9 | 256,2 | 3,8! |
| Шошқа | 0,8 | 1.4 | 4 | 1123,8 | 20.1 | 0.8 | 1,8! |
| Жылқы | 4,1 | 1 | 35 | 989,5 | 9 | 4 | 0,9! |
| Түйе | 2,6 | 5 | 11 | 103,8 | 5,4 | 2,7 | 5,3! |
| Құс | 300 | 4.5 | 9 | 21130,2 | 376,9 | | 1,8! |
| | | | 2 0 9 | | | | ! |

"Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 14.12.2001 ж. N 269-II Заңы және заңға тәуелді актілер қабылданды.

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган заңның негізінде заңға тәуелді актілерді мемлекеттік реттеуді әзірлеп асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілерін аттестаттауды, асыл тұқымды мал шаруашылығының аттестатталған субъектілерінің қызметін бақылау мен қадағалауды, сондай-ақ салаға мемлекеттік қолдау көрсетуді жүзеге асырады.

Аттестатталған асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілерін республикалық бюджеттен мемлекеттік қолдаудың негізгі нысандары мыналар болып табылады:

асыл тұқымды малдардың, соның ішінде тектік қоры шектеулі тұқымдардың тектік қорын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған іс-шараларды субсидиялау;

отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін асыл тұқымдық өнімге (материалға) қол жеткізімділігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды субсидиялау;

ғылыми зерттеулер бағдарламаларын қаржыландыру.

Жергілікті мемлекеттік органдар да "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының 14.12.2001 ж. N 269-II Заңына және заңға тәуелді актілерге сәйкес республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын қолдау нысандарынан басқа бағыттар бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығына мемлекеттік қолдау көрсетуге құқылы.

Асыл тұқымдық базаны қалпына келтіру жұмысы басталды:

мал шаруашылығы бойынша "Асыл түлік" ААҚ асыл тұқымдық орталығы құрылып, оған 56 бұқа және бұқа ұрықтарын алуға, мұздатуға және сақтауға арналған арнайы технологиялық жабдықтар әкелінді, аймақтарда 18 облыстық дистрибьютерлік орталық құрылды;

етті құс шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық "Астана құс" ААҚ

шаруашылығы құрылды, "Сибиряк" кросса құсы әкелінді және республикамыздың құс фабрикаларын асыл тұқымдық жұмыртқамен қамтамасыз ету басталды.

Проблемалар:

бағалы гендік қордың, әсіресе келешектегі селекциядағы жұмысқа қажетті сирек кездесетін және саны аз тұқымдардың жойылып кету қаупінің төнуі ғалымдар мен практиктердің көп жылдық еңбегімен жасалған малдың отандық тұқымдары мен тұрпаттарының нашарлауына әкеп соғады;

барлығы 209 асыл тұқымды шаруашылық қана қалды, 1990 жылғымен салыстырғанда асыл тұқымды мал басының үлес салмағы: ірі қара мал - 15 %-дан 2,9 %-ға дейін, қой - 19-дан - 3,8 %-ға дейін, жылқы - 9-дан - 1 %-ға дейін, шошқа - 24-тен - 1,8 %-ға дейін, құс - 20-дан 01,8%-ға дейін қысқарды, бұл республикамыздың асыл тұқымды төлге мұқтаждығын тек 5 - 8 %-ға ғана өтей алады;

табынды өз төлінен өсіруде 95 %-ға дейін тегі (гендік тұрпаты) мен өнімділік сапасы белгісіз "қолтума" малдардың пайдаланылуы малдың тұқымдылығы нашарлауына, сондай-ақ өнімділігі 2 есе азаюына және тиісінше алынатын өнімнің өзіндік құнының қымбаттауын әкеп соғады;

мал шаруашылығындағы мал тұқымын асылдандыру ісін қаржылай қолдаудың көлемі аз болуы, малдың жасы мен жынысы бойынша топтарын есепке ала отырып, асылдандыру ісін қаражаттандырудың анық тетіктерінің болмауы малдардың құнды гендік қорын сақтау және молайту саласындағы қиын жағдайды түзете алмайды.

Шаралар:

асыл тұқымдық өнім өндіру көп шығынды талап етеді. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің басым бөлігінің асыл тұқымдық өнімге қол жеткізуін мемлекет қамтамасыз етуі тиіс. Бұл үшін мынадай:

өткізілген асыл тұқымды төлді жартылай (50%-ға дейін) арзандату;

өткізілген асыл тұқымды жұмыртқаны жартылай (50%-ға дейін) арзандату;

өткізілген асыл тұқымды бұқаның ұрығын жартылай (50%-ға дейін) арзандату;

асыл тұқымды бұқаларды сатып алуға және өсіруге, сондай-ақ олардың ұрықтарын сақтауға және мал шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық орталық үшін арнайы құрал-жабдық сатып алуға жұмсалған шығынды толық өтеу;

асыл тұқымды малдың саны аз немесе жойылып бара жатқан түрлері мен селекциялық-генетикалық орталықтарда коллекциялық табындар құру үшін сатып алынған арнайы технологиялық жабдықтардың құнын толық өтеу бағыттарын қаражаттандыру қажет.

**30-кесте**

**Қаржылық қамтамасыз ету**

**млн. теңге**

| Бюджеттік бағдарламаның атауы | 2002 жылы нақты бөлінгені | Қажеттік 2003 | Қажеттік 2004 | Қажеттік 2005 |
| --- | --- | --- | --- | --- |
| Элиталық тұқым шаруашылығы мен асыл тұқымды малды сақтау және дамыту: | | | | |
| - өткізілген асыл тұқымды өнімнің (материалдың) құнын арзандату*; | | | | |
| - мал шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық орталық құруға және етті құс | 630 | 716 | 805 | 888 |
| шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық шаруашылықты қалпына келтіруге жұмсалған шығынды қаржыландыру*; | 67 | 58 | 58 | 58 |
| - коллекциялық табындар құру үшін сатып алынған малдардың және арнайы жабдықтардың құнын арзандату*. | 66 | 66 | 66 | 66 |
| Барлығы: | 763 | 840 | 929 | 1012 |

* кіші бағдарлама.

Бөлінген қаржы көлемдері тиісті қаржылық жылға арналған республикалық бюджет жобасын республикалық бюджет комиссиясының қарауының нәтижесі бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен нақтылануы мүмкін

Күтілетін нәтиже:

малдың барлық түрлерінің асыл тұқымды төлінің 50%-ға дейін, бұқа ұрықтарының 40%-ға дейін және асыл тұқымды жұмыртқаның 50%-ға дейін арзандатылған өзіндік құны бойынша асыл тұқымдық өнімге қол жеткізуді қамтамасыз ету асыл тұқымдық өнімді (материалды) өткізудің көлемін 2006 жылы 1,5 есе көбейтуге мүмкіндік береді;

жақсартқыш тұқымды бұқалардың ұрығымен сиырларды қолдан ұрықтандырудың көлемін 2001 жылғы 216 мыңнан 2005 жылы 395 мың басқа немесе 1,8 есе ұлғайту арқылы табынның сапасын қамтамасыз ету;

республикалық асыл тұқымдық орталықтың және мал шаруашылығы жөніндегі дистрибьютерлік орталықтардың тұқым жақсартқыш өнімділігі

жоғары бұқалардың ұрықтарын алу, мұздату, сақтау және пайдалану жөніндегі жұмысын қалпына келтіру;

коллекциялық табындарда, құрылатын селекциялық-генетикалық 4 орталықта малдың саны аз немесе жойылып бара жатқан түрлерінің тектік қорын сақтау және селекция мақсатында пайдалану.

### 3.6.2. Сүтті мал шаруашылығын дамыту

**Асыл тұқымдық база және 2002 жылға арналған қаражаттандыру көлемі**

| Асыл тұқымдық шаруашылықтардың саны | Қолда бар мал басы, бас | | Асыл тұқымды төлді сату квотасы | | Асыл тұқ. өнімнің 1 ц. тірілей массасын арзандату нормативі | | 2002 ж. бөлінетін қаражаттандыру, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Барлығы | сон. ішін. аналық | бас | тонна | теңге | % | |
| 45 | 81407 | 32594 | 1207 | 386240 | 6900 | 50 | 26647,8 |

Басым мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған шаралары

| Жылдар | Асыл тұқ. өнімді сатудың күтілетін көлемі | | 1 ц. т/м асыл тұқ. өнімнің қалыптасқан құны, теңге | 1 ц. т/м асыл тұқ. өнім үшін арзандату нормативі | | Қажет қаражаттандыру, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | бас | тонна | | % | теңге | |
| 2003 | 8960 | 2689 | 13797 | 50 | 6900 | 185535 |
| 2004 | 9240 | 2773 | 13797 | 50 | 6900 | 191333 |
| 2005 | 9410 | 2822 | 13797 | 50 | 6900 | 194719 |

Мемлекет басымдықпен қолдайтын тұқымдық
(Картаны қағаз мәтінінен қараңыз)

### 3.6.3. Етті мал шаруашылығын дамыту

а) Етті мал шаруашылығын дамыту және мемлекеттік қолдау шаралары

**Мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 ж.ж. шаралары**

| Жылдар | Мемлекеттік қолдаудың бағыты | Асыл тұқ. өнімді сатудың күтілетін көлемі: бас | Асыл тұқ. өнімді сатудың күтілетін көлемі: тонна | 1 ц. т/м асыл тұқ. өнімнің қалыптасқан құны, теңге | 1 ц. т/м асыл тұқ. өнім үшін арзандату нормативі: % | 1 ц. т/м асыл тұқ. өнім үшін арзандату нормативі: теңге | Қажетті қаражат. тандыру, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2003 | басым. | 3882 | 1358,57 | 12625 | 50 | 6300 | 85590 |
| 2004 | дықпен | 4122 | 1442,7 | | | | 90895 |
| 2005 | | 4260 | 1490,0 | | | | 93870 |
| 2003 | орташа | 10 | 3548,3 | | 25 | 3100 | 110 |
| 2004 | | 11 | 3677,4 | | | | 114 |
| 2005 | | 12 | 3741,9 | | | | 116 |

Асыл тұқымдық база және 2002 ж. арналған қаражаттандыру көлемі

| Асыл тұқымдық шаруашылықтардың саны | Қолда бар мал басы, бас: барлығы | Қолда бар мал басы, бас: соның ішінде аналық | Асыл тұқымды төлді сату квотасы: бас | Асыл тұқымды төлді сату квотасы: тонна | Асыл тұқ. өнімнің 1 ц. тірілей массасын арзандату нормативі: теңге | Асыл тұқ. өнімнің 1 ц. тірілей массасын арзандату нормативі: % | 2002 ж. бөлінетін қаражаттандыру, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 23 | 41937 | 16791 | 3048 | 1158,5 | 6300 | 50 | 72643,3 |

(Картаны қағаз мәтінінен қараңыз)

ә) Қой шаруашылығын дамыту және мемлекеттік қолдау шаралары

**Жүн өндіруді мемлекеттік қолдаудың 2002 жылға арналған шаралары**

Мемлекеттік !Асыл тұқ. өнімді !1 ц. т/м асыл!1 ц. т/м асыл ! Қажет

| Мемлекеттік қолдаудың бағыты | Асыл тұқ. өнімді сатудың күтілетін көлемі, бас | тонна | 1 ц. т/м асыл тұқ. өнімнің қалыптасқан құны, теңге | 1 ц. т/м асыл тұқ. өнім үшін арзандату нормативі, теңге | % | Қажет қаражат. тандыру, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Басымдықпен | 80258 | 4013 | 12640 | 6320 | 50 | 253617 |
| Австрал. меринос | 190 | 7,8 | 60000 | 30000 | 50 | 2340 |

Ет өндіруді мемлекеттік қолдаудың 2002 жылға арналған шаралары

| Мемлекеттік қолдаудың бағыты | Асыл тұқ. өнімді сатудың күтілетін көлемі, бас | тонна | 1 ц. т/м асыл тұқ. өнімнің қалыптасқан құны, теңге | 1 ц. т/м асыл тұқ. өнім үшін арзандату нормативі, теңге | % | Қажет қаражат. тандыру, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Басымдықпен | 16500 | 817 | 10441 | 5221 | 50 | 42655 |
| Орташа | 31100 | 1196 | 10441 | 2610 | 25 | 31215 |

| Жылдар | Мемлекет. тік қол. даудың бағыты | асыл тұқ. өнімді сатудың күтілетін көлемі, бас | тонна | 1 ц. т/м асыл тұқ. өнімнің қалыптасқан құны, теңге | 1 ц. т/м асыл тұқ. өнім үшін арзандату нормативі, % | теңге | Қажет қаражат. тандыру, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

40820 2040,9 12640 50 6320 128986

2004 дықпен 83090 2154,5 136163

2005 43990 2199,3 138996

2003 Австрал. 195 7,8 60000 50 30000 2340

2004 меринос 195

2005 195

(Картаны қағаз мәтінінен қараңыз)

б) Шошқа шаруашылығын дамыту және мемлекеттік қолдау шаралары

**Мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған шаралары**

| Жылдар | Мемлекет. тік қол. даудың бағыты | асыл тұқ. өнімді сатудың күтілетін көлемі, тонна | 1 ц. т/м асыл тұқ. өнімнің қалыптасқан құны, теңге | 1 ц. т/м асыл тұқ. өнім үшін арзандату нормативі, % | теңге | Қажет қаражат. тандыру, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2003 | басым. | 100,9141 | 18800 | 50 | 9400 | 9486 |
| 2004 | дықпен | 121,106 | | | | 11384 |
| 2005 | | 142,851 | | | | 13428 |
| 2003 | орташа | 62,620 | 20000 | 25 | 5000 | 3131 |
| 2004 | | 72,270 | | | | 3612 |
| 2005 | | 73,600 | | | | 3680 |

Асыл тұқымдық база және 2002 ж. арналған қаражаттандыру көлемі

| Асыл тұқымдық шаруашылықтардың саны | Тұқымдары | Қолда бар мал басы, бас: барлығы | соның ішінде аналық | Асыл тұқымды төлді сату квотасы: бас | тонна | Асыл тұқ. өнімнің 1 ц. тірілей массасын арзандату нормативі: теңге | % | 2002 ж. бөлінетін қаражаттандыру, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | ірі ақ шошқа | 17740 | 502 | 4651 | 395,4 | 9400 | 50 | 37167 |
| 1 | немістің түсімді шошқа | 2391 | 250 | 4286 | 300 | 5000 | 25 | 15000 |

(Картаны қағаз мәтінінен қараңыз)

в) Жылқы шаруашылығын дамыту және мемлекеттік қолдау шаралары

**2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік қолдау шаралары**

| Жылдар | Мемлекет. тік қол. | асыл тұқ. өнімді сатудың күтілетін | 1 ц. т/м асыл тұқ. өнімнің | 1 ц. т/м асыл тұқ. өнім үшін | Қажет қаражат. |
|---|---|---|---|---|---|

!даудың ! көлемі, тонна !қалыптасқан ! арзандату ! тандыру,
!бағыты ! ! құны, теңге ! нормативі !мың теңге
! !-----------------! !--------------!
! ! бас ! тонна ! ! % ! теңге !
---------------------------------------------------------------------------
2003 басым. 732 241,61 15000 50 7500 18121
2004 дықпен 780 257,65 19324
2005 801 264,47 19835
2003 орташа 253 75,95 16400 25 4100 3114
2004 256 76,95 3155
2005 263 79,1 3243--------------------------------------------
---------------------------------

**Асыл тұқымдық база және 2002 ж. арналған қаражаттандыру көлемі**

---------------------------------------------------------------------------
Асыл тұқымдық !Қолда бар мал! Асыл тұқымды ! Асыл тұқ. ! 2002 ж.
шаруашылықтардың! басы, бас ! төлді сату ! өнімнің 1 ц. ! бөлінетін
саны ! ! квотасы ! тірілей ! қаражаттан.
! ! ! массасын ! дыру, мың
! ! ! арзандату ! теңге
! ! ! нормативі !
!------------!--------------!--------------!
!барлы.!соның ! бас ! тонна ! теңге ! % !
!ғы !ішінде! ! ! ! !
! !аналық! ! ! ! !
---------------------------------------------------------------------------
9025 3983 1116 358,0 7500 50 23297
---------------------------------------------------------------------------

(Картаны қағаз мәтінінен қараңыз)

г) Құс шаруашылығын дамыту және мемлекеттік қолдау шаралары

**Басым мемлекеттік қолдау шаралары** --------------------------------------------------
- - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - -

Жылдар! Аталық !Асыл тұқ. жұмырт.!1 дана асыл !Арзандату нор.! Қаражат.
! !сатудың күтілетін!тұқ. жұмырт. !мативі 1 дана ! тандыру
! ! көлемі, мың дана!қалыптасқан !асыл тұқым ! қажеттігі
! ! !өзіндік. құны!жұмыртқа үшін !мың теңге
! ! !теңге !--------------!
! ! ! !өз/құн.!теңге !
---------------------------------------------------------------------------
жұмыртқа 4135 16,6 42,1 7 28945

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | бағыты | | | | | |
| 2003 | ет бағыты | 2970 | 25,1 | 55,8 | 14 | 36204 |
| | үйрек | 1870 | 46 | 19,6 | 9 | 12600 |
| | жұмыртқа бағыты | 5428 | 17,7 | 39,5 | 7 | 28945 |
| 2004 | ет бағыты | 3500 | 26,3 | 53,2 | 14 | 41600 |
| | үйрек | 3378 | 47 | 19,1 | 9 | 16830 |
| | жұмыртқа бағыты | 6900 | 18,8 | 37,2 | 7 | 48300 |
| 2005 | ет бағыты | 4570 | 26,3 | 53,2 | 14 | 63980 |
| | үйрек | 3900 | 48 | 18,7 | 9 | 35100 |

**Асыл тұқымдық база және 2002 ж. арналған қаражаттандыру көлемі**

| Асыл тұқымдық шаруашылықтардың саны | Қолда бары, құс басы: барлығы | соның ішінде мекиен | мың дана | 1 дана асыл тұқ. жұмыртқа арзанда. нормативі | 2002 ж. бөлінетін қаражаттан. дыру, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 9 | 376945 | 228941 | | | |
| жұмыртқа бағытындағы | | | 2600 | 7 | 18200 |
| ет бағытындағы | | | 2586 | 14 | 36204 |
| үйрек | | | 1400 | 9 | 12600 |

(Картаны қағаз мәтінінен қараңыз)

Шаралар:

1. Сүт өндіру бойынша:

ірі қалалар мен аудан орталықтарының маңайындағы аймақтарда сүт өндіруді өнімінің сапалы болуына және оны ішкі рынокқа шығаруға бағыттау. Осы мақсатта мал тұқымын асылдандыру орталығының тұқым жақсартқыш бұқаларының ұрығымен сиырларды қолдан ұрықтандыруды кеңінен енгізу

арқылы асыл тұқымды емес малды жоғары өнімді малдармен алмастыруды жүргізу.

2. Сиыр етін өндіру бойынша:

сиыр етін өндіруді аз шығынды технологияға бағдарлау, яғни ішкі және сыртқы рыноктардың сыйымдылығын ескеріп, малдың арнайы етті тұқымдарын және табиғи жайылымдық алқаптардың экологиялық мүмкіндіктерін мейлінше тиімді пайдалану.

3. Қой шаруашылығы бойынша:

қойдың арнайы майлы-етті және қаракөл тұқымдарын өсіруді тірілей немесе жас тоқтының еті түрінде экспортқа бағдарланған, сондай-ақ сыртқы рынокқа бағытталған меринос жүнін өндіру үшін арнайы биязы жүнді қойдың тұқымдарын көбейту.

4. Шошқа шаруашылығы бойынша: ішкі рынокқа бағытталған, арнайы шаруашылықтарды біртіндеп дамытуға бағдарланған шошқа етінің өндірісі.

5. Жылқы шаруашылығы бойынша: арнайы жылқы тұқымдарының отандық селекциялары мен жайылымдық алқаптарды пайдалануды ескеріп, ішкі рыноктың ет пен қымызға қажеттігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ асыл тұқымды спорттық жылқы шаруашылығын дамытуға бағыттау.

6. Түйе шаруашылығы бойынша: бұл малдың өнімдерін өндіруге (ет пен шұбат) сұраныстың шектеулі болуына байланысты ең алдымен ішкі рынокқа және асыл тұқымды түйе шаруашылығын дамытуға бағыттау.

7. Құс шаруашылығы бойынша: құс еті мен жұмыртқа өндіруді ішкі рыноктың сұранысын қанағаттандыруға және импортты ығыстырып шығаруға бағыттау. Бұл саланы дамыту үшін "Астана құс" базасында ет бағытындағы құстың тұқымын асылдандыру базасын қалпына келтіру жөніндегі жұмысты жалғастыру және арнайы аталық іздердің базасында жұмыртқа өндірісін құс шаруашылығы бойынша қалпына келтіру жұмысын бастау.

Мал шаруашылығы саласындағы аймақтық саясаттың негізгі бағыттары:

Орталық аймақ (Атырау, Қарағанды, Маңғыстау облыстары, Ақтөбе, Қостанай, Батыс Қазақстан, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарының оңтүстік бөлігі). Етті мал шаруашылығы, етті-майлы қой шаруашылығы және өнімді жылқы шаруашылығы басым бағыттар деп танылды;

Оңтүстік аймақ (Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары). Бұл аймақта сүтті мал шаруашылығы, биязы жүнді қой шаруашылығы және қаракөл елтірісі шаруашылығы басым бағыттар болып табылады;

Солтүстік аймақ (Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстары және Ақмола,

Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстарының солтүстік аймақтары). Аймақ негізінен сүтті мал шаруашылығын, биязы жүнді қой шаруашылығын дамытуға бағдарланған.

Күтілетін нәтиже

**31-кесте**

**2002-2005 ж.ж. мал құс басына болжам**

**мың бас, жылдың аяғына**

| | Нақты 2000 | Нақты 2001 | Бағалау 2002 | Болжам 2003 | Болжам 2004 | Болжам 2005 | 2005 ж. 2000 жылға % есебімен |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ірі қара мал | 4107 | 4294 | 4410 | 4550 | 4700 | 4840 | 118 |
| соның ішінде сиыр | 2015 | 2077 | 2130 | 2200 | 2270 | 2350 | 117 |
| Қой мен ешкі | 9981 | 10479 | 10700 | 11000 | 11350 | 11700 | 117 |
| Шошқа | 1076 | 1124 | 1180 | 1220 | 270 | 1310 | 122 |
| Жылқы | 976 | 990 | 1000 | 1020 | 1045 | 1075 | 110 |
| Түйе | 98 | 104 | 105 | 108 | 111 | 114 | 116 |
| Құс | 19706 | 21130 | 21800 | 22570 | 23350 | 24200 | 123 |

**32-кесте**

**2000-2005 жылдарда ет, сүт, жүн және тері шикізатын өндіру**

**мың тонна**

| Өндіріс | Нақты 2000 | Нақты 2001 | Бағалау 2002 | Болжам 2003 | Болжам 2004 | Болжам 2005 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Ет, барлығы (сойыс салмағы), | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| мың тонна | 623 | 654,5 | 672 | 691 | 712 | 735 |
| Сүт, барлығы, мың тонна | 3730 | 3923 | 4020 | 4120 | 4250 | 4380 |
| Жұмыртқа, млн. дана | 1672 | 1855 | 1920 | 1990 | 2060 | 2140 |
| Жүн, мың тонна | 22,9 | 23,6 | 24,3 | 25,1 | 26 | 27 |
| Тері шикізаты: ірі, мың дана | 1999 | 1976 | 2030 | 2100 | 2180 | 2300 |
| Тері шикізаты: ұсақ, мың дана | 5113 | 5289 | 5450 | 5630 | 5800 | 6000 |

Өнім өндіру 2001 жылғы деңгеймен салыстырғанда 2005 жылы табын санының өсімі, өз төлінен өсіруді жақсарту және сақтау есебінен ұлғайтылады:

ет бойынша 12%-ға (735 және 654,5 мың тонна);

сүт бойынша 12%-ға (4380 және 3923 мың тонна);

жұмыртқа бойынша 15%-ға (2140 және 1855 мың дана);

жүн бойынша 14%-ға (27 және 23,6 мың тонна);

ірі тері шикізаты бойынша 16%-ға (2300 және 1976 мың дана) және ұсақ тері шикізаты бойынша 13%-ға (6000 және 5289 мың дана).

Бәсекеге қабілетті өнім шығаруды ұлғайту және тұтастай алғанда экспорттық әлеуетті арттыру, ол өніммен ішкі рынокты толықтыру және импорттық сәйкес өнімді ығыстырып шығару.

Дайындау пункттерінің желісін құру және бағдарламаны іске асыруға жағдай туғызу.

Экспортты ұлғайту есебінен саланың басым бағыттарын тиімді дамыту қамтамасыз етіледі және сатып алу бағалары қымбаттайды.

Мал шаруашылығы өнімі бойынша ішкі рыноктың азық-түліктік қауіпсіздігін құру.

Мал шаруашылығы мен құс шаруашылығындағы асыл тұқымдық базаны қалпына келтіруге жағдай жасау.

**32а-кесте**

**Қосымша жұмыс орындарын құру (бірлік)**

| Бағыт | Жұмыс орындары құрылады | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 2003 ж. | 2004 ж. | 2005 ж. | Барлығы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сүтті мал шаруашылығы | 1800 | 1500 | 1500 | 4800 |
| Етті мал шаруашылығы | 260 | 120 | 120 | 500 |
| Қой шаруашылығы | 1140 | 1290 | 1320 | 3750 |
| Шошқа шаруашылығы | 1050 | 1400 | 1050 | 3500 |
| Жылқы шаруашылығы | 130 | 170 | 200 | 500 |
| Құс шаруашылығы | 200 | 400 | 400 | 1000 |
| Басқа салалар | 50 | 50 | 50 | 150 |
| "Асыл-Түлік" ААҚ | 12 | | | 12 |
| Қолдан ұрықтандыру пункттері | 630 | 630 | 690 | 1950 |
| Дайындау пункттері | 258 | | | 258 |
| Барлығы | 5530 | 5560 | 5330 | 16420 |

Қосымша жұмыс орындары:

сүтті мал шаруашылығында 320 сүтті-тауарлы ферманы қалпына келтіру және құрылысын салу есебінен;

етті мал шаруашылығында, қой шаруашылығында, жылқы шаруашылығында, шошқа шаруашылығында және басқа да салаларда табынды өз төлінен көптеп өсірудің және мал басын көбейтудің есебінен;

құс шаруашылығында 5 құс фабрикасын қалпына келтіру және жұмыс істеп тұрған құс фабрикаларындағы құстың санын арттыру есебінен ашылатын болады .

## 3.7. Ветеринария

Ағымдағы жай-күйі

Республикада мал мен құстың жұқпалы ауруларының 200-ден астам түрлері ұшырасады, соның ішінде 75-і аса қауіпті түрлеріне жатады, оның көбі адам мен мал үшін ортақ аурулар болып табылады. 2002 жылы республикалық бюджет қаражаты есебінен 38 ауру бойынша алдын алу іс-шараларын жүргізу жоспарлануда. Басқа аурулар бойынша ветеринариялық іс-шаралар өзге көздер есебінен қаржыландырылады.

Тұрақты табиғи ошақтардың болуынан және жүргізілетін алдын алу іс-шаралары деңгейінің жеткіліксіздігінен жыл сайын мал мен құстың әртүрлі аса қауіпті жұқпалы ауруларының 20-ға жуық ошағы тіркеледі. Республикада сібір жарасының 3 мыңнан аса ошағы, құтырудың, лептоспироздың ошақтары бар. Туберкулез бен бруцеллез бойынша қолайсыз 40 пункті бар.

Ауылда меншік түрінің, ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастыру

нысандарының өзгеруі және шаруашылық жүргізуші субъектілердің нарықтық қатынастарға көшуі ветеринария жүйесін түбегейлі қайта құруды және ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі жұмыс әдістерін қайта қарауды талап етті. Қолда бар мал басының 98 %-ы жеке меншік үй шаруашылығында және ауыл шаруашылығы құрылымдарында күтіп бағылады. Ауыл шаруашылығының мал басын толық қамту мақсатында ветеринариялық биологиялық препараттарды қолдану жергілікті жерлерде бәсекелес ортаға берілген және лицензиялы ветеринариялық дәрігерлер мұны конкурстық негізде жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Ветеринария туралы" 1995 жылы қабылданған заң күші бар қолданылып жүрген Жарлығы объективтік себептерге байланысты ескірді, ал оның негізгі ережелері кейіннен қабылданған базалық, экономикалық көптеген заңдарға қарама-қайшы келеді. Осыған байланысты ветеринария саласындағы реформаланып жатқан қоғамдық қатынастарды реттеу мақсатында қазір Қазақстан Республикасының Парламентінде қаралуда жатқан " Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жаңа жобасы әзірленді.

Мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың ұйымдық құрылымы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық қадағалау департаменті, ҚР АШМ-нің облыстық, аудандық, қалалық аумақтық басқармаларының ветеринариялық қадағалау бөлімдері болып табылады. 2364 ауылдық және кенттік аймақтарда ветеринариялық-санитариялық қадағалауды ҚР АШМ-нің аудандық, қалалық басқармаларының 1430 ветеринариялық инспекторы, 3255 ветеринариялық инспектор, соның ішінде шекарадағы және көліктегі мемлекеттік ветеринариялық бақылауды - 23 шекаралық ветеринариялық-фитосанитариялық бекеттер мен 133 постыларда 478 ветеринария маманы жүзеге асырады.

Проблемалар:

ветеринариялық қызмет көрсетудің бәсекелестік секторын дамыту: республика бойынша шамамен шартты түрде 7,9 млн. бас мал бар, оларға қызмет көрсету үшін нормативтер бойынша 12279 ветеринария маманы қажет, сонда әрбір ветеринария маманына шартты түрде 650 бас мал жүктелмек, алайда қазіргі уақытта мал шаруашылығына өндірістік ветеринариялық қызмет көрсетумен лицензиясы бар 6663 ветеринария маманы айналысады;

фармацевтикалық зауыттар мен фабрикалар болмағандықтан республикада антибиотиктер, антипаразитарлық және дезинфекциялық құралдар, республиканың мал шаруашылығы үшін фармакологиялық препараттар өндірілмейді, ветеринариялық биологиялық және фармацевтикалық препараттар мен құралдардың елеулі көлемі шетелдерден әкелінеді;

ауылдық және кенттік аймақтарда ветеринариялық инспекторлардың

жетіспеуі: 67,5% қамтылған;

республиканың ветеринариялық зертханалары техникалық жарақтандырылуы жөнінен қазіргі заман талаптарынан едәуір кейін қалған және ХАССП принциптеріне негізделген ДСҰ-ның мүше елдеріне қойылатын талаптарға жауап бермейді: ветеринариялық зертханалардың техникалық жарақтандырылуы халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкес келмеуінің салдарынан жүргізілетін сараптамалар әдіснамасының төмендігі және халықаралық деңгейдегі нормалар мен стандарттарға сәйкес келмеуі өз кезегінде ауыл шаруашылығы құрылымдарына малдан өндірілетін өнімдер мен шикізаттарды, сондай-ақ тірі малды алыс шетелдерге экспорттауға мүмкіндік бермейді;

шекарадағы ветеринариялық бақылау пункттері мен постылардың қызметтік үй-жайлармен, арнайы құрал-жабдықпен, байланыс құралдарымен, іс ұйымдастыру техникасымен, көлікпен қамтамасыз етілмеуі: қазіргі уақытта нарықтық қатынастардың, шағын және орта бизнестің дамуы есебінен тірі малдың, малдан өндірілетін өнімдер мен шикізаттың жеке бір облыс ішінде ғана емес, бүкіл республиканың және шекаралас елдердің аумақтары бойынша да бақылаусыз өтуі ұлғайып отыр.

**Малдардың өте қауіпті аурулары бойынша**
**2001 жылғы эпизоотиялық жағдай**

(Картаны қағаз мәтінінен қараңыз)

**МІҚ-ның бруцеллезі мен туберкулезі және МҰМ-дың бруцеллезі**
**бойынша 2002 жылғы 1 қаңтардағы эпизоотиялық жағдай**

(Картаны қағаз мәтінінен қараңыз)

Шаралар:

жыл сайынғы жоспарлы ветеринариялық - алдын алу эпизоотияға қарсы және ветеринариялық-диагностикалық іс-шараларды толық көлемінде жүргізу үшін қаржыны уақытылы бөлу;

ветеринариялық биологиялық және фармацевтикалық өнеркәсіпті дамыту, өндірісі жолға қойылмаған ветеринариялық биологиялық препараттарды, антипаразиттік және дезинфекциялық құралдарды, антибиотиктерді, дәрілік фармакологиялық препараттарды өндірудің жоғары технологияларын енгізу;

ауылдық және кенттік аймақтар үшін ветеринариялық инспекторлардың санын республикалық бюджет есебінен 2319 бірлікке дейін жеткізу, бұл үшін ветинспекторлардың 999 бірлігін ұстауға республикалық бюджеттен қосымша қаржыландыру талап етіледі;

бүгінде эпизоотиялық жағдай ауыл шаруашылығы малдарының ең кемінде 80%-ы ауыл шаруашылығы малдарының жұқпалы ауруларына қарсы міндетті түрде иммунделуін және бүкіл мал басы аса қауіпті жұқпалы ауруларға қарсы диагностикалық зерттелуін талап етеді;

ветеринариялық-фитосанитариялық постылар мен бекеттерді өздерінің қызметін мемлекеттік шекарада жүзеге асыратын мемлекеттік басқа бақылаушы органдармен бірге бірыңғай кешенді терминалдарда орналастыру туралы мәселені түбегейлі шешу және оларды байланыс құралдарымен, іс ұйымдастыру техникасымен, көлікпен және құрал-жабдықпен қамтамасыз ету;

ветеринариялық зертханаларды техникалық жарақтандыру үшін 806546,5 мың теңге сомасына, Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ) талаптарына сәйкес келетін қазіргі заманғы құрал-жабдықтар мен аппаратура сатып алу қажет;

тиісті лицензия алмаған, арнайы белгіленбеген орындарда мал союға тыйым салатын заңнамалық норма енгізу арқылы мал союдың ұйымдастырылуын ретке келтіру;

Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік Сауда Ұйымының (ДСҰ) талаптарына сай болуы мақсатында отандық ветеринариялық нормалар мен стандарттарды халықаралық ветеринариялық нормативтермен үйлестіру.

**Қаржылық қамтамасыз ету**

**33-кесте**

**"Ветеринариялық қызмет көрсету" бағдарламасын қаржыландырудың 2003-2005 жылдарға арналған көлемінің болжамы (мың теңге)**

| Бюджеттік кіші бағдарламалардың атауы | Жылдар 2003 ж. | 2004 ж. | 2005 ж. |
|---|---|---|---|
| Эпизоотияға қарсы күрес | 1500000,0 | 2000000,0 | 3024280,0 |
| Мал ауруларының диагностикасы | 1183488,2 | 1235870,6 | 1421251,0 |
| Республикалық ветеринариялық зертхана | 50018,0 | 53540,0 | 61571,0 |
| Ауыл шаруашылығы малдары мен құстарының туберкулезі мен бруцеллезіне қарсы күрес | 32500,0 | 74000,0 | 85100,0 |
| Малдар мен құстардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының ошақтарын жою | 120000,0 | 150000,0 | 172500,0 |
| Республикалық ветеринариялық | 24680,0 | 24979,0 | 28725,0 |

зертхананы материалдық-техникалық жарақтандыру
Ауылдық аймақтарда ветеринариялық 387612,0 - -
инспекторларды ұстауға қаражат бөлу
_________________________________________________________________
_ _ _ _ _ _ _
Ветеринария бойынша барлығы: 3298298,2 3538389,6 4793427,0
_________________________________________________________________
_ _ _ _ _ _ _

Бөлінген қаржы көлемдері тиісті қаржылық жылға арналған республикалық бюджет жобасын республикалық бюджет комиссиясының қарауының нәтижелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен нақтылануы мүмкін.

**34-кесте**

**Ветеринариялық зертханаларды техникалық қайта жарақтандыру бойынша шығыстардың қажеттілігі**

**(мың теңге)**

| Іс-шараның атауы | 2003 ж. | 2004 ж. | 2005 ж. | Жиыны |
|---|---|---|---|---|
| Облыстық, Астана және Алматы қалалық ветеринариялық зертханаларды техникалық жарақтандыру | 268848,8 | 268848,8 | 268848,8 | 806546,5 |

Күтілетін нәтижелер:

малдар мен құстарды аса қауіпті, соның ішінде адамдар мен малдарға ортақ аурулардан қорғау;

малдан өндірілетін өнімдер мен шикізаттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

республика аумағын жұқпалы аурулар қоздырғыштарының әкелінуінен қорғау.

## 4. Бәсекеге қабілеттіліктің өсуі және сату көлемін ұлғайту

### 4.1. Ауыл шаруашылығы өнімінің ішкі және сыртқы рыноктардағы бәсекеге қабілеттілігін бағалау

Ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігін анықтаудың критерийі:

Тиімділік, шығындарды азайту әлеуеті.

Бәсекелілік индексі:

ішкі рынокта, импорт бағасының ішкі рыноктағы сату бағаларына қатынасы ретінде есептеледі, сыртқы рынокта, әлемдік және ресейлік бағалардың экпорттық бағаларға қатынасы ретінде есептеледі.

Сұраныс-ұсыныс индексі:

ішкі рынокта, нақты қажеттіліктің отандық өндіріске қатынасы ретінде есептеледі, сыртқы рынокта, ішкі тұтынуды алып тастағанда экспорт көлемінің өндіріс көлеміне қатынасы ретінде есептеледі.

**35-кесте**

**2000 жылғы ауыл шаруашылығы өнімдерінің ішкі және сыртқы рыноктардағы бәсекеге қабілеттілігін талдау**

| Атауы | I өлшем | | | II өлшем | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Өзіндік құны, $ АҚШ/тонна | Сату бағасы | Тиім. ділік, % (3-б.,2-б.)/2 б.* 100 | Экспорт бағасы, $ АҚШ/тн | Импорт бағасы, $ АҚШ/тн | Ішкі рыноктағы бағасы, $ АҚШ/тн | Бәсекелік индексі, Іб* ішкі рынокта (6-б./3-б.) | Бәсекелік индексі, Іб* сыртқы рынокта (7-б./5-б.) |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Бидай | 48,9 | 65,0 | 32,9 | 90,9 | 202,8 | 114,1 | 3,1 | 1,3 |
| Күріш-шалы | 99,5 | 101,4 | 1,9 | 210,0 | 230,0 | 202,4 | 2,3 | 1,0 |
| Күнбағыс тұқымы | 92,2 | 116,3 | 26,1 | 132,0 | 147,0 | 200,5 | 1,3 | 1,5 |
| Қант қызылшасы | 37,2 | 29,7 | -20,2 | 365,4 ^ | 279,6 ^ | 180,0 | 9,4 | 0,5 |
| Шиті мақта | 239,2 | 282,3 | 18,0 | 936.4*** | 554.6*** | 1302,0 | 2,0 | 1,4 |
| Картоп | 96,9 | 109,8 | 13,3 | 194 | 84,0 | 159.8**** | 0,8 | 0,8 |
| Көкөніс | 65,8 | 65,8 | 0,0 | 77 | 105,0 | 470**** | 1,6 | 6,1 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сиыр еті | 606,2 | 428,5 | -29,3 | 852,6 | 1524,2 | 1957,0 | 3,6 | 2,3 |
| Шошқа еті | 1213,4 | 813,4 | -33,0 | 917,0 | 1621,1 | 2083,0 | 2,0 | 2,3 |
| Қой еті | 472,0 | 470,3 | -0,4 | 1193,8 | 2829,3 | 2619,0 | 6,0 | 2,2 |
| Жылқы еті | 564,5 | 460,7 | -18,4 | 953,0 | 913,5 | 0,0 | 2,0 | 0,0 |
| Құс еті | 992,5 | 829,1 | -16,5 | 1177,1 | 527,3 | 592,0 | 0,6 | 0,5 |
| Шикі сүт | | | | 115,0 | 120,0 | | 4,3 | |
| с.і. өңделген сүт | -- | 246,0 | -- | 483,0 | 380,0 | 410**** | 1,5 | 0,8 |
| Жүн | 546,1 | 370,5 | -32,2 | 428,0 | 521,0 | 4275,0 | 1,4 | 10,0 |
| Жұмыртқа, (мың дана) | 29,4 | 35,6 | 21,1 | 33,8 | 30,3 | 37,5**** | 0,9 | 1,1 |

(таблицаның жалғасы)

| Атауы | III өлшем | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Ұсыныс (өндіріс көлемі), мың тонна | Сұраныс | | | | |
| | | Ішкі рынокта тұтыну көлемі | Импорт көлемі, мың тонна | Экспорт көлемі, мың тонна | Сұраныс-ұсыныс индексі, Ісұр.** | |
| | | | | | ішкі рынокта (11-б./10-б.) | сыртқы рынокта 13/(10-11) |
| 1 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| Бидай | 9073,0 | 5089,0 | 1,5 | 4989,6 | 0,56 | 1,3 |
| Күріш-шалы | 214,0 | 209,6 е | 2,6 | 7,0 | 0,98 | 1,6 |
| Күнбағыс тұқымы | 105,0 | 110,0 | 31,9 | 0,6 | 1,05 | -0,1 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Қант қызылшасы | 273,0 | 384,0 | 324,2 | 4,9 | 1,41 | 0,0 |
| Шиті мақта | 287,0 | 247,5 | 45,8 | 85,3 | 0,86 | 2,2 |
| Картоп | 1693,0 | 1385,0 | 37,0 | 1,2 | 0,82 | 0,0 |
| Көкөніс | 1544,0 | 1322,0 | 9,9 | 71,8 | 0,86 | 0,3 |
| Сиыр еті | 306,3 | 337,4 | 1,5 | 0,3 | 1,10 | 0,0 |
| Шошқа еті | 133,4 | 93,9 | 0,5 | 0,5 | 0,70 | 0,0 |
| Қой еті | 91,2 | 94,9 | 0,1 | 0,0 | 1,04 | 0,0 |
| Жылқы еті | 54,1 | 59,7 | 0,0 | 0,0 | 1,10 | 0,0 |
| Құс еті | 33,3 | 49,3 | 19,9 | 0,05 | 1,48 | 0,0 |
| Шикі сүт с.і. өңделген сүт | 3730,0 | 3982,0 | 5,8 | 0,0 | 1,07 | 0,0 |
| Жүн | 22,9 | 13,1 р | 0,8 | 10,6 | 0,57 | 1,1 |
| Жұмыртқа, (мың дана) | 1692200,0 | 1686700,0 | 128140,0 | 1260,0 | 1,00 | 0,2 |

---

Ескерту: ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің мәліметтері
* Іб<1 - бәсеке қабілетсіз, Іб>1 - бәсеке қабілетті.
** Ісұр<1 - сұраныс жоқ, Ісұр>1 - сұраныс бар.
*** түтілмеген мақта талшығы
**** ресейлік бағалар
^ қамыс немесе қызылша қанты
е - есеп айырысу жолымен

Бидай, мақта, күріш - тиімді, ішкі және сыртқы рыноктарда бәсекеге қабілетті, ішкі рынокта ұсыныс сұранымнан жоғары, сыртқы рынокта сұраныстары бар;

күнбағыс тұқымы, картоп, көкөніс, сүт, жұмыртқа - тиімді, ішкі және сыртқы рыноктарда бәсеке қабілеті нашар, ішкі рынокта сұраныс ұсыныстан жоғары, сыртқы рынокта сұраныстары жоқ;

қант қызылшасы, сиыр еті, қой еті, жылқы еті, шошқа еті, құс еті, жүн - тиімділігі төмен, құс етінен басқасы ішкі және сыртқы рыноктарда бәсеке қабілетті, жүннен басқасының сыртқы рынокта сұраныстары жоқ.

Шаралар:

бидай, мақта, күріш - сыртқы рыноктарды кеңейтуді, ішкі тұтыну үшін дендеп өңдеудің көлемін және қайта өңделген өнім экспортының көлемін ұлғайтуды көздеу қажет (4.2., 5.3. бөлімдерді қараңыз);

күнбағыс тұқымы, картоп, көкөніс, сүт, жұмыртқа - тарифтік қорғаныс деңгейін күшейтуді талап етеді, мұның өзі ішкі өндірістің көлемін ұлғайтуға және ұқсас импорттарды ығыстырып шығаруға мүмкіндік береді (5.3. бөлімді қараңыз);

қант қызылшасы, сиыр еті, қой еті, жылқы еті, шошқа еті, құс еті, жүн - озық технологияларды енгізу арқылы өндіріс шығындарын азайтуды қажет етеді. Ауыл шаруашылығы өнімінің бұл түрі өңдеу өнеркәсібі үшін шикізат ретінде сұранысқа ие. Азық-түліктік топқа жататын қайта өңдеу өнімдері тиімді болып табылады және ішкі және сыртқы рыноктарда көбірек сұранысқа ие (3.3.1., 3.6.3., 4.5. бөлімдерді қараңыз).

## 4.2. Астық рыногының дамуы

**Астық өндірісі мен мониторингінің жағдайын талдау**

**36-кесте**

**Дәнді дақылдар түсімділігінің, өндірілуі мен тұтынылуының қарқыны (түсімділігі - ц/га; өндіру және тұтыну - мың тонна)**

| Облыстар | Дәнді дақылдар орта есеппен 1996-1998 ж.ж. | | Соның ішінде: бидай орта есеппен 1996-1998 ж.ж. | | Дәнді дақылдар орта есеппен 1999-2001 ж.ж. | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Түсімділігі | Өндіру | Түсімділігі | Өндіру | Түсімділігі | Өндіру | Тұтыну |
| Ақмола | 5,1 | 1882,8 | 5,3 | 1535.0 | 10,8 | 3260,3 | 1539,5 |
| Ақтөбе | 4,3 | 397,4 | 4,2 | 244,6 | 8,2 | 468,2 | 361,2 |
| Алматы | 11,2 | 606,6 | 8,9 | 336,3 | 15,4 | 745,4 | 969,4 |
| Атырау | 5,0 | 0,8 | 6,0 | 0,4 | 5.6 | 0,3 | 97,0 |
| Ш.-Қазақстан | 6,4 | 295,1 | 6,5 | 209,2 | 13.2 | 566,3 | 584,4 |
| Жамбыл | 10,4 | 356,9 | 7,6 | 223,9 | 12,5 | 382,2 | 393,4 |
| Б.-Қазақстан | 4,1 | 296,1 | 3,5 | 153,2 | 6,4 | 266,3 | 208,8 |
| Қарағанды | 4,4 | 345,6 | 4,4 | 290,0 | 8,7 | 523,1 | 355,5 |
| Қызылорда | 25,8 | 219,7 | 17,8 | 12,8 | 27,0 | 190,0 | 213,2 |
| Қостанай | 7,0 | 2311,6 | 6,5 | 1770,5 | 12,4 | 3379,0 | 1091,1 |
| Маңғыстау | - | - | - | - | - | - | 70,1 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Павлодар | 4,0 | 335,2 | 3,7 | 258,7 | 7,2 | 298,8 | 217,8 |
| С.-Қазақстан | 9,2 | 2701,0 | 7,2 | 1896.6 | 12,5 | 3524,3 | 1087,4 |
| О.-Қазақстан | 11,7 | 254,7 | 9,0 | 195,2 | 15,4 | 300,7 | 303,6 |
| Астана қ-сы | - | - | - | - | 10,5 | | 2,1 |
| Алматы қ-сы | - | - | - | - | 7,9 | | 1,4 |
| Барлығы | 6,9 | 10003,6 | 6,2 | 7126,5 | 11,5 | 13908,5 | 7492,3 |

(таблицаның жалғасы)

| Облыстар | Соның ішінде: бидай орта есеппен 1999-2001 ж.ж. | | |
|---|---|---|---|
| | Түсімділігі | Өндіру | Тұтыну |
| Ақмола | 10,5 | 2735.2 | 937,3 |
| Ақтөбе | 8,4 | 357,4 | 203,4 |
| Алматы | 14,0 | 399,0 | 720,2 |
| Атырау | 6,0 | 0,1 | 97,0 |
| Ш.-Қазақстан | 13,2 | 381.5 | 347,9 |
| Жамбыл | 11,6 | 242,2 | 276,8 |
| Б.-Қазақстан | 6,1 | 193,8 | 155,0 |
| Қарағанды | 8,5 | 448,2 | 237,8 |
| Қызылорда | 12,6 | 12,7 | 175,3 |
| Қостанай | 12,5 | 3036,6 | 837,3 |
| Маңғыстау | - | - | 70,1 |
| Павлодар | 7,6 | 211,8 | 172,0 |
| С.-Қазақстан | 12,2 | 2762,1 | 731,7 |
| О.-Қазақстан | 14,1 | 225,3 | 254,1 |
| Астана қ-сы | 10,1 | | 1,7 |
| Алматы қ-сы | 7,4 | | 0,9 |
| Барлығы | 11,2 | 11008,5 | 5215,9 |

Астық - елдің азық-түліктік қауіпсіздігінің негізгі компоненті.

Соңғы үш жылда (1999-2001 ж.ж.) дәнді дақылдар егіс алаңдарының тұрақтанғандығына орай олардың түсімділігі өткен үш жылмен (1996-1998 ж.ж.) салыстырғанда 4,8 ц/гектарға немесе 67%-ға өсіп, 11,5 ц/гектарға жетті. Астық өндіру 3,9 млн. тоннаға немесе 39%-ға ұлғайды және орташа жылдық деңгейі

шамамен 13,9 млн. тоннаға жетті.

Негізгі экспорттық дақыл - бидай өндірудің көлемі 1996-1998 жылдардағы 7,1 млн. тоннадан 1999-2001 жылдарда 11,0 млн. тоннаға дейін өсті.

Қазақстан астық экспорттаудан әлемде алтыншы орынды иемденеді. Қазақстанның бірегей климаты басқа елдердің бидай ұнының қасиеттерін жақсартушы ретінде әлемдік рынокта сұраныcқа ие болып отырған жоғары сапалы, құрамында протеин мол астықтың қалыптасуына ықпал етеді.

"Астық туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау астық рыногына қатысушылардың қызметін нақты құқықтық реттеуді қамтамасыз етті, оны дамытудың негізін жасады.

Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекеттік қолдау мақсатында белгіленген баға бойынша жыл сайын мемлекеттік ресурстарға астық сатып алу жүргізіледі, ал 2001 жылдан бастап көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге аванс беруді, астық бағасының демпингін болдырмауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін астық сатып алудың фьючерстік екі деңгейлі жүйесі енгізілді.

Астықтың ішкі рыногын тұрақтандыру және реттеу, нан және тоқаш нан тағамдарының бағасы негізсіз қымбаттауына жол бермеу мақсатында көктем-жаз кезеңінде астықтың сату резервтерінен интервенция жүргізіліп тұрады.

Астық қабылдайтын кәсіпорындардың астық сақтау жөніндегі қызметін лицензиялаудың енгізілуі олардың қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Астық қолхаттарын енгізу жөніндегі жұмыс басталып кетті, оның қаржы құралы болып табыла отырып өтімді кепілді қамтамасыз етуді жасау арқылы екінші деңгейдегі банктердің кредит ресурстарын іске қосуға мүмкіндік береді, бұл астық демпингін болдырмайды және маусымдық кредит беруге жағдай жасайды.

Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тұқым, жанар-жағармай, минералдық тыңайтқыштар, гербицидтер, ауыл шаруашылығы техникаларына қосалқы бөлшектер сатып алуы үшін көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына, ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға лизингтік негізде жеңілдетілген кредит ресурстары бөлінеді.

Астықтың мемлекеттік ресурстары қалыптасты, мұның өзі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тұқымдық материалға, мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының жемге қажеттіліктерін тұрақты қамтамасыз етуге, астық ішкі рыногының реттелуін және мемлекетаралық келісімдердің орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осының барлығы еліміздің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, астықтың экспорттық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Соңғы үш жылда (1999-2001) шалы күрішін өндірудің орташа түсімділігі 28,8 ц/га болып, жыл сайынғы түсімі 204,1 мың тонна көлемінде тұрақтанды, оны көшеттік тәсілмен өсірудің су үнемдегіш технологиясын енгізу басталды.

Соңғы жылдары майлы дақылдардың егістік алаңының азаю үрдісі байқалуда , сонымен қатар түсімділігінің 4-6 ц/га деңгейінде тұрақтануы майлы дақылдардың жалпы өнімін 18-20%-ға арттыруға мүмкіндік берді.

Қытайбұршақ егістігінің 2 еседен аса ұлғаюы бұл дақыл рентабелдігінің жоғарылығына және оны сату рыногының болуына байланысты. Қытайбұршақтың жалпы түсімі 3 есеге артып, 9,8 мың тонна болды.

Рапс және қыша сияқты дақылдардың алаңдары тиісінше 4 және 2,5 есеге, мақсыр - 9 %-ға азайды.

**3-диаграмма**

**Дақылдар бойынша астықтың 1999-2001 жылдардағы орташа өндіріс құрылымы**

**(өңделгеннен кейінгі салмағы)**

(қағаз мәтіннен қараңыз)

**4-диаграмма**

**Дақылдар бойынша астықтың 2001 жылғы астық өндірісінің құрылымы**

**(өңделгеннен кейінгі салмағы)**

(қағаз мәтіннен қараңыз)

Проблемалар:

егіншілік мәдениетінің төмендігі, минералдық тыңайтқыштарды енгізудің жеткіліксіздігі, сапасыз тұқымдарды пайдалану дәнді дақылдар түсімділігінің ықтимал мүмкіндігін 1,5 - 2 есе төмендетіп, өндірілетін астықтың сапасын кемітуге әкеп соқтырады. Бидай дәніндегі дән маңызының орташа мөлшері 1986-1991 жылдардағы 28-32 %-бен салыстырғанда 1992-1999 жылдары 20,8 - 23,7%-ға азайды;

астық сапасының төмендеуі ұн етіп тартылатын астық партияларының қалыптасуын қиындатады, Қазақстан астығының бәсекеге қабілеттілігі мен оның экспорттық әлеуетін азайтады.

**37-кесте**

**Республиканың астық қабылдау кәсіпорындарына сақтауға қабылданған 2001 жылғы егін астығы бидайының сапасы**

| Сақтауға қабылданған бидай астығының мөлшері | Барлығы | оның ішінде кластар бойынша | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | I | II | III | IV | V | Кластық емес |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| мың тонна | 7014,1 | 6,7 | 4970,9 | 1666,0 | 177,8 | 192,7 |
| % % | 100,0 | 0,1 | 70,9 | 23,8 | 2,5 | 2,7 |

Қазақстанның астық саласының техникамен орташа қамтамасыз етілуі, техникалық дайындық коэффициентін қоса есептегенде 55%-дан аспайды. Қазақстанның астық себетін негізгі аймақтарында астық жинайтын бір комбайнның жүктелімі нормативтік деңгейден 15-20%-ға артық. Техниканы жаңарту оның істеп шығуынан едәуір артта қалған. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің көпшілігі өз қаражаттары есебінен техника сатып ала алмайды;

астық өңдеу мен сақтаудың материалдық-техникалық базасының жай-күйі едәуір нашарлады. 1980 жылдардың соңынан бергі кезеңнен бастап қазіргі уақытқа дейін астық сақтауға арналған элеватор-қойма сыйымдылықтарының республика бойынша жалпы көлемі 28,3 млн. тоннадан 20,9 млн. тоннаға дейін азайды. Қойма сыйымдылықтары әсіресе тікелей астық өндірушілерде 5,9 млн. тоннадан 3,8 млн. тоннаға дейін азайды. Астық өңдейтін технологиялық құрал-жабдық моральдық және табиғи жағынан тозды;

астық сақтау арналарының дамымай қалуы, өркениетті көтерме сауда рыноктары мен маркетингтің, арзан көліктік коридорлардың болмауы, көлікпен тасымалдауға арналған тарифтердің тым қымбаттығы, биржалық сауданың нашар дамығандығы және астық бағасының белгіленбеуі астық экспортының көлемін ұлғайтуға, оны өткізудің жаңа рыноктарын іздестіруге тежеу болып баға демпингіне әкеп соғуда;

астық өндірісін кеңейту үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерде айналым қаражатының аз болуы және кредит ресурстарына қол жеткізудің төмендігі;

жекеменшік зертханалар жүзеге асыратын астық сапасын сертификаттау деңгейінің төмендігі;

Ақтау портындағы астық терминалының өткізу қабілетінің төмендігі, Ресей Федерациясының аумағы арқылы астық тасымалдауға арналған көлік тарифтерінің жоғарылығы;

астық өндірісі құрылымының жетілмегендігі. Астық өндірісіндегі бидайдың үлес салмағы жемдік, дәнді бұршақ, жарма дақылдары есебінен 1999 - 2001 жылдары орта есеппен 79%-ды құрады;

ауыл шаруашылығы өндірісін сақтандыру жүйесінің жоқтығы;

дәнді дақылдар өнімі болжамының анықтығы жоғары әдістерінің жоқтығы;

астықтың бекітілген сапа стандарттарының халықаралық деңгейге сәйкес еместігі;

егістік алаңдар құрылымындағы мақсыр, қыша және рапс сияқты майлы

дақылдардың үлес салмағы 4%-ды құрайды;

ұсынылған ауыспалы егіс тәртібі сақталмайды;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер құнарлылығының төмендеуі;

Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы күріш өсірілетін негізгі аймақтарда егістік суының жеткіліксіздігі;

суармалы жерлердің сортаңдануы мен батпақтануы, ұзақ уақыт жөндеусіз пайдаланылғандықтан суландыру және дренаж жүйелері ПӘК-нің төмендігі.

Астық өндірісі мен рыногын дамыту жөніндегі шаралар:

бидайдың халықаралық рыноктарда үлкен және тұрақты сұранысқа ие күшті және қатаң сорттарының өндірісін ұлғайтуға бағытталған табиғи-климаттық жағдайларды және рыноктық конъюнктураны ескере отырып, астық өндірісі құрылымын, сондай-ақ еліміздің өсімдік майына, жармаға, құрама жемдерге, ұқсатушы салаға арналған шикізатқа - ең кемінде 12,0 млн. тонна бидай астығы ( оның ішінде қатты бидай - 0,5 млн. тонна), арпаға - 2,3 млн. тонна, жүгеріге - 0,4 млн. тонна, күрішке - 0,2 млн. тонна, қарақұмыққа - 0,05 млн. тонна, қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында жемдік астық, майлы, бұршақ және жарма дақылдарын өндіруді оңтайландыру;

жемдік астық, майлы, бұршақ және жарма дақылдарының егістік алаңдарын бір мезгілде кеңейте отырып жұмсақ және қатты бидайдың күшті сорттарын өндіру үшін республикамыздың солтүстік аймақтарының (Ақмола, Қостанай облыстары) топырақ-климат әлеуетін мейлінше тиімді пайдалану;

Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында, майлы және жарма дақылдарын (күнбағыс, тары және қарақұмық) өндіру соңғы облыста - сондай-ақ күздік қарабидай өндіруді ұлғайту;

астық өндірісі құрылымындағы үлес салмақтарын 35%-ға жеткізе отырып, күздік бидай мен күздік қарабидай өндіруді, сондай-ақ республикамыздың батысындағы Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында тары өндіруді ұлғайту ;

Қазақстанның оңтүстігіндегі Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында суармалы егіншілік базасында жүгері дәні мен соя өндіруді ұлғайту. Элиталық тұқым өндірудің құнын арзандату, минералдық тыңайтқыштар сатып алу және басқа шаралар арқылы мемлекеттік қолдаудың дифференциялы шараларын жүзеге асыру;

су үнемдегіш және озық технологиялардың негізінде Қызылорда облысында күріш өндіруді оңтайландыру;

майлы дақылдардың майлы дәнін, солтүстік аймақта: рапс пен қарақұмық, оңтүстікте - соя және мақсыр өндіруді ұлғайту;

қазақстандық астыққа протекция саясатын жүргізу, мүдделі қазақстандық банктердің экспорттық операцияларды кредиттеу арқылы импорттаушы елдердің

қолданылып жүрген сату рыноктарында қазақстандық астықтың экспортын ұлғайту жөніндегі шаралард жүзеге асыру;

астық сату рыноктарын іздестіру бойынша Қазақстан Республикасының дипломатиялық корпусын жандандыру;

экспортқа шығарылатын астықтың сапасын арттыру;

астық тасымалдау үшін жеңілдетілген темір жол тарифтерін енгізу, астықты Ресей арқылы тасымалдау кезіндегі көлік шығындарын өтеу үшін отандық жеткізушілерге субсидия бөлу;

Ақтау портында қосымша астық терминалын салу;

баға белгіленімі және баға демпингін болдырмау үшін қолданыстағы тауар биржаларындағы астықтың биржалық саудасын дамыту;

экспорттық құрылымды нығайту мақсатында "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" ЖАҚ-ның қызметіне түзетулер енгізу.

**38-кесте**

**Экспорттық рыноктардың сыйымдылығын бағалау және азық-түліктік бидайдың бағалық конъюнктурасы**

**1 тонна қазақстандық бидайдың бағасы 80 АҚШ доллары**

| Қазақстан астығын импорттаушы негізгі елдер | Бидай импортының 1999-2000 жылдардағы орташа көлемі,* млн. тонна | Бидай экспортының 1999-2000 жылдардағы орташа көлемі,** млн. тонна | Қазақстандық астықтың үлес салмағы, % есебімен |
|---|---|---|---|
| Әзірбайжан | 0,65 | 0,3 | 46,1 |
| Белоруссия | 0,8 | 0,08 | 10 |
| Қырғызстан | 0,15 | 0,1 | 66,7 |
| Ресей | 3,25 | 1,98 | 64,4 |
| Иран | 4,95 | 0,12 | 2,4 |
| Тәжікстан | 0,45 | 0,32 | 71,1 |
| Түркіменстан | | | 0,1 |
| Түркия | 1,45 | 0,07 | 0,5 |
| Өзбекстан | 0,35 | 0,32 | 91,4 |
| Украина | 0,25 | 0,12 | 48 |
| Барлығы | 12,4 | 3,41 | 27,5 |

_ _ _ _ _ _

таблицаның жалғасы

| Қазақстан астығын импорттаушы негізгі елдер | 1 тонна бидайдың рыноктағы бағасы,*** АҚШ $, 2001 ж. | Қазақстаннан әкетілетін 1 тонна астықтың көліктік шығындарының құны,**** АҚШ $ | Көлік шығындарын қоса есептегендегі 1 тонна қазақстандық бидайдың бағасы, АҚШ $ |
|---|---|---|---|
| Әзірбайжан | 112,8 | 31,6 | 111,6 |
| Белоруссия | 111,8 | 40,8 | 120,8 |
| Қырғызстан | 89,8 | 5,7 | 85,7 |
| Ресей | 111,2 | 24,9 | 104,9 |
| Иран | | 30,3 | 110,3 |
| Тәжікстан | 115 | 34,8 | 114,8 |
| Түркіменстан | | 22,7 | 102,7 |
| Түркия | | 40,6 | 120,6 |
| Өзбекстан | | 8,4 | 88,4 |
| Украина | | 40,3 | 120,3 |
| Барлығы | | | |

_ _ _ _ _ _

Ескерту: * астық жөніндегі Дүниежүзілік Кеңестің мәліметтері бойынша (ОЮЛ "ЗСК" ұсынған)

** ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің мәліметтері бойынша

*** ТМД Статкомитетінің мәліметтері бойынша (Мәскеу қаласы)

**** "Қазақстан темір жолы Ұлттық компаниясы" ЖАҚ-ның мәліметтері бойынша

Рынок сыйымдылығын бағалау қазақстандық астықтың көлемі 8 млн. тоннаға дейін экспорттық резерві бар екендігін көрсетеді;

жыл сайынғы сатып алудың көлемін 500 мың тоннаға дейін жеткізіп және сатып алынатын дақылдардың ассортиментін жемдік, бұршақ, жарма дақылдары есебінен кеңейтіп мемлекеттік ресурстарға астық сатып алудың фьючерстік жүйесін сақтау және дамыту;

азық-түліктік астықтың мемлекеттік резервін астық қабылдайтын жеке

меншік кәсіпорындардан мемлекеттік астық базаларына көшіру және азық-түлік қауіпсіздігін, мобилизациялық әзірлікті қолдауды қамтамасыз ету мақсатында астықты бүкіл республика бойынша шоғырландыру және сақтау;

дәнді дақылдардың элиталық тұқымдарын өндіруді тұқымдардың рыноктық құнының 40%-ы көлемінде субсидиялау және субсидияланатын дәнді дақылдар түрлерін кеңейту;

көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын өткізуге, отандық тауар өндірушілердің тұқым, жанар-жағармай материалдарын, минералдық тыңайтқыштар, гербицидтер, ауыл шаруашылығы техникасына қосалқы бөлшектер, лизингілік негізде ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуы үшін жеңілдік кредитін берудің көлемін 8 млрд. теңгеге дейін ұлғайту;

ауыл шаруашылығы техникасының лизинг жүйесін жетілдіру және оның көлемін ұлғайту;

ауыл шаруашылығы өнімі мен азық-түлік рыногын зерттеу, талдап қорытындыланған маркетингтік ақпаратты аграрлық рыноктың қатысушыларына жеткізу, стратегиялық шешімдер шығару үшін аграрлық өнеркәсіп рыногының жай-күйі туралы талдау материалдарын беру, оқыту, ауыл шаруашылық өнімдерінің әлемдік рыноктағы позициясын нығайту.

## 5. Мемлекеттік қолдау шараларын ұтымды ету

Аграрлық азық-түлік кешенін мемлекеттік қолдау деңгейін бағалау

Мемлекеттік қолдау шаралары реттеуші сипатта болады және салааралық ала-құлалықты теңестіруге бағытталған. Оның деңгейі агрокешенде маусымдылығы мен өндірістік циклдің ұзаққа созылатындығына, табиғи-климаттық факторларға, экономиканың басқа салаларымен ауыл шаруашылығының тауар алмасудағы баламасыз болуына, халықтың сатып алу қабілетінің төмендігіне байланысты шын мәнінде төмендеп кеткен.

Республикада мемлекеттік қолдау шаралары жалпы сипаттағы және арнаулы шаралар болып бөлінеді:

жалпы сипаттағы шаралар дегеніміз - жануарлар мен өсімдіктердің ерекше қауіпті ауруларының диагностикасын, мониторингін және оларға қарсы күресті,

карантинге жататын өнімдерге зертханалық және фитосанитариялық талдау жасауды, ауыл шаруашылық дақылдарының сорттарын сынақтан өткізуді, суармалы жердің мелиорациялық жай-күйін бағалауды, мемлекеттік резервтегі астықтың сақталуын, элиталық тұқым шаруашылығы мен мал тұқымын асылдандыру ісін сақтауды және дамытуды мемлекеттік қаржыландыру, минералдық тыңайтқыштарды сатып алуға субсидия беру, агроөнеркәсіптік кешеннің ақпараттық жүйесін жасау және дамыту, қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу. Жалпы шараларға ауыл шаруашылық тауарын өндірушілерге жеңілдікпен салық салуды (заңды тұлғалар үшін патентті және шаруалар (фермер ) қожалықтары үшін бірыңғай жер салығын), бюджеттік борыштарды өтеу мерзімін ұзартуды да жатқызуға болады;

нақтылы салалар мен өндірістерді қолдауға бағытталған арнаулы шаралар, олар, әдетте, өтеулі сипатта болады және қаржы жөнінен рыноктың тұрақты шаруашылық жүргізуші субъектілеріне беріледі: мемлекеттік ресурстарға астық сатып алу, ауыл шаруашылық техникасы лизингісіне кредит беру, көктемгі-егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге жергілікті бюджеттен кредит беру, ауылдық кредит серіктестіктері жүйесіне кредит беру, сыртқы заемдарды тарту арқылы мемлекеттің кредит беруі, экспорттық-импорттық режимді реттеу кезіндегі тариф саясаты.

Республикалық бюджеттен ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік қолдау деңгейі бүгінде 22 млрд. теңгеге тең, ал жанама субсидия беруді (салықтар жеңілдіктері, борышты өтеу мерзімін ұзарту, сыртқы заемдар бойынша кепілдіктер) қоса есептегенде, ал 81 млрд. теңге болады. Бұл 1996-1998 жылдармен салыстырғанда, абсолютті көрсеткіштерде 14,5 пайызға жоғары, алайда, 1 теңгеге есептегенде, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1996-1998 жылдардағы 0,18 теңгеден 2001 жылы 0,16 теңгеге дейін төмендеген;

ауыл шаруашылығын қолдауға Республикалық бюджеттен жасалатын шығыстар Қазақстанда жалпы ішкі өнімге шаққанда 0.7%, Ресейде - 1%, ЕҚ елдерінде - 25-тен 30%-ға дейін болады. Бір ауыл шаруашылығы құрылымына шаққанда Республикалық бюджеттен мемлекеттік қолдау сомасы Қазақстанда - 1200$, АҚШ-та 45000$. Салыстырмалы талдау Қазақстанда 1 га егістік жерге шаққанда мемлекеттік көмек деңгейі 7,5$ болатынын көрсетеді, бұл Канадамен ( 83$) салыстырғанда 11 есе, АҚШ-пен салыстырғанда (107,5$) 15 есе, Финляндиямен (500$) салыстырғанда 65 еседен астам, ЕО-мен салыстырғанда ( 855$) 115 есе, Швейцариямен (4214$) салыстырғанда 570 есе төмен екенін көрсетіп отыр. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің АҚШ-та 30%-ына, Германияда 50%-ына, Жапонияда 75%-ына дотация беріледі.

Егер ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша мемлекеттік қолдаудың қандайда бір жүйесі болса, өнімдерді ұқсатуға қатысты ол осы уақытқа дейін

қалыптастырылмаған. Мәселен, бүкіл 1996-2001 жылдар кезеңінде салаға едәуір дәрежеде Азия Даму Банкі заемдарының есебінен жеңілдікті кредит беру арқылы ғана қолдау жасалып келді. Импорт алмастыру бағдарламасында тамақ өнімдерін өндіруге тиісінше назар аударылмаған.

## 5.1. Салық салу

Ағымдағы жағдай

Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер бюджетпен жалпыға белгіленген тәртіппен есеп айырысуды не заңды тұлғалар үшін - патенттік негізде, шаруа (фермер) қожалықтары үшін - бірыңғай жер салығын төлеу негізінде бюджетпен есеп айырысуды көздейтін арнаулы режим бойынша жүзеге асыра алады.

**50-кесте**

**(млн. теңге)**

| Көрсеткіштер | 1998 ж. | 1999 ж. | 2000 ж. | 2001 ж. |
|---|---|---|---|---|
| Кредиторлық берешек [1] | 108863 | 71495 | 51627 | 51574 |
| Есептелген салық (төленуге тиіс) - барлығы [2] | 6932 | 5445 | 4174 | 5565* |
| Олардан бюджетке түскені [2] | 3541 | 5469 | 6650 | 5565* |

1 - облыстық ауыл шаруашылығы басқармаларының (департаменттерінің) деректері бойынша; 2 - Мемлекеттік кіріс министрлігінің деректері бойынша;

* - бағалау

Патент негізінде жұмыс істейтін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің саны ұлғаюда: 01.01.2002 жылға 5296 ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші заңды тұлғалардың 2064-і (39%) патент бойынша жұмыс істейді, олардан салықтар мен бюджетке басқа да міндетті төлемдердің (төлем көздерінен ұсталған табыс салығын қосқанда) түсуі 2382,6 млн. теңге болды;

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін салық төлеудің кейінге қалдырылғаны 11,4 млрд. теңге болады;

2000 жылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін ҚҚС, көлік, мүлік

, табыс, әлеуметтік, жер салықтары бойынша жеңсіктердің сомасы 10073 млн. теңге болды.

Проблемалар:

Салық Кодексі мен "Қаржылық лизинг туралы" Қазақстан Республикасының Заңы арасындағы "қаржылық лизинг бойынша сыйақы" айқындамасының қайшылығы;

ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылатын ауыл шаруашылығы техникасының импорты 1.01.2003 жылдан бастап ҚҚС есепке алу әдісі бойынша төленетін тізімнен шығарылып отыр (СК 250-бабының 1-тармағы );

ауыл шаруашылығы техникасын лизингке беру кезінде ҚҚС алу тетіктерінің жетілдірілмеуі.

Шаралар:

Салық Кодексі мен "Қаржылық лизинг туралы" ҚР Заңындағы "қаржылық лизинг бойынша сыйақы" айқындамасын нақтылау*;

ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылатын ауыл шаруашылығы техникасының импортын ҚҚС есепке алу әдісі бойынша төленетін тізімге енгізу*;

Салық Кодексіне ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша бірқалыпты ҚҚС төлеу жөнінде толықтыру енгізуі;

жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар бойынша мерзімі өткен борыштарды " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 ҚР Заңының 179-бабының 10-тармағына сәйкес қайта құрылымдау мен жұмыс істемейтін және таратылған кәсіпорындар бойынша қажетті шаралар қолдану;

салық заңдарының нормаларын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін арнаулы салық режимдерін қолдану бөлігінде сақтау және жетілдіру.

* - Салық Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде қарау

Күтілетін нәтижелер

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің айналымдағы қаражатын толықтыру, ауыл шаруашылығы өнімінің өзіндік құнын төмендету, ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру, төлем қабілетін жақсарту, бюджет алдындағы берешекті уақытылы өтеу, ауыл шаруашылығы техникасын лизинг арқылы жаңартудың мүмкіндігін молайту.

**51-кесте**

**Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінен (заңды және жеке тұлғалардан) алынатын салық түсімдерінің болжамы**

---

_ _ _ _ _ _

Жылдар өлшем Нақты Бағалануы Болжам

| | бірлігі | 2000 ж. | 2001 ж. | 2002 ж. | 2003 ж. | 2004 ж. | 2005 ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| А/ш-ның жалпы өнімі | млрд. тг | 402,0 | 536,1 | 492,5 | 533,4 | 580,5 | 636,8 |
| 2000 жылға % есебімен | % | 100,0 | 133,3 | 122,5 | 132,7 | 144,4 | 158,4 |
| Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге есептелген салық | Млн. тг | 4173,8 | 5565,0 | 5200,0 | 5600,0 | 6200,0 | 6600,0 |
| 2000 жылға % есебімен | % | 100,0 | 133,3 | 124,5 | 134,2 | 148,5 | 158,1 |
| Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден түскен салық | Млн. тг | 6649,7 | 5565,0 | 5200,0 | 5600,0 | 6200,0 | 6600,0 |

## 5.2. Кредит беру

Ағымдағы жағдай

Ауыл шаруашылығы өндірісі алынған ресурстарын ЖЖМ, тыңайтқыштар, қосалқы бөлшектер және басқа да айналым қаражаты түрлерін сатып алуға нысаналы пайдаланатын маусымдық кредит алуға өте мұқтаж болып отыр. Өсімдік өсіру шаруашылығында егіс егу және егін жинау жұмыстарын орындауға арналған айналым қаражатын толықтыруға ғана арналған кредит ресурстарына деген жалпы қажеттер жыл сайын 25-30 млрд. теңге болады.

Ауыл шаруашылығы өнімін ұқсататын кәсіпорындар айналым қаражатына және ескірген жабдықтарды алмастыру мен жаңа технологияларды меңгеру үшін ұзақ мерзімді кредит алуға мұқтаж.

Екінші деңгейдегі банктер бұл салаларға кредит беруге құлықсыз. Кепілге салынатын мүліктің жетіспеуі, ипотекалық кредит беру мен жер рыногының дамымағандығы ауыл шаруашылығы өндірісі мен ауыл шаруашылығы өнімін ұқсату субъектілерінің көпшілігі үшін кредит (маусымдық және ұзақ мерзімді) қаражатына қол жеткізе алмаудың негізгі себебі болып отыр.

Астық саудасында қаржылық жаңа құрал - астық қолхаты - эмиссиялық емес

ордерлік бағалы қағаз дами бастады, оны ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге кредит бергенде кепіл ретінде қолдануға болады.

Астық қолхаттары бағдарламасының аясында Европалық Қайта құру және Даму Банкінің кредит жүйесі ашылды, ол мемлекеттің қатысуымен астық қолхаттарын орындауға кепілдеме беретін қор құрылған жағдайда, 100 млн. АҚШ долларына дейінгі сомада жеңілдікті кредит беруді көздейді.

Ауылдық кредит серіктестіктерінің (АКС) жүйесі арқылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге кредит берудің пилоттық жобасы іске асырылуда, 2001 жылы жоспарланғаннан 17 АКС құрылды және жалпы жарғылық капиталы 85,3 млн. теңге "АКК" ЖАҚ қатысуымен 16 АКС жұмыс істейді, қатысушылар саны - 404, егістік жер алқабының алаңы - 883,1 мың га ( АНС жүйесі арқылы кредит беру АКС қатысушыларының жарғылық капиталға ақы төлеуге енгізілетін жарналары есебінен жүзеге асырылады, АКС жарғылық капиталының 4 еселенген көлемінен кем болмайтын жеңілдікті кредит ресурстарын "АКС" ЖАҚ қайтарымды, ақылы, мерзімді және өтімді кепіл арқылы қамтамасыз ету шарттарымен АКС-тің кемінде 2 қатысушысының кепілдігімен береді). АКС-тің жалпы саны 27 болады. Бұл жоба ауыл шаруашылығы өндірісіне кредит берудің балама жүйесі болып табылады.

Халықаралық Қайта құру және Даму банкінің "Ирригация және дренаж жүйелерін жетілдіру", "Су ресурстарын басқаруды жетілдіру және жерді қалпына келтіру", "Ауыл шаруашылығын жекешелендіргеннен кейінгі қолдау" жобалары жұмыс істейді.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге "ҚазАгроҚаржы" ЖАҚ арқылы ауыл шаруашылығы техникасын лизингке сатып алып, борышын 7 және одан да кеп жылдар бойы өтеуге мүмкіндік берілді.

Проблемалар:

өндірістің маусымды және ауыл шаруашылығы өнімінің айналымдылығы нашар болуына байланысты кредит ресурстары тапшылығының өткірлігі;

ауыл шаруашылығы өндірісінің тәуекелділігі жоғары, банк ставкаларының жоғары және кепілге салу базасының жеткіліксіздігіне байланысты кредит ресурстарына ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін қол жеткізуі төмен.

Шаралар:

ауылдық кредит серіктестіктерінің жүйесін дамыту;

банктен кредит беру үшін - астық қолхаттарының жаңа кепіл құралдарын қолдануды кеңейту негізінде аграрлық азық-түлік секторының қаржылық тәуекелін азайту;

кассалық алшақтықты жабуға қажетті кредит беру жолымен көктемгі-егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджеттерден кредит беру;

ауыл шаруашылығы өнімін ұқсататын кәсіпорындар үшін технологиялық жабдықтар лизингін енгізу;

Еуропа Қайта құру және Даму Банкінің қаржылай қолдауымен астық қолхаттарын орындауға кепілдік беру қорын құру арқылы астық қолхаттарының айналысы аумағын кеңейту;

астықты және мал шаруашылығы өнімін фьючерстік сатып алуды кеңейту;

ел ішінде өндірілмейтінін қоспағанда, ауыл шаруашылығы өнімін және импорттық өндірістің азық-түлігін мемлекеттік сатып алуға шектеу енгізу арқылы салаға кредит беруді кеңейту.

**Қаржымен қамтамасыз ету**

**52-кесте**

**мың.теңге**

| Бюджеттік бағдарламаның атауы | 2002 ж. | 2003 ж. | 2004 ж. |
|---|---|---|---|
| Ауылдық кредит серіктестіктері арқылы ауыл шаруашылық өндірісіне кредит беру | 641340 | 800000 | 1500000 |
| Астық қолхаттарын орындауға кепілдік беретін қор құру | | | 400000 |
| Ирригация және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасына кредит беру | | 4171108 | 306222 |
| Су ресурстарын басқару мен жерді қалпына келтіруді жетілдіру жобасына кредит беру | 1085292 | 1284136 | 1176655,5 |
| Ауыл шаруашылығын жекешелендіргеннен кейінгі қолдау жөніндегі жобаға кредит беру | | 793098 | 172922 |
| Еуропа Қайта құру және Даму Банкінің кредит жүйесі | | | 100 млн. АҚШ долл. |

Республикалық бюджет комиссиясының тиісті қаржылық жылға арналған республикалық бюджет жобасын қарауының нәтижесі бойынша заң тәртібімен белгіленген қаржы бөлу көлемі нақтылануы мүмкін

Күтілетін нәтижелер:

кредит ресурстарын қайтарудың деңгейін жоғары ете отырып, ауыл шаруашылығы өндірісі мен ұқсатуға көп арналы кредит беру жүйесін құру;

ауыл шаруашылығы өнімін өндірудің тиімділігін және оны ұқсатудың бәсекеге қабілетін арттыру.

## 5.3. Тариф саясаты

Ағымдағы жағдай

2001 жылы ауыл шаруашылығы тауарларының рыногын талдау ішкі рыноктағы құс еті импортының үлесі 49,1%, қоюлатылған және құнарландырылған сүт - 98%, сары май - 64,5%, шұжық тағамдары - 50%, қант қосылған кондитер тағамдары - 38%, ұннан жасалған кондитер тағамдары - 64,5%, көкөніс консервілері - 88,4%, джем, желе, конфитюр - 78%*, майонез - 23,5%, балмұздақ - 65% екендігін көрсетті. Импорттық өнімнің 50%-дан астамы Ресейден әкелінеді.

Ауыл шаруашылығы өнімі импортының қолданыстағы ставкалары 15%-дан 0%-ға дейін өзгеріп отырады, ең жоғарғы ставка - ақ канттікі - 30%-ға тең.

Экспорттағы тасымалдау шығындары жоғары күйінде қалып отыр, яғни 1 тонна бидайдың орташа нарықтық бағасымен есептесу деректері бойынша - 68,3 АҚШ доллары болғанда, Астана қаласынан Мәскеу қаласына дейінгі тасымалдау шығындары 25,62 АҚШ доллары немесе бидайдың жалпы экспорттық құнының 27,2%-ын құрайды.

Қазақстан Еуропа экономикалық қоғамдастығының мүшесі болып табылады және тариф саясатын келісу бойынша міндеттемелері бар, сондай-ақ ДСҰ-на кіруге дайындалуда.

* джем, желе, конфитюр бойынша - 2000 жылы 42,5%, 2001 жылғы өндіріс бойынша мәліметтер жоқ

Проблемалар:

кеден-тариф саясаты бойынша анық идеология жоқ, экспорттаушы мемлекеттер жүзеге асыратын мемлекеттік елеулі қолдаудың есебінен импорттық бағаның өзгертілуіне назар аударылмайды;

импорттық кеден бажының қолданыстағы ставкалары төмен және азық-түліктің ішкі рыногында отандық тауар өндірушілерді қорғауға жәрдемдеспейді;

GINSIM әдістемесі бойынша қорғау ставкасының тиімділігін бастапқы талдау кәсіпорындардың жалпы түсіміндегі қосымша құнның (25%<ERP<65% мәні) ең көп өсуі импорттық кеден бажының мынадай ставкалары бойынша орын алатынын көрсетті: қолданыстағы ставкасы - 10% кезінде ұн бойынша -15%, маргарин - 18% (қолданыстағы ставкасы - 15%), майонез - 23% (қолданыстағы ставкасы - 15%), сары май - 37% (қолданыстағы ставкасы - 20%), ерітілген ірімшік - 25% (қолданыстағы ставкасы - 15%), басқа ірімшіктер - 20% (

қолданыстағы ставкасы - 15%), шұжық - 55% (қолданыстағы ставкасы - 20%), табиғи шырындар - 27% (қолданыстағы ставкасы - 15%);

қазақстандық өнімді тасымалдауға қосымша шығындар оның аумағының үлкендігінен және теңізге шығар жолы жоқтығынан бәсекелестік артықшылықтарын кемітетін фактор болып табылса да, экспорттаушы елдердің барлығында іс жүзінде кең таралған экспортты ынталандыру мақсатында экспорттық субсидиялар беру қолданылмайды;

ауыл шаруашылығы өнімін және тамақ өнімдерін өндіруді тиімді мемлекеттік қолдау жүйесі қазіргі уақытта толық қалыптастырылған жоқ.

Шаралар:

мемлекеттік реттеу кәсіпкерлік белсенділікті және аграрлық рынокқа қатысушылар бизнесінің тиімді жүргізілуін дәлелдеуді ынталандыруы үшін, бәсекеге қабілетті өнім өндіруді қамтамасыз ете отырып, оның оңтайлы деңгейін анықтау қажет;

ауыл шаруашылығы өніміне және ұқсатушы саланың өніміне импорттық кеден бажының тиімді (оңтайлы) ставкаларына толық талдау жүргізу;

дайын өнімге импорттық кеден бажының ставкасын арттыру жөнінде ұсыныс енгізу;

Қазақстан Республикасының аумағында шығарылмайтын ұқсату (тамақ) саласының өнімін шығару үшін әкелінетін шикізатқа импорттық кеден бажының ставкасын төмендету жөнінде ұсыныс енгізу;

белгіленген тәртіппен ауыл шаруашылығы өнімін темір жол көлігімен тасымалдау тарифтеріне төмендетілетін коэффициенттер белгілеу мүмкіндігін қарастыру;

ауыл шаруашылығы өнімі мен ұқсату өнімінің кейбір түрлерінің импорты бойынша демпингіге қарсы тексерістерге бастама жасау.

Қаржымен қамтамасыз ету

"Ауыл шаруашылығы сапасындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" 30 бағдарламасы: ауыл шаруашылығы саласындағы тариф саясатын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу - 5 млн. теңге (тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет жобасының республикалық бюджет комиссиясы қарауының нәтижелері бойынша заң тәртібімен белгіленген қаржы бөлу көлемі нақтылануы мүмкін).

Күтілетін нәтижелер:

отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру ішкі рынокта ауыл шаруашылығы өнімі мен тамақ өнімдері импортының үлесін азайту;

ауыл шаруашылығы өнімі мен ұқсатылған өнімді экспорттау кезінде тасымал шығындарын азайту, елдің ауыл шаруашылығы саласының экспорттық әлеуетін арттыру.

## 5.4. Сақтандыру

Ағымдағы жай-күйі

Ауа райының қолайсыз жағдайларының, дүлей апаттар мен ерекше қауіпті эпизоотиялардың қолайсыз әсері ауыл шаруашылығы өнімінің едәуір ысырап болуына және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің экономикалық құлдырауына әкеп соғады.

Табиғаттың дүлей күштерінің теріс зардаптарын жоюдың сенімді қаржылық құралы сақтандыру болып табылады, ол қазір уақытта ауыл шаруашылығы өндірісінде жоқ немесе өте мардымсыз, мұның өзі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің төлем қабілетінің төмендігімен және қазіргі сақтандыру түрлерінің ұнамсыздығымен сабақтасып жатыр.

Ауыл шаруашылығында сақтандырудың болмауы қаржыландыруға қатер төнуін арттырады және кредит ресурстарына қол жеткізуді кемітеді.

Мақсат:

міндетті және ерікті сақтандыруды дамыту арқылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің мүліктік мүдделерін табиғи сипаттағы дүлей апаттар (құрғақшылық, су тасқыны, бұршақ жауыы және т.б.) мен ерекше қауіпті эпизоотиялардың қатерінен қорғауды қамтамасыз ету.

Шаралар:

шаруашылық жүргізуші субъектілер (заңды тұлғалар) үшін - ауыл шаруашылығы дақылдарының (дәнді, майлы, техникалық дақылдар, картоп, көкөністер, жеміс-жидек) егістерін табиғи сипаттағы дүлей апаттардан (құрғақшылық, су тасқыны, бұршақ жауыы және т.б.), ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарын ерекше қауіпті эпизоотиялардан міндетті сақтандыруды дамыту;

шаруа қожалықтары мен үй шаруашылықтары үшін - ауыл шаруашылығы дақылдарының (дәнді, майлы, техникалық дақылдар, картоп, көкөністер, жеміс-жидек) егістерін табиғи сипаттағы дүлей апаттардан (құрғақшылық, су тасқыны, бұршақ жауыы және т.б.), ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарын шаруа (фермерлік) қожалықтарының (жеке тұлғаларды) және үй шаруашылықтарының ерекше қауіпті эпизоотиялардан ерікті сақтандыруды дамыту;

мемлекеттің қатысуымен сақтандырудың өтем қорын және тендер негізінде уәкілетті орган таңдап алған әрі мемлекеттің қатысуымен сақтандыруға рұқсат

берілген сақтандыру компанияларын құру;

дүлей апаттар мен ерекше қауіпті эпизоотиялардың салдарынан сақтандыру жағдайы пайда болған кезде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге келтірілген залалды ішінара (50%) өтеуге мемлекеттің қатысуы;

"Ауыл шаруашылығы өндірісін сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңын әзірлеу.

Қаржымен қамтамасыз ету

Егіннің немесе ауыл шаруашылығы жануарларының опат болуына әкеп соққан дүлей апаттар мен ерекше қауіпті эпизоотиялардың салдарынан сақтандыру жағдайы пайда болған кезде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге келтірілген залалды ішінара өтеуге республикалық бюджеттен 1 млрд. теңгеге дейін қаражат бөлу (бөлінетін қаржы көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын республикалық бюджет комиссиясы қарауының нәтижесі бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен нақтылануы мүмкін).

Күтілетін нәтижелер:

ауыл шаруашылығы өндірісін сақтандырудың тиімді жүйесін құру өндіріс тиімділігін арттырудың, инвестициялау тәуекелдерін кемітудің, қаржы ресурстарына қол жеткізуді ұлғайтудың тұрақтандырушы факторы болады;

сақтандыру қызметтерін көрсету рыногын кеңейту және сақтандыру рыногына халықтың сенімін нығайту.

## 5.5. Ғылыми қамтамасыз ету

Ағымдағы жағдай

Агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми қамтамасыз ету жауапкершілігі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген өкілеттіктер шегінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне жүктелген. <*>

Республиканың аграрлық ғылымы саласында 29 ғылыми-зерттеу институты, 18 тәжірибелік ауыл шаруашылығы, орман және ветеринариялық станциялар және 31 тәжірибелік шаруашылық бар, олар республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар (бұдан әрі - РМҚК) нысанында жұмыс істейді. 28 тәжірибелік-эксперименттік кәсіпорындар ауыл шаруашылығы дақылдарының элиталық тұқымдарын өсірумен, 11-інде асыл тұқымды мал шаруашылығымен, қой шаруашылығымен және құс шаруашылығымен, 6-ында жеміс-жидек және орман дақылдарын, жүзімді сақтаумен әрі егілетін материалмен қамтамасыз етумен, 3-інде мақта шаруашылығымен, 1-інде жүгерінің егілетін түрлерінің тұқымдарын өңдеумен айналысады. <*>

Ауыл шаруашылығы министрлігі ҚР Үкіметінің қаулыларымен бекітілген және республикалық бюджеттен қаржыландырылатын аграрлық-өнеркәсіптік кешенді ғылыми қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламалардың әкімшісі болып табылады. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, жануарлардың және микроорганизмдердің 2001-2005 жылдарға арналған гендік қорын сақтау, дамыту және пайдалану (бұдан әрі - "Гендік қор") республикалық нысаналы бағдарламасы бойынша қаржыландыру көлемі 2001 жылы - 230 млн. т., 2002 жылы - 406 млн. теңге, ал "2001-2005 жылдарға арналған Қазақстан аймақтары бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді, ұқсату мен сақтауды ғылыми қамтамасыз ету" салалық ғылыми-техникалық бағдарламасы (бұдан әрі - АӨК ғылыми қамтамасыз ету) бойынша 2001 жылы - 404,3 млн. теңге, 2002 жылы 404,43 млн. теңге болды. <*>

Соңғы 2 жылда Ауыл шаруашылығы министрлігі қаржыландыру көлемі 2001 ж. - 28,6 млн.теңге, 2002 ж. - 36,8 млн. теңге болған "Ауыл шаруашылығындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" бюджеттік бағдарламасының әкімшісі болып табылады. Ғылыми-зерттеу жобаларына мемлекеттік тапсырыс ағымдағы жылда саланы дамыту үшін қажетті басым тақырыптар бойынша конкурстық негізде орындаушыларды таңдап алу арқылы қалыптастырылады.

Ауыл шаруашылығы министрлігі өсімдіктер мен жануарлардың элиталық тұқымдарының гендік қорын сақтау, тұқымдарды және асыл тұқымды жануарларды өсіру мен сату үшін элиталық-тұқым өсіру (лицензияланған) мен мал тұқымын асылдандыру (аттестатталған) шаруашылықтарына субсидия беруді "Гендік қор" бағдарламасына сәйкес республикалық бюджеттен жүзеге асырып келеді және гендік қорды шаруашылықта пайдалануды қамтамасыз ету және өндірілген тұқым шаруашылығы мен асыл тұқымдық өнімнің сапасын бақылауды жүзеге асыру үшін жауап болып отыр.

Проблемалар:

аграрлық ғылымның өндіріспен байланысының жеткіліксіздігі;

елде ғылыми талдамаларды ауыл шаруашылығы өндірісіне енгізудің қолданылатын жүйесінің жоқтығы;

ғылыми ұйымдар мен тәжірибелік-эксперименттік кәсіпорындарды материалдық-техникалық ресурстармен жарақтандыру деңгейінің жеткіліксіздігі;

ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру көлемінің жеткіліксіздігі;

ғылыми мекемелерден аграрлық саланың жас мамандарының көптеп кетуі.

Шаралар:

АӨК ғылыми қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында аграрлық зерттеулерді басқару мен ұйымдастыру жүйесін жетілдіру;

инновациялық қызметті дамыту, аграрлық ғылымды қаржыландыру көлемін ұлғайту, оны қаржыландыру үшін халықаралық қаржы ұйымдары гранттарының қаражатын тарту;

мыналарды: жерді тиімді пайдалануды, мамандандыру аймақтары бойынша өндіріс пен еңбек ресурстарын ұтымды орналастыруды, ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттары мен тұқымдарының жоғары өнімді түрлерін шығаруды, олардың гендік қорын сақтауды, ауыл шаруашылығы аймақтарының жағдайына бейімделген, өнім өндіруге жұмсалған шығынды азайту мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін технологиялар мен механикаландыру құралдарын жасауды, ауыл шаруашылығы өнімін барынша ұқсататын жаңа технологиялар әзірлеуді ауыл шаруашылығын ғылыми қамтамасыз етудің басым бағыттары деп белгілеу.

Қаржымен қамтамасыз ету

"Гендік қор" бағдарламасын іске асыруға республикалық бюджеттен 2003 ж. - 406 млн. теңге, 2004 ж. - 404 млн. теңге, 2005 ж. - 404 млн.теңге, ал "АӨК-нің ғылыми қамтамасыз ету" бағдарламасын іске асыруға - 2003 ж. - 404,3 млн. теңге , 2004 ж. - 687 млн. теңге, 2005 ж. - 750 млн. теңге, ал "Ауыл шаруашылығындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" бюджеттік бағдарламасы бойынша 2003 ж. - 50 млн. теңге, 2004 ж. - 60 млн. теңге, 2005 ж. - 60 млн. теңге көлемінде қаржы қаражатын бөлу.

Аграрлық саланың ғылыми ұйымдары мен тәжірибелік-эксперименттік кәсіпорындарын арнаулы а/ш техникасымен жарақтандыру үшін республикалық бюджеттен лизинг бағдарламасының шеңберінде жыл сайын 100 млн. теңге қаражат бөліп отыру.

Күтілетін нәтижелер:

табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен сақтауды, ауыл шаруашылығы өнімінің сапасы мен бәсеке қабілеттілігін, аграрлық-өнеркәсіптік кешеннің салаларын жүргізу тиімділігін қамтамасыз ететін, ғылыми негізделген ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлеу және өндіріске енгізу.

Ескерту. 5.5.-бөлім өзгерді - ҚР Президентінің 2003.03.31. N 1051 жарлығымен.

## 5.6. Кадрлар даярлау

Ағымдағы жағдай

Кәсіптік-техникалық мектептер мен лицейлерді бітіруші мамандардың саны соңғы 10 жылда 61%-ға қысқарды, бұл ауылдағы білікті жұмысшы кадрларын толықтыруды қиындатып отыр.

Кәсіптік-техникалық мектептерде (КТУ) оқитындардың барлық

контингентінен тек 22%-ы ғана болашақта ауыл шаруашылығының мамандары болады.

Тракторист-машинист, машинамен сауу операторы және басқа жұмысшы мамандықтарын даярлау іс жүзінде ауылдық мектептерде де жүргізілмейді.

1990 жылы жұмыс істеген, ауылдық жерлерде орналасқан және ауыл шаруашылығы мамандарын даярлайтын 471 кәсіптік-техникалық мектептің қазіргі уақытта 88-і ғана қалды. КТУ мен лицейлердің көпшілігі қалаларда және шамалысы аудан орталықтарында орналасқан, соған байланысты ауыл мектептерін бітірушілер қаражаты болмағандықтан қалаға бара алмайды.

Проблемалар:

саланың орта буын мамандарына және жұмысшы мамандықтарына ( ветеринариялық фельдшерлер, техниктер, жөндеуші-слесарьлар, тракторист-машинистер, сауыншылар және т.б.) деген қажеттерін кәсіптік-техникалық мектептер толық көлемде қанағаттандыра алмай отыр;

кәсіптік-техникалық мектептер мен лицейлердің көпшілігі қалаларда және шамалысы аудан орталықтарында орналасқан, соған байланысты ауыл мектептерін бітірушілер қаражаты болмағандықтан кәсіптік білім алу үшін қалаға бара алмайды.

Шаралар:

республикалық бюджеттен қаржыландыру арқылы ауылдық жерлердегі жабылып қалған кәсіптік-техникалық мектептерді қалпына келтіру, жұмыс істеп тұрған кәсіптік-техникалық мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында, сондай-ақ оқушылар үшін қолданылып келген жеңілдіктерді (тегін тамақ, киім және тұрғын үй) қалпына келтіру үшін мемлекеттік қолдау көрсету;

жалпы білім беретін орта мектептерде тракторист-машинистер, машинамен сауу операторларын және басқа да мамандықтарды қайта жаңғырту, сондай-ақ оқу-өндірістік бригадаларын, мектеп оқушыларының еңбек және демалыс лагерьлерін қайта қалпына келтіру.

Қаржымен қамтамасыз ету:

Ауыл үшін жұмысшы мамандықтарын даярлауға және қайта даярлауға республикалық бюджеттен қажетті көлемде қаражат бөлу.

## 5.7. Заңнамалық база

жер қатынастарын жетілдіру мақсатында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жеке меншікті енгізудің, жерді тиімсіз пайдаланғаны үшін жауапкершілік тетіктерін көздейтін заң актілерін әзірлеу, бұл жерді рыноктық айналымға енгізу, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің кредит ресурстарына қол жеткізуін

ұлғайту, жер пайдалануды жақсарту үшін мүмкіндік береді;

ұзақ мерзімді жер пайдаланудың тоқтатылуына байланысты көбейіп кеткен өндірістік емес төлемдердің мөлшерін азайту мақсатымен нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге арнаулы салық режимін сақтау, бұл олардың айналым қаражатын толықтыруға, ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді;

заң актілеріне лизингілік техниканы арзандатуға, ауыл шаруашылығы өндірісінің машина-трактор паркін жаңарту көлемін ұлғайтуға бағытталған қаржылық лизинг мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

"Астық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына "астық қолхаты туралы" ұғымын кеңейту және дербес құжаттық ордерлік бағалы қағаз ретінде "астық қолхаттарының" айналысын құқықтық реттеу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу, бұл банктің кредит беруіне арналған кепіл құралдарының базасын кеңейтеді және аграрлық азық-түлік секторының қаржылық тәуекелдерін азайтады;

ирригациялық құрылыстарға меншік қатынастарын реттеу, суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін, суармалы-суландыру жүйелерінің жай-күйін бағалаудың мониторингін жүзеге асыру, ерекше авариялық шаруашылықаралық гидромелиорациялық жүйелерді қалпына келтіру, ауыл шаруашылығы өндірісінде су ресурстарын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасы Су Кодексінің жаңа редакциясын әзірлеу, оның ішінде су пайдаланушылар бірлестіктерінің ұйымдастырылуы және жұмыс істеуі жөнінде нормаларды қарастыру;

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің мүліктік мүдделерін табиғи сипаттағы дүлей апаттар мен қауіпті эпизоотиялардың қатерінен қорғауды қамтамасыз ету мақсатында "Ауыл шаруашылығы өндірісін сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңын әзірлеу, бұл өндіріс тиімділігін арттырудың, инвестициялау тәуекелдерін кемітудің, қаржы ресурстарына қол жеткізуді ұлғайтудың тұрақтандырушы факторы болады;

отандық өнімнің бәсекелестік артықшылықтарын дамыту және ДСҰ-на кіру кезінде елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету айқын аңғарылатын аймақтарды немесе тауарлардың топтарын қорғау элементтерін сақтау мақсатында экономиканың басқа салаларындағыға қарағанда мемлекеттік реттеу үлкен рөл атқаруға тиіс болатындай аграрлық азық-түлік саясатын жүргізу, " Ауыл шаруашылығы өндірісі мен ауыл шаруашылығы өнімін ұқсату салаларын мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын әзірлеу ҚАЖЕТ.

**Мемлекеттік қолдау шараларын оңтайландыру бойынша жалпы тұжырым**

Қазақстанда ауыл шаруашылығын қолдауға 2005 жылға қарай Республикалық бюджеттен жұмсалатын шығыстар жалпы ішкі өнімнің кемінде 1,8%, оның

ішінде республикалық бюджеттен мемлекеттік қолдау сомасы бір ауыл шаруашылығы құрылымына шаққанда 2500$, 1 га. егістікке шаққанда 15,9$ болады, бұл АӨК-ін мемлекеттік қолдаудың мөлшерін ұлғайтады, алайда бұл импорттық осы тақылеттестермен салыстырғанда отандық ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекелестік артықшылықтарын теңестіру үшін жеткіліксіз.

## 6. Қаржымен қамтамасыз ету

**2003-2005 жылдарға арналған Мемлекетаралық агроазық-түлік бағдарламасын іске асыруды қаржымен қамтамасыз ету**

| Бағдарлама | Кіші бағдарлама | Кіші бағдарламаның атауы | 2002 жылдың бюджеттік жоспары | Болжам: 2003 жыл | Болжам: 2004 жыл | Болжам: 2005 жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| Егіншілік | | | 4 727 655,0 | 7 093 601,3 | 9 516 263,1 | 12 035 496,0 |
| 032 | | Суармалы жердің мелиорациялық жай-күйін бағалау | 55 827,0 | 86 967,0 | 91 145,2 | 159 699,0 |
| | 030 | Жетісу ГГМЭ | 20 991,0 | 49 631,0 | 51 661,0 | 51 661,0 |
| | 031 | Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін бағалау | 34 836,0 | 37 336,0 | 39 484,2 | 108 038,0 |
| 045 | | Ауыл шаруашылық тауарын өндірушілерге минералдық тыңайтқыштар, | 400 000,0 | 800 000,0 | 1 000 000,0 | 1 200 000,0 |

тұқымдарды дәрілегіштер және гербицидтер сатып алуға субсидия

беру

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 046 | Көктемгі-егіс және егін жинау жұмыстарын ұйымдастыруға жергілікті бюджеттерден кредит беру бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу | 195 000,0 | 220 000,0 | 270 000,0 | 340 000,0 |
| 048 | Ауыл шаруашылық дақылдарының сорттарын сынақтан өткізу | 56 828,0 | 61 827,9 | 63 940,9 | 74 797,0 |
| 030 | Ауыл шаруашылық дақылдарының сорттарын сынақтан өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия, облыстық инспектуралар | 56 828,0 | 61 827,9 | 63 940,9 | 74 797,0 |
| 052 | Топырақ құнарлылығы. ның монито. | 20 000,0 | 80 000,0 | 180 000,0 | 200 000,0 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ...рингін жүргізу және оның химиялық құрамын анықтау | | | | |
| 084 | Көктемгі-егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жергілікті бюджеттердің кредит беруі | 4 000 000,0 | 4 500 000,0 | 5 500 000,0 | 7 000 000,0 |
| Жаңа | Ерекше авариялық учаскелерді, шаруашылық аралық арналарды және гидроме. лиорациялық қалпына келтіру | | 250 000,0 | 1 250 000,0 | 1 500 000,0 |
| Жаңа | Ауыл шаруашылық тауарын өндірушілерге жеткізіп беру жөнінде көрсетілетін қызметтер құнына субсидия беру | | 1 032 379,4 | 1 100 000,0 | 1 500 000,0 |
| Жаңа | Агрохимиялық қызметтің ғылыми- | | 60 000,0 | 60 000,0 | 60 000,0 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әдістемелік орталығын ұйымдастыру | | | | |
| | Астық өндіру | 6 967 958,0 | 7 976 478,6 | 8 229 922,5 | 8 233 560,4 |
| 037 | Элиталық тұқым шаруашылықтарының, мемлекеттік сорт сынау учаскелері мен станцияларының, мемлекеттік тұқымдық астық ресурстарының тұқымдық және егілетін материалдарының сорттық және егілу сапаларын анықтау | 35 098,0 | 43 348,0 | 47 301,0 | 47 301,0 |
| 038 | Элиталық тұқым өсіруді сақтау және дамыту | 728 000,0 | 772 454,3 | 844 000,0 | 844 000,0 |
| 043 | Азық-түлік астығының мемлекеттік резервін жаңарту және ауыл шаруашылық тауарын өндірушілерді қолдау үшін сатып алуды | 5 413 400,0 | 5 500 000,0 | 6 208 382,3 | 6 208 382,3 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қамтамасыз ету | | | | |
| 047 | Мемлекеттік резервтегі астықты сақтау | 770 460,0 | 805 440,0 | 832 980,0 | 832 980,0 |
| 051 | Мемлекеттік резервтегі астықтың орнын ауыстыру | 21 000,0 | 335 183,3 | 173 312,5 | 173 312,5 |
| Жаңа | Астық қолхаттарын орындауға кепілдік қор құру | | | | 400 000,0 |
| Жаңа | Бірегей тұқымдар өсіруге субсидия беру | | 64 800,0 | 67 013,7 | 68 784,6 |
| Жаңа | Отандық ауыл шаруашылық тауарын өндірушілер. дің себуіне арналған тұқымдардың сапасына сараптама | | 55 253,0 | 56 933,0 | 58 800,0 |
| Ауыл шаруашылық машиналарын жасау | | 1 247 000,0 | 3 471 088,8 | 5 429 727,5 | 7 605 377,6 |
| 042 | Ауыл шаруашылық техникасының бюджет қаражаты есебінен жүзеге | 147 000,0 | 173 490,7 | 420 385,9 | 728 984,6 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | асырылатын лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу | | | | |
| 085 | Лизинг негізде ауыл шаруашылық техникасымен қамтамасыз ету | 1 100 000,0 | 2 926 811,2 | 4 005 563,7 | 5 950 981,8 |
| Жаңа | Ауыл шаруашылық қызметтерін көрсететін, техниканы, қосалқы бөлшектерді және ауыл шаруашылық жабдықтарын жөндейтін және өткізетін сервис-орталықтар құру үшін "Қазагроқаржы" ЖАҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту | | 1 000 000,0 | 2 000 000,0 | 2 000 000,0 |
| Жаңа | Мемлекеттік тапсырысты тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға орналастыру | | | 250 000,0 | 50 000,0 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Жаңа | | Ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс техникасын мемлекеттік тіркеу | | 47 598,1 | 45 905,75 | 44 510,45 |
| | | Өсімдіктерді қорғау және карантин | 2 982 777,0 | 3 497 380,1 | 3 284 693,3 | 3 131 984,3 |
| 033 | | Өсімдіктерді қорғау | 2 811 836,0 | 2 841 596,0 | 2 507 504,0 | 2 230 616,0 |
| | 030 | Ауыл шаруашылық дақылдарының ерекше қауіпті зиянкестері мен ауруларын анықтау мониторингі | 154 636,0 | 154 636,0 | 163 616,0 | 163 616,0 |
| | 031 | Өсімдіктерді жаппай зиянкестер мен аурулардан қорғау | 2 657 200,0 | 2 686 960,0 | 2 343 888,0 | 2 067 000,0 |
| 049 | | Карантинге жатқызылған өнімдерді зертханалық фитосанита. риялық талдау | 8 356,0 | 9 017,6 | 9 167,6 | 11 001,1 |
| | 030 | Республикалық карантиндік зертхана | 8 356,0 | 9 017,6 | 9 167,6 | 11 001,1 |
| 050 | | Дәнді дақылдардың импорттық тұқым материалдарын жерсіндіру- | 2 585,0 | 2 867,0 | 3 043,0 | 3 651,6 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | карантиндік тексеру | | | | |
| 030 | Республикалық жерсіндіру-карантиндік көшеттік | 2 585,0 | 2 867,0 | 3 043,0 | 3 651,6 |
| 068 | Ерекше қауіпті карантиндік зиянкестер мен арамшөптер ошақтарын жою | 160 000,0 | 508 738,0 | 629 827,0 | 750 000,0 |
| Жаңа | Республикалық фитосанита. риялық әдістемелік диагностика мен болжамдар орталығы | | 127 332,0 | 127 332,0 | 127 332,0 |
| Жаңа | Дәнді дақылдардың импорттық тұқым материалдарын жерсіндіру-карантиндік-бақылау | | 7 738,5 | 7 819,7 | 9 383,6 |
| | Дәнді дақылдардың Республикалық жерсіндіру-карантиндік көшеттігі | | 7 738,5 | 7 819,7 | 9 383,6 |
| Мал шаруашылығы | | 1 263 000,0 | 2 340 000,0 | 3 429 000,0 | 2 512 000,0 |
| 038 | Мал тұқымын асылдандыру ісін сақтау және дамыту | 763 000,0 | 840 000,0 | 929 000,0 | 1 012 000,0 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 088 | Мал шаруашылығы өнімдерін және олардың экспортын сатып алуға кредит беру | 500 000,0 | 1 500 000,0 | 2 500 000,0 | 1 500 000,0 |
| Ветеринария | | 1 676 418,0 | 2 886 006,2 | 3 513 410,6 | 4 764 702,0 |
| 034 | Мал ауруларының диагнозын қою | 569 541,0 | 1 233 506,2 | 1 289 410,0 | 1 482 822,0 |
| 030 | Республикалық ветеринариялық зертхана | 28 585,0 | 50 018,0 | 53 540,0 | 61 571,0 |
| 031 | Жануарлардың ауруларының диагностикасы | 540 956,0 | 1 183 488,2 | 1 235 870,6 | 1 421 251,0 |
| 035 | Эпизоотияға қарсы күрес | 1 050 000,0 | 1 500 000,0 | 2 000 000,0 | 3 024 280,0 |
| 066 | Ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының туберкулезіне және бруцеллезіне қарсы күрес | 34 800,0 | 32 500,0 | 74 000,0 | 85 100,0 |
| 067 | Жануарлар мен құстардың тез таралатын жұқ. палы ауруларының ошақтарын жою | 22 077,0 | 120 000,0 | 150 000,0 | 172 500,0 |
| Өңдеу өнеркәсібі | | | 935 000,0 | 1 525 000,0 | 2 105 000,0 |
| Жаңа | Ауыл шаруашылық өнімдерін ұқсататын кәсіпорындарға | | 500 000,0 | 1 000 000,0 | 1 500 000,0 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арналған құрал-жабдықтар лизингісі | | | | |
| Жаңа | Жабдықтар лизингісі бойынша пайыздық ставканы (7%) -өтеу | | 35 000,0 | 70 000,0 | 105 000,0 |
| Жаңа | Қайта өңдейтін кәсіпорындарға айналым қаражаттарын толықтыру үшін берілетін банкі кредитінің пайыздық ставкасын 15%-ға дейін жеңілдету | | 395 000,0 | 455 000,0 | 500 000,0 |
| Кредит берудің балама жүйесін құру | | 641 340,0 | 1 800 000,0 | 3 500 000,0 | 3 500 000,0 |
| 087 | Ауыл шаруашылық өндірісіне ауылдық кредит серіктестік. тері арқылы кредит беру | 641 340,0 | 735 000,0 | 1 379 000,0 | 1 379 000,0 |
| Жаңа | "Аграрлық кредит корпорациясы" ЖАҚ-ның және ауылдық кредит серіктестік. | | 65 000,0 | 121 000,0 | 121 000,0 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | терінің жарғылық қорын ұлғайту | | | | |
| Жаңа | | Ауыл шаруашылық өндірісін дүлей апаттардан ерікті сақтандыруды қолдау | | 1 000 000,0 | 2 000 000,0 | 2 000 000,0 |
| Мемлекеттік басқару қызметін қамтамасыз ету | | | 2 437 996,0 | 4 359 853,0 | 3 846 397,0 | 3 846 557,0 |
| 001 | | Әкімшілік шығыстар | 2 345 544,0 | 2 822 500,0 | 2 888 072,0 | 2 888 072,0 |
| | 001 | Орталық органның аппараты | 137 824,0 | 168 192,0 | 168 192,0 | 168 192,0 |
| | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | 2 207 720,0 | 2 654 308,0 | 2 719 880,0 | 2 719 880,0 |
| 010 | | Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау | 1 011,0 | 28 700,0 | 28 700,0 | 28 700,0 |
| | 05 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | 1 011,0 | 28 700,0 | 28 700,0 | 28 700,0 |
| 030 | | Ауыл шаруашылығы саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | 36 800,0 | 50 000,0 | 60 000,0 | 60 000,0 |
| 079 | | Лицензиарлардың | 19 458,0 | 19 458,0 | 19 458,0 | 19 458,0 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | функцияларын орындау | | | | |
| 500 | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараттық жүйелерін қоса жүргізу | 21 229,0 | 40 000,0 | 80 000,0 | 80 000,0 |
| 600 | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараттық жүйелерін құру | 13 954,0 | 119 300,0 | 120 000,0 | 120 000,0 |
| Жаңа | "Қазагромаркетинг" ЖАҚ ақпараттық-маркетингтік орталығын құру | | | | 460 000,0 |
| Жаңа | "Қазагрармелиосушар" әдістемелік орталығын ММ құру | | 10 000,0 | 10 000,0 | 10 000,0 |
| Жаңа | "Қазагрармелиосушар" әдістемелік орталығын материалдық-техникалық жағынан жарақтандыру ММ | | 2427,0 | 1177,0 | 411,0 |
| Жаңа | Ауылдық округтерде статистика | | 540 327,0 | 540 327,0 | 540 327,0 |

мамандарын ұстау

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Жаңа Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық басқару органдарына арнаулы автокөлік сатып алу | | 269 568,0 | 99 840,0 | 100 000,0 |
| Мемлекеттік мекемелерді материалдық-техникалық жарақтандыру | 59 098,0 | 261 502,1 | 496 273,6 | 130 225,0 |
| 200 Республикалық ветеринариялық зертхананы материалдық-техникалық жарақтандыру | 27 663,0 | 24 680,0 | 24 979,0 | 28 725,0 |
| 201 Ауыл шаруашылық дақылдарының сортын сынау жөніндегі мемкомиссияны материалдық-техникалық жарақтандыру | 7 649,0 | 28 966,9 | 399 036,7 | 30 700,0 |
| 202 Республикалық карантиндік зертхананы материалдық-техникалық жарақтандыру | 7 530,0 | 8 705,0 | 9 502,7 | 6 300,0 |
| 203 Жерсіндіру-карантиндік | 728,0 | 806,0 | 865,0 | 1 100,0 |

көшеттігін
материалдық-
техникалық
жарақтандыру
204 ГГМЭ-ны 15 528,0 28 300,0 32 000,0 33 500,0
материалдық-
техникалық
жарақтандыру
Жаңа Республикалық 141 966,2
фито-
санитариялық
диагностика
мен болжам.
дардың
әдістемелік
орталығын
материалдық-
техникалық
жарақтандыру
Жаңа Республикалық 3 078,0 4 890,2 4 900,0
дәнді дақыл.
дардың
жерсіндіру-
карантиндік
көшеттігін
материалдық-
техникалық
жарақтандыру
Жаңа Агрохимиялық 25 000,0 25 000,0 25 000,0
қызметтің
жаңадан
ұйымдастыры.
латын ғылыми-
әдістемелік
орталығын
материалдық-
техникалық
жарақтандыру

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Барлығы | | | 22 003 242,0 | 35 542 722,4 | 4 862 815,4 | 48 984 001,3 |
| Инвестициялық жобалар | | | 8 668 172,0 | 5 034 825,0 | 5 696 032,0 | 6 241 850,8 |
| 054 | | Ирригация және дренаж жүйелерін жетілдіру | 1 569 503,0 | 459 170,0 | | |
| | 080 | Жобаны сыртқы заемдардың есебінен іске асыру | 228 035,0 | 35 742,0 | | |
| | 081 | Жобаны ішкі көздердің есебінен іске асыру | 1 320 284,0 | 401 307,0 | | |
| | 101 | Жобаларды басқаруға ішкі көздерден көмек көрсету үшін жергілікті консультанттар көрсететін қызметтерді сатып алу | 21 184,0 | 22 121,0 | | |
| 055 | | Су ресурстарын басқаруды жетілдіру және жерді қалпына келтіру | 989 657,0 | 993 209,0 | 903 262,5 | 471 171,3 |
| | 080 | Жобаны сыртқы заемдардың есебінен іске асыру | 395 931,0 | 282 877,0 | 215 284,5 | 135 523,7 |
| | 081 | Жобаны ішкі көздердің есебінен іске асыру | 532 864,0 | 670 565,0 | 662 337,0 | 320 950,2 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 101 | Жобаларды басқаруға ішкі көздерден жәрдем көрсету үшін жергілікті консультанттар көрсететін қызметтерді сатып алу | 11 967,0 | 16 191,0 | 12 820,5 | 7861,4 |
| 102 | Құрылыс уақытында және ішкі көздерден қызмет көрсету мерзімінде егжей-тегжейлі жобалауды, техникалық қадағалауды жүзеге асыру үшін консультанттық қызметтер көрсетумен қамтамасыз ету | 48 895,0 | 23 667,0 | 12 820,5 | 6836 |
| 057 | Ауыл шаруашылығын жекешелендір. геннен кейінгі қолдау жөніндегі жоба | | 59 514,0 | | 4 830,0 |
| 080 | Жобаны сыртқы заемдардың есебінен іске асыру | | | 47 926,0 | |

081 Жобаны ішкі көздер есебінен іске асыру 4 706,0

101 Жобаларды басқаруға ішкі көздерден жәрдем көрсету үшін жергілікті консультанттар көрсететін қызметтерді сатып алу 6 882,0 4 830,0

**Несиелеу**

082 Ирригация және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасына кредит беру 4 171 108,0 306 222,0

080 Жобаны сыртқы заемдар есебінен іске асыру 4 171 108,0 306 222,0

083 Су ресурстарын басқаруды және жерді қалпына келтіруді жетілдіру жобасына кредит беру 1 085 292,0 1 284 136,0 1 176 655,5 519 365,1

080 Жобаны сыртқы заемдар есебінен іске асыру 1 085 292,0 1 284 136,0 1 176 665,5 519 365,1

086 Ауыл шаруашылығын жекешелен. діргеннен 793 098,0 172 922,0

кейінгі қолдау жөніндегі жобаға кредит беру

080 Жобаны сыртқы заемдар есебінен іске асыру 641 590,0 172 922,0

Қолданыстағы жобалар бойынша қорытынды: 8 668 172,0 3 220 489,0 2 079 918,0 990536,4

Жаңа жобалар

Жаңа Ауыл шаруашылығын жекешелендір. геннен кейінгі қолдау жөніндегі жобаға кредит беру - 2-кезең 1 207 500,0 1 248 750,0 1 452 650,0

Жобаны сыртқы заемдар есебінен іске асыру 1 207 500,0 1 248 750,0 1 452 650,0

Жаңа Ауыл шаруашылығын жекешелендір. геннен кейінгі қолдау жөніндегі жоба - 2-кезең 108 836,0 112 554,0 115 530,4

Жобаны сыртқы заемдар есебінен іске асыру 80 500,0 83 250,0 85 450,0

Жобаны ішкі 12 880,0 13 320,0 13 672,0

көздер есебінен іске асыру

Жобаларды басқаруға ішкі көздерден жәрдем көрсету үшін жергілікті консультанттар көрсететін қызметтерді сатып алу 15 456,0 15 984,0 16 408,4

Жаңа Ауылдық жерде кірістерді ұлғайту 832 500,0 1 709 000,0

Жобаны сыртқы заемдар есебінен іске асыру 832 500,0 1 709 000,0

Жаңа Қазақстанның ауыл шаруашылық өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру (ДҚДБ) 483 000,0 832 500,0 854 500,0

Жобаны сыртқы заемдар есебінен іске асыру 241 500,0 416 250,0 427 250,0

Жобаны ішкі көздер есебінен іске асыру 241 500,0 416 250,0 427 250,0

Жаңа "Қызылорда облысының ирригация-дренаж жүйелерін 15 000,0

жетілдіру және
су шаруашылығын
жақсарту"
жобасына
мемлекеттік
сараптама
жүргізу

Жобаны ішкі 15 000,0
көздер
есебінен
іске асыру

Жаңа Қызылорда 589 810,0 1 119 634,0
облысының
ирригация-
дренаж
жүйелерін
жетілдіру
және су
шаруашылығын
жақсарту

Жобаны сыртқы 589 810,0 1 119 634,0
заемдар
есебінен іске
асыру

Жаңа жобалар бойынша 1 814 336,0 3 616 114,0 5 251 314,4
қорытындысы:

Бюджеттік бағдарламалар 30 671 414,0 40 577 546,4 49 558 847,4 55 225 852,2
бойынша барлығы:

Жанама қолдау: 56 715 900,0 48 887 000,0 44 713 000,0 44 877 000,0

Жаңа Ауыл 1 300 000,0 1 750 000,0 350 000,0
шаруашылық
машиналарын
жасауды
дамытуға
кредит беру

Трансмиссия 600 000,0 1 400 000,0
өндірісін
ұйымдастыруға
кредит беру

Дизельдік 350 000,0
двигательдер
өндірісін
ұйымдастыруға
кредит беру

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қосалқы бөлшектер өндіруге кредит беру | | 350 000,0 | 350 000,0 | 350 000,0 |
| Сыртқы заемдар бойынша мемлекеттік кепілдіктер | 1 575 000,0 | 1 575 000,0 | 1 575 000,0 | 1 575 000,0 |
| Шаруа фермер қожалықтарына салық жеңілдіктері | 2 835 800,0 | 3 083 000,0 | 3 347 000,0 | 3 615 000,0 |
| Ауыл шаруашылық тауарын өндіруші заңды тұлғаларға салық жеңілдіктері | 11 540 100,0 | 12 420 000,0 | 13 500 000,0 | 14 796 000,0 |
| Мерзімі ұзартылған және мерзімі өтіп кеткен борыштар | 40 765 000,0 | 30 509 000,0 | 24 541 000,0 | 24 541 000,0 |

Қорытындысы 87 387 314,0
89 464 546,4
94 271 847,4
100 102 852,2

------------------------------------------------------------------------

(таблицаның жалғасы)

-------------------------------------------------------------------------------

Бағдарлама! Ескерту

-------------------------------------------------------------------------------

---------------------------------------------------------------------

